2020	1,48	20,00
2021	1,46	19,73
2022	1,35	18,24
2023	1,28	17,16
2024	1,25	16,96
Ескерту: Қазақстан Республикасы Ұлттық статистикасы бюросы деректері негізінде авторлармен құрастырылған, 2025.		

Маусымдылық коэффициенті туристік сұраныстың шарықтау кезеңдерінде қаншалықты шоғырланатынын сипаттайды және орналастыру орындарында қызмет көрсетілген келушілер саны туралы ресми ай сайынғы статистикалық деректер негізінде есептелді. Кадр тапшылығының көрсеткіші жұмыс берушілердің персоналға қатысты жабылмаған сұранысының үлесі ретінде қарастырылып, халықаралық тәжірибеде қолданылатын vacancy rate әдістемесіне сәйкес вакансиялар санының жұмыспен қамтылғандар мен вакансиялар қосындысына қатынасы арқылы анықталды.

Есептеулер Қазақстан Республикасы ұлттық статистика бюросы ресми деректеріне (stat.gov.kz) сүйене отырып орындалды, бұл нәтижелердің салыстырмалылығын қамтамасыз етеді және маусымдылықтың туристік саладағы еңбек нарығының шиеленісу деңгейіне ықпалын талдауға мүмкіндік береді.

Туристік ағынның маусымдылығы мен кадр тапшылығы арасындағы байланысты бағалау үшін Пирсонның корреляция коэффициенті қолданылды [22].

$$r = \frac{\sum(S_t - \overline{S})(D_t - \overline{D})}{\sqrt{\sum(S_t - \overline{S})^2}\sqrt{\sum(D_t - \overline{D})^2}} \quad (3)$$

Алынған нәтижелер туристік жүктеме (орналастыру орындарында қызмет көрсетілген келушілер саны) мен еңбек ресурстарына қажеттілік (персонал саны) арасында күшті, оң және статистикалық мәнді байланыс бар екенін көрсетеді*:* r = 0,85; p < 0,001 *(n = 20).* Бұл кадр тапшылығының экономикалық табиғатын растайды, яғни туристік қызметтерге сұраныстың артуы персоналға деген сұранысты күшейтіп, қолда бар кадрларға түсетін жүктемені арттырады. Осыған байланысты маусымдылық кадр тапшылығының негізгі экономикалық факторларының бірі ретінде қарастырылып, еңбек ресурстарын жоспарлау кезінде ерекше назар аударуды талап етеді. Атап айтқанда, уақытша еңбек мобильділігі тетіктерін енгізу, студенттерді өндірістік практикаға кеңінен тарту және басқа да икемді жұмыспен қамту шараларын қолдану маусымдық кезеңдердегі кадр тапшылығын төмендетудің ықтимал құралдары ретінде ұсынылады.

Қорытындылай келе, жүргізілген талдау Қазақстанның туристік саласында кадрлық ресурстардың құрылымдық тапшылығы бар екенін көрсетеді. Бұл тапшылық сандық тұрғыдан (жыл сайын ондаған мың бос жұмыс орнының толтырылмауы) және сапалық тұрғыдан (біліктіліктің төмендігі, негізгі лауазымдар үшін құзыретті мамандардың жетіспеуі) айқын байқалады. Аталған жағдайдың экономикалық себептері ретінде туристік сұраныстың жедел өсуі мен еңбек ұсынысының соған ілесе алмауы арасындағы теңгерімсіздік; еңбекақы деңгейінің төмендігі және жұмыспен қамтудың тұрақсыздығы нәтижесінде әлеуетті кадрлардың салаға келуге ынтасының төмендеуі; кадр даярлау жүйесінің индустрия қажеттіліктерімен жеткілікті деңгейде сәйкес келмеуі; сондай-ақ маусымдық және өңірлік ерекшеліктердің персоналды біркелкі қамтамасыз етуге кедергі келтіруі аталады.


Қорытынды

Қазақстан Республикасының туристік саласындағы кадр тапшылығы кешенді сипатқа ие және негізінен экономикалық факторлармен айқындалады. Туристік ағымның өсуі мен салаға бағытталған инвестициялар еңбек ресурстарының соған сай дамуына ілесе алмады, соның нәтижесінде жұмыс күшіне сұраныс пен ұсыныс арасында тұрақты алшақтық қалыптасты. Еңбекақы деңгейінің төмендігі және жеткілікті әлеуметтік кепілдіктердің болмауы туризм саласындағы жұмыстың экономиканың өзге секторларымен салыстырғандағы тартымдылығын төмендетеді. Маусымдық сипат жағдайды одан әрі күрделендіріп, жұмыспен қамту деңгейінің құбылмалылығын күшейтеді және маусым аяқталғаннан кейін персоналдың кетуіне әкеледі.

Қолданыстағы білім беру және кәсіби даярлау жүйесі индустрия қажеттіліктерін толық көлемде қанағаттандырмайды: мамандарды даярлау саны жағынан да, көп жағдайда сапасы жағынан да жеткіліксіз. Бұл профильдік білімі жоқ қызметкерлер үлесінің жоғары болуымен расталады. Өңірлік диспропорциялар, яғни туристік қызметтің жекелеген аймақтарда шоғырлануы салдарынан курорттық аумақтарда кадр тапшылығы ерекше өткір сезіледі, ал басқа өңірлерде көшуге дайын емес, толық пайдаланылмай отырған еңбек ресурстарының әлеуеті сақталуы мүмкін. Аталған факторлардың жиынтығы туристік қызмет көрсету сапасына және Қазақстанның туристік бағыт ретіндегі бәсекеге қабілеттілігіне теріс әсер етеді. Демек, кадр тапшылығының түпкі негізінде еңбекақы деңгейі, маусымдылық, өңірлік

ерекшеліктер және еңбек нарығындағы институционалдық олқылықтар сияқты экономикалық факторлар жатқандығы туралы гипотеза дәлелденді.

Жоғарыда аталған мәселелер ғылыми негізделген ұсынымдар әзірлеу қажеттілігін айғақтайды, бұл тек қана ағымдық жұмысшылар тапшылығын толықтыру мәселесі ғана емес, сонымен қатар туристік саладағы кадр тапшылығының құрылымдық себептерін жоюды көздеуі қажет. Осыған орай ұсынылатын ұсынымдардың ғылыми негізі 2-суретте көрсетіледі. Жалпы суретте кадр тапшылығын айқындайтын мәселелердің себеп-салдарлық байланысы, оны реттеу тетіктері бойынша ұсыныстар, оны жүзеге асыру мен күтілетін нәтижелер сипатталады.



Ескерту – зерттеулер қорытындысы негізінде авторлармен құрастырылған

Сурет 2 - Қазақстан Республикасының туристік саласын кадрлармен қамтамасыз етудің кешенді үлгісі

Ғылыми негіз ретінде job quality және decent work тұжырымдамасы, адами капитал теориясы, тұрақты жұмыспен қамтудың жүйелік тәсілі, аймақтық даму теориясы, сонымен қатар жұмыс беруші бренді (employer branding) тұжырымдары алынды. Мұндай кешенді тәсіл ұсынылған ұсынымдарды тек жалпы басқарушылық шаралар ретінде ғана қарастырып қана қоймай, кадр тапшылығы себептерін жоюға бағытталған, адами капиталды дамыту және елдің

туристік саласының кадрлық әлеуетін тұрақты арттыру бойынша ғылыми негізделген шешімдер жүйесі ретінде қарастырады. Ұсынылған модель туристік саладағы кадрлық саясаттың өзекті бағыттары бойынша тәжірибелік ұсынымдарды жүйелеуге мүмкіндік туғызады: жұмыс орындары сапасын арттыру, кадрларды дайындау және қайта даярлау жүйесін дамыту, маусымдылықтың теріс ықпалын төмендету, мамандарды ұстап қалудың аймақтық тетіктерін күшейту және туризм сферасындағы мамандықтар тартымдылығын арттыруға жол ашады.

Жалпы жүргізілген талдау қорытындылары негізінде кадр тапшылығын тек сандық тұрғыдан толықтыруды ғана көздемейтін, сонымен қатар жұмыспен қамту сапасын арттыру, кадрлар әлеуеті тұрақтылығын қамтамасыз ету және мемлекет, бизнес, білім беру жүйесінің институтциональдық үйлесімдігін қамтамасыз ететін кешенді тәжірибелік ұсынымдар ұсынылады.

Біріншіден, жұмыс орнының сапасын және саланың тартымдылығын арттыру (job quality). Кадр тапшылығын азайтудың базалық бағыты ретінде еңбекақының бәсекеге қабілеттілігін күшейту, жұмыспен қамтудың тұрақтылығын арттыру және еңбек жағдайларын жақсарту ұсынылады. Бұл бағыт ILO ұсынған decent work қағидаттарымен мазмұндық тұрғыда үйлеседі және қызметкерлерді ұзақ мерзімде ұстап қалуға мүмкіндік беретін институционалдық негіз қалыптастырады. Сонымен қатар ұйым деңгейінде retention тетіктерін күшейту маңызды: жалақыдан тыс ынталандырулар (әлеуметтік пакет, икемді жұмыс уақыты, тұрғын үйге қолдау), еңбек жүктемесін басқару, мансаптық траекторияны айқындау және нәтижеге байланысты бонус жүйелерін енгізу кадрлардың ағымдылығын төмендетуге ықпал етеді.

Екіншіден, даярлау және қайта даярлау жүйесін күшейту (skills, TVET, dual). Кадр тапшылығының сапалық қыры көбіне skills gap мәселесімен байланысты болғандықтан, білім беру бағдарламаларын еңбек нарығының нақты сұранысына бейімдеу қажет. Бұл үшін дуалды оқытуды кеңейту, өндірістік практиканың үлесін арттыру және оқыту мазмұнын цифрлық әрі «жасыл» құзыреттермен толықтыру ұсынылады. Қысқа форматтағы upskilling/reskilling бағдарламалары мен микроквалификацияларды (micro-credentials) енгізу кадрларды жедел даярлау мүмкіндігін арттырады, алайда олардың тиімділігі оқу нәтижелерін тану және сапаны қамтамасыз ету тетіктеріне тәуелді болып табылады.

Үшіншіден, маусымдылық әсерін төмендету және кадрларды маусымаралық кезеңде ұстап қалу. Маусымдылық туризмде жұмыспен қамтудың тұрақсыздығын күшейтіп, кадр тапшылығы тәуекелін арттыратын негізгі жүйелі факторлардың бірі. Сондықтан жыл бойғы туризмді дамыту (MICE, фестивальдер, сауықтыру-шипажай қызметтері және өзге де маусымнан тыс өнімдер) арқылы тұрақты жұмыспен қамту үлесін арттыру маңызды. Кәсіпорын деңгейінде кадрлық резерв қалыптастыру, маусымаралық кезеңде қызметкерлермен тұрақты байланыс орнату және келесі маусымға қайта тарту механизмдерін жүйелеу ұсынылады. Қосымша шара ретінде жастарды маусымдық жұмысқа тартудың ұйымдастырылған бағдарламалары (жолақы/тұрғын үй қолдауы) маусымдық кадрлық тапшылықты жедел жабуға және салаға кадр ағынын тұрақтандыруға ықпал ете алады.

Төртіншіден, **өң**ірлік саясат және жергілікті кадрларды ұстап қалу.

Өңірлерде кадр тапшылығы еңбек мобильділігі мен тұрғын үй шығындары сияқты факторлар арқылы күшейетіндіктен, туристік әлеуеті жоғары аумақтарда нысаналы өңірлік шаралар қажет. Олардың қатарында жергілікті оқыту хабтарын дамыту, дуалды оқыту мен мақсатты

мемлекеттік тапсырысты өңірлік қажеттілікке сәйкестендіру, жас мамандарды ұстап қалуға бағытталған ынталандыру пакеттерін (көтермеақы, тұрғын үй/жатақхана, тәлімгерлік) енгізу ұсынылады. Сонымен қатар бос орындар жәрмеңкелері мен тағылымдамалар арқылы түлектерді нақты жұмыс берушілермен тікелей байланыстыру өңірлік еңбек нарығындағы сәйкессіздікті қысқартуға мүмкіндік береді.

Бесіншіден, еңбек жағдайын жақсарту және мамандық имиджін көтеру (employer branding). Кадр тапшылығы жағдайында саланың тартымдылығы жалақы деңгейімен қатар әлеуметтік пакет, икемділік, оқыту мүмкіндіктері, кәсіби мойындау және HR тәжірибелер арқылы күшейтіледі. Сондықтан қызметкерлер жетістіктерін мойындау, кәсіби конкурстар, менторлық бағдарламалар, жас қызметкерлерге арналған айқын мансаптық траектория және материалдық емес ынталандыру тетіктерін енгізу орынды. Білім беру сапасын институционалдық қолдаудың мысалы ретінде UN Tourism TedQual секілді сертификаттау жүйелері оқу бағдарламаларының сапасын арттыруға бағытталған тиімді құрал ретінде қарастырылуы мүмкін.

Осылайша, ұсынылған ұсынымдар қолданбалы сипатта орын алады, себебі нақты жүзеге асыру субьектілеріне бағытталған, атап айтқанда мемлекеттік органдар, туристік кәсіпорындар, білім беру ұйымдары және аймақтық даму институттары. Аталған шаралардың тәжірибеде іс-жүзінде жүзеге асырылуы кадрлар жетіспеушілігін жекелеген шаралар арқылы шешуге ұмтылудан туристік салада адами капиталды қалыптастыру, бөлу және ұстап қалудың жүйелі моделіне көшуге мүмкіндік туғызады. Сонымен қатар, ұсынылған шаралар халықаралық ұйымдардың (OECD, ILO/ILOSTAT, UNESCO-UNEVOC, HOTREC, Eurofound) туризмдегі еңбек нарығы және кадр саясаты бойынша ұсынымдарымен мазмұндық тұрғыда үйлеседі және Қазақстанның туризм саласын дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында көзделген кадрлық қамтамасыз етуді жетілдіру, әрі қызмет сапасын арттыру мақсаттарын іске асыруға бағытталған практикалық негізді қалыптастырады.

Ұсынылған шараларды іске асыру тиімді үйлестіруді талап етеді. Мемлекет уәкілетті органдар арқылы (Туризм және спорт министрлігі, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі) бизнес және білім беру секторымен өзара іс-қимылды жүйелейтін ынтымақтастық платформасының бастамашысы болуы тиіс. Қазіргі таңда жүзеге асырылып жатқан қадамдар оқуға бөлінетін гранттар санын арттыру, мамандандырылған жоғары оқу орындарын ашу, туристік инфрақұрылымға инвестициялар тарту проблеманы шешуге белгілі бір институционалдық негіз қалыптастырады. Алайда туристік саладағы адами капиталға жеткілікті инвестиция салынбайынша, аталған күш-жігер күтілетін нәтижеге толық жеткізбейді. Сала өсімі тек туристер саны мен инвестициялар көлемі арқылы ғана емес, жергілікті халықтың жұмыспен қамтылуының артуы, кадр ауыс-түйісінің төмендеуі, туристердің сервис сапасына қанағаттану деңгейінің өсуі сияқты көрсеткіштермен де өлшенуі қажет. Кадр тапшылығы мәселесін шешу Қазақстанға туристік әлеуетін толық іске асыруға, қонақтарға көрсетілетін қызмет сапасын арттыруға және әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Министерство туризма и спорта Республики Казахстан. Туристическая отрасль Казахстана демонстрирует устойчивую динамику развития [Электронный ресурс]. – 2026. – URL: https://www.gov.kz/memleket/entities/tsm/press/news/details/898663?lang=ru.

2. Послание Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана «Казахстан

в эпоху искусственного интеллекта: актуальные задачи и их решения через цифровую трансформацию» [Электронный ресурс] // Официальный сайт Президента Республики Казахстан. – 2025. – URL: https://www.akorda.kz/ru/.

3. OECD. OECD Tourism Trends and Policies 2024 [Electronic resource]. – Paris : OECD Publishing, 2024. – URL: https://www.oecd.org/content/dam/oecd/en/publications/reports/2024/07/oecd-tourism-trends-and-policies-2024_17ff33a3/80885d8b-en.pdf.

4. ILOSTAT. Tourism Jobs in the Aftermath of the Pandemic: Skills and Labour in Short Supply [Electronic resource]. – 2025. – URL: https://ilostat.ilo.org/tourism-jobs-in-the-aftermath-of-the-pandemic-skills-and-labour-in-short-supply/.

5. WTTC. WTTC Report Shows Travel & Tourism Set to Support 91 Million New Jobs by 2035 [Electronic resource]. – 2025. – URL: https://wttc.org/news/wttc-report-shows-travel-and-tourism-set-to-support-91mn-new-jobs-by-2035.

6. World Economic Forum. Travel & Tourism Development Index 2024 [Electronic resource]. – Geneva : World Economic Forum, 2024. – URL: https://www3.weforum.org/docs/WEF_Travel_and_Tourism_Development_Index_2024.pdf.

7. International Labour Office. ILO Guidelines on Decent Work and Socially Responsible Tourism [Electronic resource]. – Geneva : ILO, 2017. – URL: https://www.ilo.org/resource/other/ilo-guidelines-decent-work-and-socially-responsible-tourism.

8. Eurofound. Company Practices to Tackle Labour Shortages [Electronic resource]. – Luxembourg : Publications Office of the European Union, 2024. – URL: https://assets.eurofound.europa.eu/f/279033/2b5d25b919/ef24020en.pdf.

9. Ghani B., Zada M., Memon K. R., Ullah R., Khattak A., Han H., Ariza-Montes A., Araya-Castillo L. Challenges and Strategies for Employee Retention in the Hospitality Industry: A Review // Sustainability. – 2022. – Vol. 14, No. 5. – Art. 2885. – DOI: 10.3390/su14052885.

10. Kilson G. A. Optimizing Employee Attraction and Retention in Hospitality and Tourism: A Systematic Review of Employer Branding Research // Administrative Sciences. – 2025. – Vol. 15, No. 5. – Art. 153. – DOI: 10.3390/admsci15050153.

11. Saito H., Brozović D., Baum T. Well-being of Hospitality Employees: A Systematic Literature Review // International Journal of Hospitality Management. – 2025. – Vol. 124. – Art. 103955. – DOI: 10.1016/j.ijhm.2024.103955.

12. Ferdian F., Hanafiah M. H., Suyuthie H., Wulansari N., Putra T. Organizational HR Practices and Employee Retention in Hotels: The Moderating Role of Co-worker Influence and Market Turbulence // International Journal of Organization Theory & Behavior. – 2025. – EarlyCite. – DOI: 10.1108/IJOTB-11-2024-0229.

13. UN Tourism. UNWTO TedQual Certification System [Electronic resource]. – URL: https://www.untourism.int/unwto-tedqual-certification-system.

14. HOTREC. Labour Shortages in the Hospitality Sector: Forward-thinking and Practices Sharing [Electronic resource]. – Brussels : HOTREC, 2022. – URL: https://www.hotrec.eu/media/static/files/import/wp_post_48505/Labour-shortages-in-the-hospitality-sector-.pdf.

15. Правительство Республики Казахстан. Постановление Правительства Республики Казахстан от 28 марта 2023 года № 262 «Об утверждении Концепции развития туристской отрасли Республики Казахстан на 2023–2029 годы» [Электронный ресурс]. – URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000262.

16. Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан. Основные показатели развития туризма в Республике Казахстан (2003–2025) [Электронный ресурс]. – 2026. – URL: https://stat.gov.kz/api/iblock/element/5940/file/ru/.

17. Кужубаева М. В Казахстане 70 % работников туризма не имеют профильного образования [Электронный ресурс] // Inform.kz (Kazinform). – 27 сент. 2025. – URL: https://www.inform.kz/ru/v-kazahstane-70-rabotnikov-turizma-ne-imeyut-profilnogo-obrazovaniya-7cdbf6.

18. Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан. О выборочном обследовании въездных посетителей (2025 года) [Электронный ресурс]. – 2026. – URL: https://stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-tourism/spreadsheets/.

19. Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан. Среднемесячная номинальная заработная плата работников по структуре фонда заработной платы в разрезе видов экономической деятельности (2018–2025): динамические ряды [Электронный ресурс]. – 2026. – URL: https://stat.gov.kz/ru/industries/labor-and-income/stat-wags/dynamic-tables/.

20. Abdullayeva A., Aktymbayeva B., Bekakhmet G. Problems and Promising Directions for the Development of the Hotel Sector in Almaty // Bulletin of the International University of Tourism and Hospitality. – 2025. – No. 3(9). – P. 50–65. – DOI: 10.62867/3007-0848.2025-3.05.

21. Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан. О деятельности мест размещения в Республике Казахстан (за январь–декабрь 2024 года) [Электронный ресурс]. – 2025. – URL: https://stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-tourism/spreadsheets/.

22. U.S. Bureau of Labor Statistics. Job Openings and Labor Turnover Survey (JOLTS): Calculation [Electronic resource]. – 2025. – URL: https://www.bls.gov/opub/hom/jlt/calculation.htm

REFERENCES

1. Ministerstvo turizma i sporta Respubliki Kazakhstan. Turisticheskaya otrasl' Kazakhstana demonstriruet ustoichivuyu dinamiku razvitiya [Tourism Industry of Kazakhstan Demonstrates Sustainable Growth] [Electronic resource]. – 2026. – URL: https://www.gov.kz/memleket/entities/tsm/press/news/details/898663?lang=ru.

2. Poslanie Glavy gosudarstva Kasym-Zhomarta Tokaeva narodu Kazakhstana «Kazakhstan v epokhu iskusstvennogo intellekta: aktual'nye zadachi i ikh resheniya cherez tsifrovuyu transformatsiyu» [Address of the Head of State Kassym-Jomart Tokayev to the People of Kazakhstan "Kazakhstan in the Era of Artificial Intelligence: Current Challenges and Their Solutions through Digital Transformation"] [Electronic resource] // Official website of the President of the Republic of Kazakhstan. – 2025. – URL: https://www.akorda.kz/ru/.

3. OECD. OECD Tourism Trends and Policies 2024 [Electronic resource]. – Paris: OECD Publishing, 2024. – URL: https://www.oecd.org/content/dam/oecd/en/publications/reports/2024/07/oecd-tourism-trends-and-policies-2024_17ff33a3/80885d8b-en.pdf.

4. ILOSTAT. Tourism Jobs in the Aftermath of the Pandemic: Skills and Labour in Short Supply [Electronic resource]. – 2025. – URL: https://ilostat.ilo.org/tourism-jobs-in-the-aftermath-of-the-pandemic-skills-and-labour-in-short-supply/.

5. WTTC. WTTC Report Shows Travel & Tourism Set to Support 91 Million New Jobs by 2035 [Electronic resource]. – 2025. – URL: https://wttc.org/news/wttc-report-shows-travel-and-tourism-set-to-support-91mn-new-jobs-by-2035.

6. World Economic Forum. Travel & Tourism Development Index 2024 [Electronic resource]. – Geneva: World Economic Forum, 2024. – URL: https://www3.weforum.org/docs/WEF_Travel_and_Tourism_Development_Index_2024.pdf.

7. International Labour Office. ILO Guidelines on Decent Work and Socially Responsible Tourism [Electronic resource]. – Geneva: ILO, 2017. – URL: https://www.ilo.org/resource/other/ilo-guidelines-decent-work-and-socially-responsible-tourism.

8. Eurofound. Company Practices to Tackle Labour Shortages [Electronic resource]. – Luxembourg: Publications Office of the European Union, 2024. – URL: https://assets.eurofound.europa.eu/f/279033/2b5d25b919/ef24020en.pdf.

9. Ghani B., Zada M., Memon K. R., Ullah R., Khattak A., Han H., Ariza-Montes A., Araya-Castillo L. Challenges and Strategies for Employee Retention in the Hospitality Industry: A Review // Sustainability. – 2022. – Vol. 14, No. 5. – Art. 2885. DOI: 10.3390/su14052885.

10. Kilson G. A. Optimizing Employee Attraction and Retention in Hospitality and Tourism: A Systematic Review of Employer Branding Research // Administrative Sciences. – 2025. – Vol. 15, No. 5. – Art. 153. DOI: 10.3390/admsci15050153.

11. Saito H., Brozović D., Baum T. Well-being of Hospitality Employees: A Systematic Literature Review // International Journal of Hospitality Management. – 2025. – Vol. 124. – Art. 103955. DOI: 10.1016/j.ijhm.2024.103955.

12. Ferdian F., Hanafiah M. H., Suyuthie H., Wulansari N., Putra T. Organizational HR Practices and Employee Retention in Hotels: The Moderating Role of Co-worker Influence and Market Turbulence // International Journal of Organization Theory & Behavior. – 2025. – EarlyCite. DOI: 10.1108/IJOTB-11-2024-0229.

13. UN Tourism. UNWTO TedQual Certification System [Electronic resource]. – URL: https://www.untourism.int/unwto-tedqual-certification-system.

14. HOTREC. Labour Shortages in the Hospitality Sector: Forward-thinking and Practices Sharing [Electronic resource]. – Brussels: HOTREC, 2022. – URL: https://www.hotrec.eu/media/static/files/import/wp_post_48505/Labour-shortages-in-the-hospitality-sector-.pdf.

15. Pravitel'stvo Respubliki Kazakhstan. Postanovlenie Pravitel'stva Respubliki Kazakhstan ot 28 marta 2023 goda № 262 «Ob utverzhdenii Kontseptsii razvitiya turistskoi otrasli Respubliki Kazakhstan na 2023–2029 gody» [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan No. 262 of March 28, 2023 "On Approval of the Concept for the Development of the Tourism Industry of the Republic of Kazakhstan for 2023–2029"] [Electronic resource]. – URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000262.

16. Byuro natsional'noi statistiki Agentstva po strategicheskomu planirovaniyu i reformam Respubliki Kazakhstan. Osnovnye pokazateli razvitiya turizma v Respublike Kazakhstan (2003–2025) [Main Indicators of Tourism Development in the Republic of Kazakhstan (2003–2025)] [Electronic resource]. – 2026. – URL: https://stat.gov.kz/api/iblock/element/5940/file/ru/.

17. Kuzhubaeva M. V Kazakhstane 70 % rabotnikov turizma ne imeyut profil'nogo obrazovaniya [In Kazakhstan, 70% of Tourism Employees Have No Specialized Education] [Electronic resource] // Inform.kz (Kazinform). – 27 Sept. 2025. – URL: https://www.inform.kz/ru/v-kazahstane-70-rabotnikov-turizma-ne-imeyut-profilnogo-obrazovaniya-7cdbf6.

18. Byuro natsional'noi statistiki Agentstva po strategicheskomu planirovaniyu i reformam Respubliki Kazakhstan. O vyborochnom obsledovanii v"ezdnykh posetitelei (2025 goda) [Sample Survey of Inbound Visitors (2025)] [Electronic resource]. – 2026. – URL: https://stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-tourism/spreadsheets/.

19. Byuro natsional'noi statistiki Agentstva po strategicheskomu planirovaniyu i reformam Respubliki Kazakhstan. Srednemesyachnaya nominal'naya zarabotnaya plata rabotnikov po strukture fonda zarabotnoi platy v razreze vidov ekonomicheskoi deyatel'nosti (2018–2025): dinamicheskie ryady [Average Monthly Nominal Wages by Economic Activity (2018–2025): Time Series] [Electronic resource]. – 2026. – URL: https://stat.gov.kz/ru/industries/labor-and-income/stat-wags/dynamic-tables/.

20. Abdullayeva A., Aktymbayeva B., Bekakhmet G. Problems and Promising Directions for the Development of the Hotel Sector in Almaty // Bulletin of the International University of Tourism and Hospitality. – 2025. – No. 3(9). – P. 50–65. DOI: 10.62867/3007-0848.2025-3.05.

21. Byuro natsional'noi statistiki Agentstva po strategicheskomu planirovaniyu i reformam Respubliki Kazakhstan. O deyatel'nosti mest razmeshcheniya v Respublike Kazakhstan (za yanvar'–dekabr' 2024 goda) [Accommodation Establishments in the Republic of Kazakhstan (January–December 2024)] [Electronic resource]. – 2025. – URL: https://stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-tourism/spreadsheets/.

22. U.S. Bureau of Labor Statistics. Job Openings and Labor Turnover Survey (JOLTS): Calculation [Electronic resource]. – 2025. – URL: https://www.bls.gov/opub/hom/jlt/calculation.htm

С. НАХИПБЕКОВА PhD, қауымдастырылған профессор Халықаралық туризм және меймандостық университеті, (Қазақстан, Түркістан) E-mail: nahypbekova.symbat@iuth.edu.kz	**Б. АЛЬМУХАМБЕТОВА** Экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Халықаралық туризм және меймандостық университеті, (Қазақстан, Түркістан) E-mail: almukhambetova.botagoz@iuth.edu.kz
К. АБДИБАЕВА Аға оқытушы, Халықаралық туризм және меймандостық университеті (Қазақстан, Түркістан) E-mail: kamila.abdibayeva@iuth.edu.kz	**Т. КУРМАНАЛИЕВА** Магистр оқытушы, Халықаралық туризм және меймандостық университеті, (Қазақстан, Түркістан) E-mail: tansholpan.kurmanalieva@iuth.edu.kz

11.01.2026 ж. баспаға түсті
11.06.2026ж. түзетулермен келді
30.06.2026ж. басып шығаруға қабылданды

S. NAKHIPBEKOVA[1]✉, B. ALMUKHAMBETOVA[1], K. ABDIBAEVA[1], T. KURMANALIYEVA[1]

[1]International University of Tourism and Hospitality
(Kazakhstan, Turkistan), E-mail: nahypbekova.symbat@iuth.edu.kz

ANALYSIS OF ECONOMIC FACTORS SHAPING LABOR SHORTAGES IN KAZAKHSTAN'S TOURISM INDUSTRY

Abstract. *This study investigates the economic factors associated with labor shortages in Kazakhstan's tourism industry. As tourism demand expands and competition among destinations*

intensifies, staffing constraints have become a systemic challenge, reducing service quality and constraining the sustainable development of tourism products. The objective is to identify the key economic determinants of labor shortages and to assess their implications for workforce provision in the sector. The analysis draws on official statistics of the Republic of Kazakhstan, including wage indicators and regional data on accommodation establishments (employment, seasonal employment, and the volume of visitors served). Methods include descriptive statistics and interregional comparisons, the construction of a staff workload measure (visitors served per employee), and correlation analysis to examine the relationship between tourism intensity and labor demand. The findings indicate that sectoral wages are generally below the economy-wide average, while seasonality and regional disparities adversely affect workforce stability. The study provides practical recommendations to improve job attractiveness, mitigate seasonal staffing risks, and strengthen training and retraining mechanisms aligned with industry needs.

Keywords: *tourism industry, labor market, labor shortage, economic determinants, workforce provision, Republic of Kazakhstan.*

С. НАХИПБЕКОВА[1]✉, Б. АЛЬМУХАМБЕТОВА[1], К. АБДИБАЕВА[1], Т. КУРМАНАЛИЕВА[1]

[1]Международный университет туризма и гостеприимства
(Казахстан, Туркестан), E-mail: nahypbekova.symbat@iuth.edu.kz

АНАЛИЗ ЭКОНОМИЧЕСКИХ ФАКТОРОВ ФОРМИРОВАНИЯ ДЕФИЦИТА КАДРОВ В ТУРИСТСКОЙ ОТРАСЛИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Аннотация. *В статье рассматриваются экономические факторы, формирующие дефицит кадров в туристской отрасли Республики Казахстан. На фоне расширения туристского спроса и усиления конкуренции между дестинациями кадровые ограничения становятся системной проблемой, они ухудшают качество сервиса и сдерживают устойчивое развитие туристского продукта.* Цель исследования - *определить ключевые экономические факторы кадрового дефицита и оценить их влияние на кадровое обеспечение отрасли. Эмпирическую основу составили официальные статистические данные Республики Казахстан, такие как показатели оплаты труда и сведения о деятельности средств размещения (уровень занятости, сезонная занятость, объём обслуживания посетителей), проанализированные в региональном разрезе. В исследовании применены методы описательной статистики и межрегионального сопоставления, рассчитан показатель нагрузки на персонал (число обслуженных посетителей в расчёте на одного работника), а также выполнен корреляционный анализ для оценки связи между туристской нагрузкой и потребностью в трудовых ресурсах. Результаты показывают, что оплата труда в отрасли в целом уступает среднему уровню по экономике, а сезонность и региональная неоднородность негативно отражаются на кадровой устойчивости. Практическая значимость работы заключается в обосновании рекомендаций по повышению привлекательности рабочих мест, снижению сезонных кадровых рисков и совершенствованию механизмов подготовки и переподготовки персонала с учётом запросов туристского бизнеса.*

Ключевые слова: *туристская отрасль, рынок труда, дефицит кадров, экономические факторы, кадровое обеспечение, Республика Казахстан.*

МҒТАР 06.71.57 https://www.doi.org/10.62867/3007-0848.2026-2.12
ӘОЖ 338.48:659.1:004.9

А. БАЙМАХАНОВА[1], Г. АСКАРОВА[2]✉, Р. АБИШЕВА[3], М. ҮНДІБАЕВА[3]
[1]Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, (Қазақстан, Шымкент)
[2]Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
(Қазақстан, Ақтөбе), E-mail: gaskarova@zhubanov.edu.kz
[3]Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, (Қазақстан, Алматы)

БЕЙНЕКОНТЕНТТІҢ ӨҢІРЛІК ТУРИЗМНІҢ ТАРТЫМДЫЛЫҒЫНА ӘСЕРІ: ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ МЫСАЛЫНДА ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЗЕРТТЕУ

Аңдатпа. *Зерттеудің мақсаты – Түркістан облысы туралы бейнеконтенттің әлеуетті туристердің өңірдің туристік тартымдылығын қабылдауына және саяхат жасау ниетіне әсерін эксперименттік әдіс негізінде бағалау. Зерттеу сандық әдіснамаға негізделіп, бір топқа арналған «дейін–кейін» (pre-test/post-test) эксперименттік дизайн арқылы жүргізілді. Деректер Google Forms платформасы арқылы жиналып, зерттеуге Түркістан облысына қызығушылық танытқан 120 әлеуетті турист қатысты. Статистикалық өңдеу IBM SPSS Statistics 27 бағдарламасында жүргізіліп, сипаттамалық статистика, сенімділік пен валидтілікті бағалау, жұпталған Стьюденттің t-тесті және Пирсонның корреляциялық талдауы қолданылды. Зерттеу нәтижелері бейнероликті көргеннен кейін респонденттердің өңірдің туристік тартымдылығын бағалауы, өңір туралы жағымды қабылдауы және саяхат жасау ниеті статистикалық тұрғыдан мәнді түрде артқанын көрсетті ($p < 0,001$). Сонымен қатар бейнеконтенттің сапасы, өңір туралы қабылдау, саяхат жасау ниеті және туристік тартымдылық арасында күшті оң корреляциялық байланыстар анықталды. Алынған нәтижелер өңірлік туризмді цифрлық маркетинг құралдары арқылы дамытуға ғылыми негіз қалыптастырып, туристік ұйымдар мен өңірлік басқару органдарының цифрлық маркетинг стратегияларын жетілдіруде практикалық маңызға ие.*

Кілт сөздер: *бейнеконтент, цифрлық маркетинг, өңірлік туризм, туристік тартымдылық, туристік дестинация, саяхат жасау ниеті, Түркістан облысы, эксперименттік зерттеу.*

Кіріспе

*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз: Баймаханова А., Аскарова Г., Абишева Р., Үндібаева М. Бейнеконтенттің өңірлік туризмнің тартымдылығына әсері: Түркістан облысы мысалында эксперименттік зерттеу // Bulletin of the International University of Tourism and Hospitality. – 2026. – No. 2(12). – Б. 188–210. https://www.doi.org/10.62867/3007-0848.2026-2.12

*Cite us correctly: Baymakhanova A., Askarova G., Abisheva R., Undibayeva M. Beinekontenttin onirlik turizmnin tartymdylygyna aseri: Turkistan oblysy mysalynda eksperimenttik zertteu [The Impact of Video Content on Regional Tourism Attractiveness: An Experimental Study Based on the Turkistan Region] // Bulletin of the International University of Tourism and Hospitality. – 2026. – No. 2(12). – P. 188–210. https://www.doi.org/10.62867/3007-0848.2026-2.12

Туризм экономиканың тұрақты дамуына ықпал ететін, өңірлердің инвестициялық және әлеуметтік әлеуетін арттыруға мүмкіндік беретін маңызды салалардың бірі болып саналады. Соңғы онжылдықта цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы туристік қызметтерді жылжыту тәсілдерін айтарлықтай өзгертті. Әсіресе әлеуметтік желілер мен цифрлық платформалардың кең таралуы туристік ақпаратты таратуда бейнеконтенттің маңызын арттырды. Бүгінде әлеуетті туристер саяхат бағытын таңдауда ресми жарнамадан гөрі YouTube, TikTok, Instagram сияқты платформаларда жарияланған бейнероликтерге көбірек сүйенеді. Мұндай контент дестинация туралы ақпарат беріп қана қоймай, көрерменнің эмоциялық қабылдауына әсер етіп, саяхат жасауға деген қызығушылығын қалыптастырады [1–8].

Туризм саласындағы цифрлық маркетингтің дамуына байланысты бейнеконтент туристік дестинацияларды танытудың тиімді құралы ретінде қарастырыла бастады. Қысқа форматтағы бейнероликтер тарихи-мәдени мұраны, табиғи ландшафттарды, ұлттық дәстүрлерді және туристік инфрақұрылымды көрнекі түрде таныстыру арқылы өңірдің тартымды бейнесін қалыптастырады. Ғылыми зерттеулерде бейнероликтердің шығармашылық мазмұны, эмоциялық әсері, техникалық сапасы және ақпаратты ұсыну тәсілі туристердің дестинацияға деген көзқарасына, саяхат жасау ниетіне және туристік мінез-құлқына тікелей ықпал ететіні дәлелденген [1–8; 21–32].

Әлемдік туризм индустриясында цифрлық коммуникациялардың маңызы жыл сайын артып келеді. UN Tourism ұйымының мәліметтері бойынша халықаралық туристердің басым бөлігі саяхат туралы шешім қабылдамас бұрын интернеттегі бейне материалдармен және әлеуметтік желілердегі жарияланымдармен танысады [12; 40]. Осыған байланысты көптеген мемлекеттер ұлттық және өңірлік туристік өнімдерді цифрлық маркетинг құралдары арқылы насихаттауға ерекше көңіл бөлуде.

Қазақстанда да туризмді экономиканың басым бағыттарының бірі ретінде дамытуға мемлекеттік деңгейде жүйелі қолдау көрсетілуде. Туризм саласын дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында туристік өнімдерді цифрлық технологиялар арқылы ілгерілету, өңірлік туристік брендтерді қалыптастыру және халықаралық туристік нарықтағы бәсекеге қабілеттілікті арттыру негізгі міндеттердің бірі ретінде белгіленген [33]. Сонымен қатар Туризм және спорт министрлігі мен Ұлттық статистика бюросының деректері елімізде ішкі және келу туризмінің тұрақты өсіп келе жатқанын көрсетеді [14–17; 34–35]. Бұл жағдай өңірлердің туристік әлеуетін заманауи цифрлық құралдар арқылы тиімді таныстыру қажеттілігін айқындайды.

Қазақстанның тарихи-мәдени және рухани орталықтарының бірі болып саналатын Түркістан облысы соңғы жылдары туристік инфрақұрылымды дамыту және халықаралық деңгейде танымал туристік орталыққа айналу бағытында қарқынды дамып келеді. Өңірде ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енген Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, ежелгі Сауран қалашығы, табиғи және мәдени туризм нысандары шоғырланған. Сонымен қатар соңғы жылдары туристерге арналған жаңа инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылып, өңірдің туристік әлеуеті айтарлықтай артты [13–17].

Соған қарамастан, Түркістан облысының туристік әлеуетін бейнеконтент арқылы насихаттаудың тиімділігі және оның әлеуетті туристердің өңірге деген қызығушылығына ықпалы жеткілікті деңгейде зерттелмеген. Шетелдік ғылыми еңбектерде бейнероликтердің туристік шешім қабылдауға әсері жан-жақты қарастырылғанымен [1–8; 21–32], Қазақстан жағдайында, әсіресе Түркістан облысы мысалында жүргізілген эмпирикалық зерттеулер саны өте аз. Отандық авторлардың еңбектерінде негізінен цифрлық маркетингтің туризмге ықпалы,

әлеуметтік желілердің рөлі және туристік дестинациялардың цифрлық имиджін қалыптастыру мәселелері қарастырылғанымен [18–20; 36–39], бейнеконтенттің өңірдің туристік тартымдылығына ықпалын эксперименттік әдіс арқылы бағалау мәселесі жеткілікті зерттелмеген.

Осы ғылыми олқылық аталған зерттеудің өзектілігін айқындайды.

Сонымен қатар Түркістан облысы Қазақстандағы қарқынды дамып келе жатқан туристік дестинациялардың бірі болғанымен, өңірлік туристік брендті қалыптастыруда цифрлық бейнеконтенттің тиімділігіне қатысты эмпирикалық дәлелдер жеткіліксіз. Осыған байланысты туристік бейнероликтердің әлеуетті туристердің қабылдауына нақты әсерін бағалау өңірлік туризмді басқару және цифрлық маркетинг стратегияларын жетілдіру үшін маңызды ғылыми әрі практикалық міндет болып табылады.

Зерттеудің мақсаты – Түркістан облысы туралы бейнероликтің әлеуетті туристердің өңірдің туристік тартымдылығын қабылдауына және саяхат жасау ниетіне әсерін эксперименттік әдіс негізінде бағалау.

Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды:

- бейнеконтенттің туристік маркетингтегі рөліне қатысты ғылыми әдебиеттерді талдау;
- Түркістан облысының туристік әлеуетін танытатын бейнеролик негізінде эксперименттік зерттеу жүргізу;
- респонденттердің бейнероликті көргенге дейінгі және кейінгі пікірлерін салыстыру;
- бейнеконтенттің туристік тартымдылықты қалыптастырудағы ықпалын статистикалық тұрғыдан бағалау;
- өңірлік туризмді цифрлық маркетинг құралдары арқылы дамытуға бағытталған практикалық ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы Түркістан облысының туристік тартымдылығына бейнеконтенттің ықпалын эксперименттік «дейін–кейін» (pre-test/post-test) әдісі арқылы бағалауымен және өңірлік туризмді цифрлық форматта ілгерілетудің тиімділігін эмпирикалық деректер негізінде негіздеуімен сипатталады.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы оның нәтижелерін өңірлік туризм басқармалары, туристік ақпараттық орталықтар және туристік ұйымдар цифрлық маркетинг стратегияларын әзірлеу барысында пайдалана алуымен сипатталады. Сонымен қатар зерттеу нәтижелері әлеуметтік желілерге арналған туристік бейнероликтердің мазмұнын жетілдіруге ғылыми негіз бола алады.

Әдебиеттерге шолу

Туризмді ілгерілетудегі бейнеконтенттің рөлі

Цифрлық технологиялардың дамуы туристік маркетингтің дәстүрлі тәсілдерін түбегейлі өзгертті. Туристік ұйымдар мен дестинацияларды басқарушы мекемелер әлеуетті туристердің назарын аудару үшін әлеуметтік желілер мен бейне платформаларды белсенді қолдана бастады. Әсіресе қысқа форматтағы бейнероликтер ақпаратты жылдам әрі көрнекі түрде жеткізуімен ерекшеленіп, туристік дестинацияларды таныстырудың тиімді құралына айналды [9–12].

Маркетинг теориясында туристік өнімнің ерекшелігі оның материалдық емес сипатымен түсіндіріледі. Турист саяхатқа шыққанға дейін дестинацияны толық бағалай алмайды, сондықтан шешім қабылдау кезінде визуалды ақпаратқа сүйенеді. Осы тұрғыдан алғанда бейнеконтент туристік тәжірибені алдын ала сезінуге мүмкіндік беретін маңызды коммуникациялық құрал ретінде қарастырылады [10; 11]. Сонымен қатар цифрлық

маркетингтің дамуымен бірге бейнематериалдар өңірдің имиджін қалыптастыруда, брендтік танымалдылығын арттыруда және әлеуетті туристермен эмоционалдық байланыс орнатуда маңызды рөл атқарады [31; 32].

Соңғы жылдары жүргізілген зерттеулер туристік бейнероликтердің тек ақпараттық емес, сонымен қатар эмоциялық ықпалға ие екенін көрсетеді. Dias және Lavaredas туристік жарнамалық бейнероликтердің шығармашылық деңгейі, эмоциялық әсері және техникалық сапасы дестинацияға деген оң көзқарасты қалыптастырудың негізгі факторлары екенін дәлелдеген [26]. Осыған ұқсас қорытынды Wang және әріптестерінің зерттеуінде де алынған. Авторлар бейнероликтің құрылымы, визуалды композициясы және дыбыстық элементтері саяхат жасау ниетіне тікелей әсер ететінін анықтаған [24].

Жоғарыда қарастырылған зерттеулер бейнеконтенттің туристік өнімді таныстырудағы тиімді коммуникациялық құралға айналғанын көрсетеді. Дегенмен көптеген еңбектер бейнероликтердің жалпы маркетингтік тиімділігіне бағытталғанымен, олардың өңірлік туристік тартымдылыққа ықпалын эксперименттік тәсіл арқылы бағалау жеткілікті деңгейде қарастырылмаған.

Бейнеконтенттің туристік шешім қабылдауға әсері

Ғылыми әдебиеттерде туристердің саяхатқа қатысты шешім қабылдау үдерісінде бейнеконтенттің ықпалын түсіндіретін бірнеше теориялық бағыт қалыптасқан. Соңғы зерттеулердің басым бөлігі жоспарланған мінез-құлық теориясына (Theory of Planned Behavior) және ақпаратты ықтимал өңдеу моделіне (Elaboration Likelihood Model) негізделеді.

Li мен Rui жүргізген зерттеу қысқа форматтағы бейнероликтердің туристердің саяхат жасау ниетін қалыптастыруда маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Авторлардың пікірінше, сапалы дайындалған бейне адамның дестинация туралы көзқарасын өзгертіп қана қоймай, нақты саяхат жасауға деген ниетін күшейтеді [2]. Guo және әріптестері де туристік бейнероликтердің ақпараттық мазмұны, көркемдік ерекшеліктері және эмоциялық әсері пайдаланушылардың туристік мінез-құлқына оң ықпал ететінін анықтаған [1].

Сонымен қатар туристік бейнероликтердің тиімділігі тек визуалды бейнемен ғана шектелмейді. Zhou мен Jiao зерттеуінде бейнероликтегі фондық музыканың мазмұнмен үйлесімді болуы көрерменнің эмоциялық қабылдауын күшейтіп, саяхат жасау ықтималдығын арттыратыны дәлелденген [23]. Bu және әріптестері тікелей эфир форматындағы бейнеконтенттің де туристердің қызығушылығын арттыруға және саяхатқа қатысты шешім қабылдауына әсер ететінін көрсеткен [25].

Осылайша, халықаралық зерттеулер бейнеконтенттің туристердің саяхат жасау ниетіне елеулі әсер ететінін дәлелдейді. Алайда мұндай зерттеулердің басым бөлігі Қытай, Еуропа және басқа да ірі туристік нарықтарда жүргізілген. Қазақстан жағдайында бұл бағыттағы эмпирикалық зерттеулер өте аз.

Туристік дестинация имиджін қалыптастырудағы цифрлық медианың маңызы

Туристік тартымдылықты қалыптастыруда дестинация имиджі негізгі факторлардың бірі болып табылады. Kim мен Stepchenkova дестинация туралы қалыптасқан оң имидж туристердің сапарға шығу ниетімен және кейінгі мінез-құлқымен тығыз байланысты екенін атап көрсетеді [29]. Сондықтан көптеген елдер туристік бренд қалыптастыруда цифрлық медиа мүмкіндіктерін кеңінен пайдалануда.

Әлеуметтік желілердегі пайдаланушылар жасаған бейнеконтенттің де ықпалы жоғары. Zaim және әріптестері қолданушылар жариялаған бейнематериалдар ресми жарнамалық роликтерге қарағанда сенімдірек қабылданатынын және әлеуетті туристердің белгілі бір дестинацияға бару ықтималдығын арттыратынын анықтаған [27]. Ал Sigala әлеуметтік

желілердегі пайдаланушылардың белсенділігі туристік ұйымдар мен аудитория арасында тұрақты коммуникация орнатуға мүмкіндік беретінін көрсетеді [28].

Gao және әріптестері бейнероликтерде дестинацияны эмоциялық тұрғыдан «жандандыру» (destination anthropomorphism) көрерменнің туристік қызығушылығын күшейтетінін дәлелдеген [21]. Chen және әріптестері гидтің қатысуымен түсірілген қысқа туристік бейнероликтер көрермендердің шабыттануына және саяхат жасау ниетінің қалыптасуына оң әсер ететінін көрсеткен [22].

Бұл нәтижелер туристік дестинация имиджінің цифрлық медианың көмегімен қалыптасатынын және сапалы бейнеконтенттің өңірдің халықаралық деңгейдегі танымалдылығын арттыруда маңызды рөл атқаратынын көрсетеді.

Қазақстандағы цифрлық туризмді зерттеу және ғылыми олқылық

Қазақстанда туризмді цифрлық технологиялар арқылы дамыту мәселелері соңғы жылдары ғылыми қауымдастықтың назарын аудара бастады. Отандық зерттеулерде цифрлық маркетингтің туристік қызметтерді ілгерілетудегі рөлі, әлеуметтік желілердің туристік шешім қабылдауға әсері және туристік дестинациялардың цифрлық имиджін қалыптастыру мәселелері қарастырылған [19; 20; 37–39]. Сонымен қатар ішкі туризмді дамыту, өңірлік туристік әлеуетті пайдалану және мемлекеттік қолдау тетіктері бойынша бірқатар ғылыми еңбектер жарияланған [18; 36].

Дегенмен жүргізілген әдебиеттерге талдау көрсеткендей, отандық зерттеулердің басым бөлігі цифрлық маркетингті жалпы сипатта қарастырады. Түркістан облысының туристік тартымдылығына бейнеконтенттің әсерін нақты эксперименттік әдіс арқылы бағалайтын еңбектер анықталған жоқ. Сондай-ақ бейнероликті көргенге дейінгі және кейінгі қабылдау өзгерістерін салыстыруға негізделген эмпирикалық зерттеулер де жеткіліксіз.

Осыған байланысты аталған зерттеу халықаралық ғылыми тәжірибеде кеңінен қолданылатын эксперименттік тәсілді пайдалана отырып, Түркістан облысы туралы бейнероликтің әлеуетті туристердің өңірге деген көзқарасы мен саяхат жасау ниетіне ықпалын бағалауға бағытталған. Бұл зерттеу Қазақстандағы өңірлік туризмді цифрлық маркетинг құралдары арқылы дамытуға қатысты ғылыми білімді толықтыруға және практикалық ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік береді.


Зерттеудің концептуалдық моделі

Жүргізілген әдебиеттерге талдау туристік бейнеконтенттің саяхат жасау ниетіне және туристік дестинацияны қабылдауға ықпал ететін бірнеше негізгі факторлардың бар екенін көрсетті. Көптеген зерттеулерде бейнероликтің мазмұны, визуалды сапасы, эмоциялық әсері және ақпараттық құндылығы туристердің өңір туралы көзқарасын қалыптастыратын маңызды элементтер ретінде қарастырылады [1; 2; 4; 24]. Сонымен қатар туристік дестинацияның жағымды имиджі мен оған деген қызығушылықтың артуы саяхат жасау ниетінің қалыптасуына тікелей әсер ететіні анықталған [21; 22; 29].

Маркетинг теориясында тұтынушының мінез-құлқы бірнеше өзара байланысты кезеңдер арқылы қалыптасады. Алдымен адам белгілі бір ақпаратты қабылдайды, кейін сол ақпарат негізінде эмоциялық және когнитивтік бағалау жүргізеді, содан кейін ғана нақты әрекет жасауға немесе шешім қабылдауға бейімделеді [10; 11]. Туризм саласында бұл үдеріс бейнеконтент арқылы айқын көрінеді. Сапалы дайындалған бейнеролик көрерменнің назарын аударып қана қоймай, өңірдің жағымды бейнесін қалыптастырады және туристік қызығушылықты күшейтеді.

Осы зерттеуде жоғарыда қарастырылған теориялық тұжырымдамалар мен халықаралық ғылыми еңбектердің нәтижелері негізінде зерттеудің концептуалдық моделі ұсынылды. Модельде бейнеконтенттің сапасы туристердің өңір туралы қабылдауына әсер етеді, ал өңір туралы қалыптасқан жағымды пікір саяхат жасау ниетінің артуына ықпал етеді. Өз кезегінде саяхат жасау ниеті өңірдің туристік тартымдылығын қабылдаудың маңызды көрсеткіші ретінде қарастырылады.

Зерттеудің концептуалдық моделі 1-суретте көрсетілген.



1-сурет – Зерттеудің концептуалдық моделі

Ұсынылған модель негізінде зерттеудің келесі гипотезасы қалыптастырылды:

H1: Түркістан облысы туралы бейнероликті көру респонденттердің өңірдің туристік тартымдылығы туралы пікіріне оң әсер етеді.

Қосымша түрде келесі жұмыс гипотезалары ұсынылады:

H2: Бейнеконтенттің жоғары сапасы өңір туралы жағымды көзқарастың қалыптасуына оң әсер етеді.

H3: Өңір туралы жағымды қабылдау саяхат жасау ниетінің артуына ықпал етеді.

H4: Саяхат жасау ниетінің артуы өңірдің туристік тартымдылығын жоғары бағалауға әсер етеді.

Ұсынылған концептуалдық модель зерттеудің әдістемелік негізін құрайды және сауалнама сұрақтарын әзірлеуде, сондай-ақ алынған эмпирикалық нәтижелерді статистикалық талдауда басшылыққа алынды.

Ұсынылған концептуалдық модель зерттеудің барлық кезеңдерінде әдіснамалық негіз ретінде пайдаланылды және сауалнама құрылымын әзірлеуге, айнымалылар арасындағы өзара байланыстарды бағалауға және статистикалық талдау жүргізуге бағыт берді.

Зерттеу әдістемесі

Зерттеу сандық әдіснамаға негізделген эмпирикалық сипаттағы эксперименттік зерттеу ретінде ұйымдастырылды. Зерттеудің негізгі мақсаты – бейнеконтенттің Түркістан облысының туристік тартымдылығын қабылдауға және әлеуетті туристердің өңірге саяхат

жасау немесе оны болашақ туристік бағыт ретінде таңдауға деген ниетіне ықпалын анықтау болды. Осы мақсатқа жету үшін бір топқа арналған «дейін–кейін» (one-group pre-test–post-test) эксперименттік дизайны қолданылды.

Бұл дизайн респонденттердің бейнематериалды көргенге дейінгі және көргеннен кейінгі пікірлерін салыстыру арқылы бейнеконтенттің ықпалын бағалауға мүмкіндік береді. Әдістің басты артықшылығы – зерттеу барысында барлық қатысушылардың бірдей ақпараттық материалмен танысуы және бағалау нәтижелерінің тікелей салыстырылуы.

Эксперимент үш кезең бойынша ұйымдастырылды. Бірінші кезеңде респонденттер Google Forms платформасы арқылы ұсынылған сауалнаманың бірінші бөлігін толтырды. Бұл бөлімде олардың Түркістан облысы туралы ақпараттану деңгейі, туристік тартымдылыққа берген бағасы, өңірге қатысты бастапқы көзқарасы және болашақта Түркістан облысына саяхат жасау ниеті анықталды.

Екінші кезеңде қатысушыларға Google Forms платформасына енгізілген Түркістан облысының туристік әлеуетін кешенді түрде таныстыратын компиляциялық бейнеролик ұсынылды. Барлық респонденттер бірдей бейнематериалды онлайн форматта толық қарап шықты, бұл эксперимент жағдайларының біркелкілігін қамтамасыз етті.

Үшінші кезеңде бейнеролик көрсетілгеннен кейін қатысушылар сауалнаманың екінші бөлігін толтырды. Бұл кезеңде олардың бейнероликтің мазмұнына берген бағасы, өңір туралы көзқарасының өзгеруі, саяхат жасау ниеті және Түркістан облысының туристік тартымдылығына қатысты пікірлері қайта бағаланды. Алынған мәліметтер бастапқы нәтижелермен салыстырылып, статистикалық өңдеуден өткізілді.

Зерттеу материалы

Эксперимент барысында Түркістан облысының туристік әлеуетін кешенді түрде таныстыру мақсатында арнайы құрастырылған компиляциялық бейнеролик пайдаланылды. Бейнематериал YouTube платформасында ашық қолжетімді бірнеше бейнероликтен алынған үзінділерді біріктіру арқылы дайындалды. Бейнеүзінділерді іріктеу барысында олардың техникалық сапасы, ақпараттық мазмұны, көрнекілігі және зерттеу мақсатына сәйкестігі негізгі критерийлер ретінде қарастырылды.

Компиляциялық бейнероликтің жалпы ұзақтығы шамамен 5 минутты құрады. Бейне материалды құрастыру кезінде Түркістан облысының туристік әлеуетін жан-жақты көрсетуге ерекше назар аударылды. Осыған байланысты тарихи-мәдени мұра, зиярат туризмі, экологиялық туризм, этнографиялық туризм және заманауи туристік инфрақұрылым элементтері тең дәрежеде қамтылды.

Бейнероликтің алғашқы бөлігінде Түркістан қаласының тарихи-мәдени нысандары көрсетілді. Атап айтқанда, Қазақстанның ғана емес, күллі түркі әлемінің рухани орталығы саналатын Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы, Рабия Сұлтан Бегім кесенесі және Түркістан қаласының тарихи келбеті бейнеленді.

Зиярат туризмі бағытында Арыстан баб кесенесі, Домалақ ана кесенесі және өңірдегі қасиетті орындардың көріністері енгізілді. Бұл нысандардың мәдени және рухани маңызы қысқаша визуалды көріністер арқылы көрсетілді.

Тарихи туризмді таныстыру мақсатында бейнероликке Отырар қалашығы мен Сауран қалашығының археологиялық кешендері енгізілді. Сонымен қатар ежелгі қалалардың қорғаныс қабырғалары, тарихи ескерткіштері және археологиялық қазба жұмыстарының көріністері көрсетілді.

Табиғи туризм бағыты бойынша Ақсу-Жабағылы мемлекеттік табиғи қорығы, Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, Қаратау жотасының табиғи ландшафттары, Ақмешіт

әулие үңгірі, Шардара су қоймасы және көктем мезгіліндегі қызғалдақ алқаптары қамтылды. Бейнероликте өңірдің табиғи байлығы, биоалуантүрлілігі және экологиялық туризм мүмкіндіктері көрнекі түрде көрсетілді.

Сонымен қатар өңірдің этномәдени ерекшеліктерін көрсету мақсатында қазақ халқының ұлттық тағамдары, қолөнер бұйымдары, ұлттық киімдер, қолөнершілердің жұмысы және мәдени фестивальдерден көріністер енгізілді.

Бейнероликтің қорытынды бөлімінде Түркістан қаласының заманауи туристік инфрақұрылымы, оның ішінде «Керуен Сарай» туристік кешені, қонақ үйлер, демалыс аймақтары, ойын-сауық нысандары және кешкі жарықтандырылған Түркістан қаласының көріністері көрсетілді.

Бейнеүзінділер логикалық бірізділікпен орналастырылып, тарихи мұрадан қазіргі туристік инфрақұрылымға дейінгі даму кезеңдерін қамтитын тұтас мазмұндық құрылым қалыптастырылды. Бұл респонденттердің Түркістан облысының туристік әлеуеті туралы жан-жақты көзқарас қалыптастыруына мүмкіндік берді.

Компиляциялық бейнеролик Full HD (1920×1080) форматында дайындалып, жалпы ұзақтығы шамамен 5 минутты құрады. Бейнематериалда қазақ және ағылшын тілдеріндегі титрлер, фондық музыкалық сүйемелдеу және кәсіби монтаж элементтері пайдаланылды.

Эксперимент барысында барлық қатысушыларға Google Forms платформасына енгізілген дәл осы бірдей компиляциялық бейнеролик онлайн форматта ұсынылды, бұл зерттеу нәтижелерінің объективтілігі мен салыстырмалылығын қамтамасыз етті.

Зерттеуге қатысушылар және деректерді жинау тәртібі

Зерттеуге Түркістан облысына саяхат жасауға қызығушылық танытқан 120 әлеуетті турист қатысты. Іріктеу барысында ықтималдық емес қолжетімді іріктеу (convenience sampling) әдісі қолданылды. Зерттеуге қатысу толықтай ерікті болды және барлық қатысушылар зерттеудің мақсаты туралы алдын ала ақпараттандырылды.

Деректерді жинау 2025 жылдың маусым–тамыз айлары аралығында онлайн форматта жүргізілді. Сауалнама Google Forms платформасында әзірленіп, оның сілтемесі әлеуметтік желілер мен түрлі цифрлық коммуникация арналары арқылы таратылды. Зерттеуге Түркістан облысына саяхат жасауға қызығушылық танытқан әлеуетті туристер қатысты.

Сауалнама Google Forms платформасы арқылы онлайн форматта жүргізілді. Әрбір қатысушыға зерттеудің мақсаты түсіндіріліп, сауалнамаға қатысу ерікті түрде ұсынылды. Респонденттерге алдымен сауалнаманың бірінші бөлігін (pre-test) толтыру тапсырылды. Бұл кезеңде олардың Түркістан облысы туралы бастапқы пікірі мен туристік тартымдылыққа берген бағасы анықталды.

Зерттеу барысында әрбір қатысушыдан ақпараттандырылған келісім алынды. Сауалнама толықтай анонимді түрде жүргізіліп, алынған деректер тек ғылыми мақсатта пайдаланылды.

Бастапқы сауалнама аяқталғаннан кейін қатысушылар Google Forms платформасына енгізілген компиляциялық бейнероликті толық қарап шықты. Барлық респонденттер бейнематериалды көріп болғаннан кейін сауалнаманың екінші бөлігін (post-test) толтырды. Екінші бөлімде бейнероликтің мазмұны, сапасы, өңірге деген қызығушылықтың өзгеруі, Түркістан облысына болашақта бару ықтималдығы және оны басқа адамдарға ұсыну ниеті бағаланды.

Зерттеу барысында тек сауалнаманы толық аяқтаған респонденттердің жауаптары ғана статистикалық өңдеуге енгізілді. Толық толтырылмаған сауалнамалар, сондай-ақ қайталанған жауаптар талдау нәтижелеріне қосылған жоқ. Google Forms платформасында жиналған барлық деректер IBM SPSS Statistics бағдарламасына экспортталып, кейін статистикалық

өңдеуден өткізілді.

Зерттеу құралы

Зерттеу барысында деректерді жинаудың негізгі құралы ретінде авторлар әзірлеген құрылымдалған онлайн сауалнама қолданылды. Сауалнама Google Forms платформасында әзірленіп, халықаралық ғылыми әдебиеттерде кеңінен пайдаланылған туристік дестинацияның имиджін, туристердің саяхат жасау ниетін, цифрлық бейнеконтенттің тиімділігін және туристік тартымдылықты бағалауға арналған валидтелген өлшемдер негізінде әзірленіп, зерттеу мақсатына сәйкес бейімделді [1; 2; 4; 21; 29]. Сауалнама сұрақтарын әзірлеу барысында Түркістан облысының туристік ерекшеліктері, зерттеудің мақсаты және эксперименттік дизайны ескерілді.

Сауалнама Google Forms платформасы арқылы екі кезеңде онлайн форматта толтырылды. Бірінші кезеңде респонденттер бейнероликті көргенге дейінгі бастапқы пікірлерін бағаласа, екінші кезеңде дәл сол респонденттер бейнероликті толық көргеннен кейін сауалнаманың келесі бөлігін толтырды. Мұндай тәсіл бейнеконтенттің респонденттердің туристік қабылдауына ықпалын тікелей бағалауға мүмкіндік берді.

Сауалнама жалпы 22 сұрақтан тұрды және төрт бөлімге бөлінді.

Бірінші бөлім респонденттердің әлеуметтік-демографиялық сипаттамаларын анықтауға арналды. Бұл бөлімде жынысы, жасы, білімі, тұрғылықты жері, Түркістан облысына бару тәжірибесі және саяхаттау жиілігі туралы сұрақтар қамтылды.

Екінші бөлімде респонденттердің бейнероликті көруге дейінгі Түркістан облысына қатысты бастапқы көзқарастары анықталды. Бұл бөлімде өңір туралы ақпараттану деңгейі, туристік тартымдылыққа берген бағасы және алдағы уақытта Түркістан облысына баруға деген ниеті бағаланды.

Үшінші бөлім бейнеролик көрсетілгеннен кейін толтырылды. Мұнда респонденттер бейнероликтің визуалды сапасын, ақпараттық мазмұнын, эмоционалдық әсерін, өңірдің тарихи-мәдени және табиғи мұрасын таныстыру деңгейін, сондай-ақ бейнематериалдың Түркістан облысына саяхат жасау ниетіне ықпалын бағалады.

Төртінші бөлімде қатысушыларға Түркістан облысының туристік әлеуетіне қатысты жалпы пікірін білдіруге мүмкіндік беретін бір ашық сұрақ ұсынылды. Ашық жауаптар зерттеу нәтижелерін сапалық тұрғыдан толықтыру мақсатында пайдаланылды.

Негізгі бағалау сұрақтары бес балдық Лайкерт шкаласы бойынша өлшенді, мұнда 1 – «мүлдем келіспеймін», 2 – «келіспеймін», 3 – «бейтараптын», 4 – «келісемін», 5 – «толықтай келісемін» мәндерін білдірді. Лайкерт шкаласын қолдану респонденттердің пікірін сандық түрде бағалауға және статистикалық талдау жүргізуге мүмкіндік берді.

Зерттеу басталғанға дейін сауалнама мазмұны туризм және маркетинг саласындағы мамандардың қатысуымен сараптамалық бағалаудан өткізілді. Сарапшылардың ұсыныстары негізінде жекелеген тұжырымдардың мазмұны нақтыланып, сауалнаманың соңғы редакциясы қалыптастырылды.

Зерттеу айнымалылары және оларды өлшеу

Зерттеудің теориялық моделі төрт негізгі айнымалыдан тұрды: бейнеконтенттің сапасы, өңір туралы қабылдау, саяхат жасау ниеті және өңірдің туристік тартымдылығы.

Бейнеконтенттің сапасы бейнематериалдың көрнекілігі, ақпараттық мазмұны, эмоционалдық әсері және жалпы тартымдылығы арқылы бағаланды. Бұл өлшемдер Dias және Lavaredas [4], Wang және әріптестері [24] ұсынған тәсілдер негізінде бейімделді.

Өңір туралы қабылдау айнымалысы Түркістан облысының тарихи-мәдени мұрасы, табиғи ресурстары, туристік инфрақұрылымы, қауіпсіздігі және жалпы имиджі туралы

пікірлер арқылы өлшенді. Бұл көрсеткіштер Kim және Stepchenkova [29] еңбегіне сүйене отырып қалыптастырылды.

Саяхат жасау ниеті респонденттердің Түркістан облысына болашақта баруға деген ықыласы, өңірді басқа адамдарға ұсыну ниеті және болашақта өңірге саяхат жасау ықтималдығы арқылы бағаланды. Бұл көрсеткіштер Guo және әріптестері [1] мен Li және Rui [2] еңбектерінде қолданылған өлшемдерге негізделді.

Өңірдің туристік тартымдылығы қатысушылардың Түркістан облысын туристік бағыт ретінде жалпы бағалауы, өңірге деген қызығушылығы және оның туристік әлеуеті туралы пікірлері арқылы анықталды.

1-кесте – Зерттеу айнымалылары және оларды өлшеу көрсеткіштері

Айнымалы	**Индикаторлар саны**	**Дереккөз**
Бейнеконтенттің сапасы	4	Dias & Lavaredas (2024); Wang et al. (2025)
Өңір туралы қабылдау	4	Kim & Stepchenkova (2023)
Саяхат жасау ниеті	3	Guo et al. (2025); Li & Rui (2025)
Өңірдің туристік тартымдылығы	4	Morrison (2024); Hudson (2022)

Зерттеуде пайдаланылған сауалнама төрт негізгі латентті айнымалыны өлшеуге бағытталды. Әрбір айнымалы бірнеше индикаторлар арқылы бағаланды. Сауалнама сұрақтары халықаралық ғылыми әдебиеттерде қолданылған валидтелген шкалалар негізінде бейімделіп, Түркістан облысының туристік ерекшеліктерін ескере отырып әзірленді. Барлық тұжырымдар 5 балдық Лайкерт шкаласы бойынша бағаланды (1 – «мүлдем келіспеймін», 5 – «толықтай келісемін»).

Олардың 7-уі әлеуметтік-демографиялық мәліметтерді жинауға арналса, 15 тұжырым зерттеудің негізгі конструкцияларын өлшеуге пайдаланылды.

2-кесте – Сауалнама құрылымы және өлшеу индикаторлары

Өлшенетін конструкт (Construct)	**Код**	**Сұрақ (Item)**
Бейнеконтенттің сапасы (Video Quality)	VQ1	Бейнероликтің визуалды сапасы жоғары болды.
	VQ2	Бейнеролик Түркістан облысының туристік әлеуетін анық көрсетті.
	VQ3	Бейнеролик қызықты әрі эмоционалды әсер қалдырды.
	VQ4	Бейнероликтің мазмұны ақпараттық тұрғыдан пайдалы болды.
Өңір туралы қабылдау (Destination Image)	DI1	Түркістан облысы туристік жағынан тартымды өңір деп есептеймін.
	DI2	Өңірдің тарихи-мәдени мұрасы ерекше әсер қалдырды.
	DI3	Түркістан облысының табиғи ресурстары туристер үшін қызықты.
	DI4	Түркістан облысының жалпы туристік имиджі оң деп бағалаймын.

Жалғасы келесі бетте...

2-кестенің жалғасы

Саяхат жасау ниеті (Travel Intention)	TI1	Болашақта Түркістан облысына саяхат жасағым келеді.
	TI2	Түркістан облысын демалыс бағыты ретінде қарастырамын.
	TI3	Түркістан облысына баруды достарыма немесе туыстарыма ұсынар едім.
Өңірдің туристік тартымдылығы (Regional Tourism Attractiveness)	RA1	Түркістан облысының туристік әлеуеті жоғары.
	RA2	Өңір туристер үшін тартымды бағыт болып табылады.
	RA3	Түркістан облысы басқа өңірлермен салыстырғанда қызықты туристік бағыт деп санаймын.
	RA4	Түркістан облысы туристік бағыт ретінде тартымды деп есептеймін.

Әрбір конструкция бойынша бірнеше индикаторлардың орташа мәні есептеліп, кейінгі статистикалық талдауларда (сенімділікті бағалау, факторлық талдау, корреляциялық талдау және жұпталған t-тест) пайдаланылды. Индикаторлардың кодтары (VQ, DI, TI, RA) статистикалық өңдеу барысында айнымалыларды сәйкестендіру мақсатында қолданылды.

Сонымен қатар пилоттық зерттеу барысында сауалнама 20 респонденттің қатысуымен алдын ала апробациядан өткізілді. Алынған пікірлер негізінде жекелеген сұрақтардың редакциясы нақтыланып, соңғы нұсқасы қалыптастырылды.

Деректерді статистикалық өңдеу

Google Forms платформасы арқылы жиналған сауалнама нәтижелері Microsoft Excel форматына экспортталып, кейін IBM SPSS Statistics 27 бағдарламасының көмегімен статистикалық өңдеуден өткізілді. Алдымен сипаттамалық статистика жүргізіліп, респонденттердің әлеуметтік-демографиялық құрылымы жиілік (Frequency), пайыздық үлес (%), орташа мән (Mean) және стандартты ауытқу (Standard Deviation) көрсеткіштері арқылы сипатталды.

Зерттеуде қолданылған сауалнаманың психометриялық қасиеттерін бағалау мақсатында оның сенімділігі мен құрылымдық валидтілігі тексерілді. Сауалнаманың ішкі келісімділігі Cronbach's Alpha коэффициенті арқылы бағаланды. Талдау нәтижесінде сауалнаманың жалпы сенімділік коэффициенті α = 0,914 болды, бұл сауалнаманың жоғары деңгейдегі ішкі сәйкестігін көрсетті.

Жекелеген шкалалар бойынша алынған Cronbach's Alpha коэффициенттері төмендегідей болды:

Айнымалы	**Cronbach's Alpha**
Бейнеконтенттің сапасы	0,887
Өңір туралы қабылдау	0,903
Саяхат жасау ниеті	0,865
Өңірдің туристік тартымдылығы	0,891

Барлық көрсеткіштердің 0,80-нен жоғары болуы сауалнама шкалаларының сенімділігі жоғары екенін және олардың әрі қарайғы статистикалық талдау үшін жарамды екенін көрсетті.

Сауалнаманың құрылымдық валидтілігін анықтау үшін эксплораторлық факторлық талдау (Exploratory Factor Analysis – EFA) жүргізілді. Деректердің факторлық талдау жүргізуге жарамдылығы Kaiser–Meyer–Olkin (KMO) көрсеткіші мен Bartlett сфералық критерийі арқылы бағаланды.

Талдау нәтижесінде KMO = 0,903 мәні алынды. Бұл көрсеткіш 0,90-нан жоғары болғандықтан, іріктеменің факторлық талдау жүргізуге өте жоғары деңгейде жарамды екенін көрсетті. Bartlett сфералық критерийінің нәтижесі де статистикалық тұрғыдан мәнді болды (χ^2 = 1468,327; df = 231; p < 0,001). Осы нәтижелер сауалнама құрылымының факторлық талдау талаптарына сәйкес келетіндігін дәлелдеді.

Негізгі компоненттер әдісі (Principal Component Analysis) және Varimax айналдыру әдісі қолданылып, теориялық модельде ұсынылған төрт фактор толық расталды. Барлық сұрақтардың факторлық жүктемелері 0,684–0,912 аралығында болды, бұл әрбір индикатордың тиісті факторды сенімді өлшейтінін көрсетті. Ешбір сұрақтың факторлық жүктемесі 0,50-ден төмен болмағандықтан, сауалнама құрылымынан сұрақтарды алып тастау қажеттілігі туындаған жоқ.

Зерттеу айнымалыларының конвергенттік жарамдылығын қосымша бағалау мақсатында Composite Reliability (CR) және Average Variance Extracted (AVE) көрсеткіштері есептелді.

Айнымалы	**CR**	**AVE**
Бейнеконтенттің сапасы	0,911	0,721
Өңір туралы қабылдау	0,926	0,757
Саяхат жасау ниеті	0,894	0,684
Өңірдің туристік тартымдылығы	0,918	0,738

Барлық айнымалылар бойынша CR> 0,70 және AVE> 0,50 болғандықтан, өлшеу моделінің конвергенттік валидтілігі талаптарға сәйкес деп бағаланды.

Бейнеконтентті көруге дейінгі және кейінгі бағалаулар арасындағы айырмашылықтарды анықтау үшін жұпталған Стьюденттің t-критерийі (Paired Samples t-test) қолданылды. Талдау нәтижелері бейнероликті көргеннен кейін респонденттердің Түркістан облысының туристік тартымдылығына берген бағасының статистикалық тұрғыдан мәнді түрде артқанын көрсетті (t = 8,742; p <0,001).

Сонымен қатар бейнеконтенттің сапасы мен саяхат жасау ниеті, өңір туралы қабылдау және туристік тартымдылық арасындағы өзара байланыстарды анықтау үшін Пирсонның корреляциялық талдауы жүргізілді. Талдау нәтижелері бейнеконтенттің сапасы мен өңір туралы қабылдау арасында күшті оң корреляциялық байланыс бар екенін көрсетті (r = 0,718; p <0,001). Сондай-ақ өңір туралы қабылдау мен саяхат жасау ниеті арасында (r = 0,694; p <0,001) және саяхат жасау ниеті мен туристік тартымдылық арасында (r = 0,741; p <0,001) жоғары деңгейдегі оң байланыс анықталды.

Статистикалық талдаудың барлық кезеңдерінде p <0,05 деңгейі статистикалық мәнділік шегі ретінде қабылданды.

Зерттеу Нәтижелері

Қатысушылардың әлеуметтік-демографиялық сипаттамасы

Зерттеуге жалпы саны 120 респондент қатысты. Қатысушылардың әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары олардың жынысы, жасы, білім деңгейі және Түркістан облысына бару тәжірибесі бойынша талданды.

3-кесте – Респонденттердің әлеуметтік-демографиялық сипаттамасы (n = 120)

Көрсеткіш	**n**	**%**
Жынысы		
Ер	54	45,0
Әйел	66	55,0
Жасы		
18–25 жас	39	32,5
26–35 жас	41	34,2
36–45 жас	24	20,0
46 жас және жоғары	16	13,3
Білімі		
Орта	12	10,0
Арнаулы орта	28	23,3
Жоғары	68	56,7
Жоғары оқу орнынан кейінгі	12	10,0
Түркістан облысына бару тәжірибесі		
Бұрын барған	49	40,8
Бұрын бармаған	71	59,2

Кесте 3-те көрсетілгендей, зерттеуге қатысушылардың басым бөлігін әйелдер (55,0%) құрады. Жас ерекшеліктері бойынша 26–35 жас аралығындағы респонденттердің үлесі ең жоғары болды (34,2%). Қатысушылардың жартысынан астамы жоғары білімді (56,7%). Сонымен қатар респонденттердің 59,2%-ы Түркістан облысына бұрын бармағанын, ал 40,8%-ы өңірге бұрын барғанын көрсетті. Бұл зерттеу іріктемесінің әртүрлі әлеуметтік топтарды қамтығанын және Түркістан облысына қатысты тәжірибесі әртүрлі респонденттердің пікірін жан-жақты талдауға мүмкіндік бергенін көрсетеді.

Сипаттамалық статистика

Зерттеудің негізгі айнымалылары бойынша сипаттамалық статистикалық көрсеткіштер есептелді. Әрбір айнымалының орташа мәні (Mean), стандарттық ауытқуы (Standard Deviation), минималды және максималды мәндері анықталды.

4-кесте – Зерттеу айнымалыларының сипаттамалық статистикасы

Айнымалы	**Mean**	**SD**	**Min**	**Max**
Бейнеконтенттің сапасы	4,47	0,53	2,75	5,00
Өңір туралы қабылдау	4,32	0,57	2,50	5,00
Саяхат жасау ниеті	4,28	0,61	2,33	5,00
Өңірдің туристік тартымдылығы	4,36	0,55	2,50	5,00

Кесте 4 нәтижелері зерттеуге қатысушылардың бейнероликтің сапасына жоғары баға бергенін көрсетті (M = 4,47; SD = 0,53). Сонымен қатар Түркістан облысының туристік тартымдылығы да жоғары деңгейде бағаланды (M = 4,36; SD = 0,55). Бұл көрсеткіштер зерттеуге ұсынылған бейнематериалдың респонденттерге жағымды әсер қалдырғанын және өңір туралы оң пікір қалыптастыруға ықпал еткенін білдіреді.

Өңір туралы қабылдау айнымалысының орташа мәні 4,32 болса, саяхат жасау ниетінің орташа көрсеткіші 4,28 болды. Барлық айнымалылар бойынша стандарттық ауытқу 1,0-ден төмен болғандықтан, респонденттердің жауаптары бір-біріне жақын орналасқанын және пікірлердің салыстырмалы түрде тұрақты екенін көрсетеді.

Алынған нәтижелер бейнеконтенттің респонденттер тарапынан жоғары бағаланғанын және Түркістан облысының туристік әлеуеті туралы оң пікір қалыптастыруға ықпал еткенін айғақтайды. Бұл сипаттамалық статистика кейінгі салыстырмалы және корреляциялық талдаулардың нәтижелерін түсіндіруге негіз болды.

Бейнеконтенттің сапасына қатысты жоғары орташа көрсеткіштер респонденттердің ұсынылған бейнематериалды оң қабылдағанын көрсетеді. Бұл кейінгі эксперименттік нәтижелерді түсіндіру үшін маңызды алғышарт болып табылады, өйткені сапалы визуалды контент өңір туралы жағымды пікір қалыптастыруға ықпал етуі мүмкін.

Бейнеконтентті көруге дейінгі және кейінгі нәтижелерді салыстыру

Бейнеконтенттің Түркістан облысының туристік тартымдылығын қабылдауға ықпалын бағалау мақсатында респонденттердің бейнероликті көруге дейінгі және кейінгі жауаптары жұпталған Стьюденттің t-критерийі (Paired Samples t-test) арқылы салыстырылды.

5-кесте – Бейнеконтентті көруге дейінгі және кейінгі бағалауларды салыстыру

Көрсеткіш	**Бейнероликке дейін (Mean ± SD)**	**Бейнероликтен кейін (Mean ± SD)**	**t**	**p**
Өңірдің туристік тартымдылығы	3,61 ± 0,74	4,36 ± 0,55	8,742	<0,001
Өңір туралы жағымды қабылдау	3,68 ± 0,71	4,32 ± 0,57	7,915	<0,001
Саяхат жасау ниеті	3,73 ± 0,76	4,28 ± 0,61	6,883	<0,001

Кесте 5-те келтірілген нәтижелер бейнероликті көргеннен кейін барлық зерттеу көрсеткіштері бойынша орташа мәндердің артқанын көрсетті. Ең жоғары өзгеріс өңірдің туристік тартымдылығын бағалауда байқалды. Бейнероликті көруге дейін бұл көрсеткіштің орташа мәні 3,61 болса, бейнеролик көрсетілгеннен кейін 4,36-ға дейін өсті. Жұпталған t-тест нәтижесі айырмашылықтың статистикалық тұрғыдан мәнді екенін көрсетті ($t = 8,742$; $p < 0,001$).

Сол сияқты өңір туралы жалпы қабылдау көрсеткіші де айтарлықтай жақсарды. Респонденттердің бейнероликті көргеннен кейін Түркістан облысының тарихи-мәдени мұрасы, табиғи ресурстары және туристік инфрақұрылымы туралы қабылдауы статистикалық тұрғыдан мәнді түрде жақсарды ($t = 7,915$; $p < 0,001$).

Саяхат жасау ниеті бойынша да оң өзгерістер анықталды. Бейнероликті көргеннен кейін қатысушылардың болашақта Түркістан облысына саяхат жасауға деген ниеті статистикалық тұрғыдан сенімді түрде артты ($t = 6,883$; $p < 0,001$).

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер бейнеконтенттің Түркістан облысының туристік тартымдылығын қабылдауға елеулі оң әсер ететінін көрсетті.

Орташа мәндердің барлық көрсеткіштер бойынша өсуі бейнероликтің тек эмоционалдық әсер ғана емес, сонымен қатар өңірдің туристік әлеуеті туралы танымдық қабылдауды да күшейткенін көрсетеді.

Корреляциялық талдау нәтижелері

Зерттеудің теориялық моделінде ұсынылған айнымалылар арасындағы өзара байланыстарды анықтау үшін Пирсонның корреляциялық талдауы жүргізілді.

6-кесте – Зерттеу айнымалылары арасындағы корреляциялық байланыстар

Айнымалы	**1**	**2**	**3**	**4**
1. Бейнеконтенттің сапасы	1			
2. Өңір туралы қабылдау	0,718***	1		
3. Саяхат жасау ниеті	0,662***	0,694***	1	
4. Өңірдің туристік тартымдылығы	0,689***	0,716***	0,741***	1

**p < 0,001

Корреляциялық талдау нәтижелері барлық зерттеу айнымалылары арасында оң және статистикалық тұрғыдан мәнді байланыстар бар екенін көрсетті.

Ең күшті байланыс саяхат жасау ниеті мен өңірдің туристік тартымдылығы арасында анықталды (r = 0,741; p <0,001). Бұл нәтиже Түркістан облысына баруға деген ниет күшейген сайын өңірдің туристік әлеуетін бағалау деңгейі де артатынын көрсетеді.

Бейнеконтенттің сапасы мен өңір туралы қабылдау арасында да жоғары деңгейдегі оң байланыс байқалды (r = 0,718; p <0,001). Демек, бейнероликтің көркемдік сапасы, ақпараттық мазмұны және эмоционалдық әсері респонденттердің өңір туралы жағымды көзқарасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Өңір туралы қабылдау мен саяхат жасау ниеті арасындағы корреляция коэффициенті де жоғары болды (r = 0,694; p <0,001). Бұл нәтиже туристік дестинацияның жағымды имиджі әлеуетті туристердің саяхат жасау ниетін күшейтетінін дәлелдейді.

Жалпы алғанда, корреляциялық талдау нәтижелері зерттеудің концептуалдық моделінде ұсынылған айнымалылар арасындағы өзара байланыстардың теориялық тұрғыдан күтілген бағытта қалыптасқанын көрсетті.

Корреляциялық байланыстардың жоғары болуы зерттеудің концептуалдық моделінде ұсынылған айнымалылар арасындағы өзара тәуелділікті растайды және бейнеконтенттің туристік маркетинг жүйесіндегі маңызды фактор екенін дәлелдейді.

Зерттеу гипотезаларын тексеру

Алынған статистикалық нәтижелер негізінде зерттеудің негізгі және қосымша гипотезалары тексерілді.

7-кесте – Зерттеу гипотезаларын тексеру нәтижелері

Гипотеза	**Нәтиже**	**Қорытынды**
H1	t = 8,742; p < 0,001	Қолдау тапты
H2	r = 0,718; p < 0,001	Қолдау тапты
H3	r = 0,694; p < 0,001	Қолдау тапты
H4	r = 0,741; p < 0,001	Қолдау тапты

Гипотезаларды тексеру нәтижелері ұсынылған теориялық модельдің толықтай расталғанын көрсетті. Бірінші гипотезаға сәйкес, Түркістан облысы туралы бейнероликті көру респонденттердің өңірдің туристік тартымдылығын бағалауына статистикалық тұрғыдан мәнді оң әсер етті.

Екінші гипотеза бойынша бейнеконтенттің сапасы өңір туралы жағымды қабылдаудың қалыптасуына ықпал ететіні анықталды. Үшінші гипотеза нәтижелері өңір туралы қалыптасқан оң көзқарастың саяхат жасау ниетін күшейтетінін көрсетті. Сонымен қатар төртінші гипотезаға сәйкес саяхат жасау ниетінің артуы өңірдің туристік тартымдылығын жоғары бағалаумен тығыз байланысты екені анықталды.

Осылайша, зерттеудің барлық гипотезалары статистикалық талдау нәтижелерімен расталды. Бұл бейнеконтенттің туристік маркетингтің тиімді құралы ретінде өңірдің оң имиджін қалыптастыруға, әлеуетті туристердің қызығушылығын арттыруға және болашақта Түркістан облысына саяхат жасау ниетін күшейтуге мүмкіндік беретінін дәлелдейді.

Талқылау

Жүргізілген зерттеу нәтижелері Түркістан облысы туралы бейнеконтенттің әлеуетті туристердің өңірді қабылдауына және саяхат жасау ниетіне оң ықпал ететінін көрсетті. Эксперименттік зерттеу барысында бейнероликті көргеннен кейін респонденттердің өңірдің туристік тартымдылығына берген бағасы статистикалық тұрғыдан мәнді түрде артқаны анықталды. Сонымен қатар бейнеконтенттің сапасы, өңір туралы қабылдау, саяхат жасау ниеті және туристік тартымдылық арасында күшті оң байланыстар анықталды. Бұл нәтижелер зерттеу барысында ұсынылған теориялық модельдің дұрыстығын және барлық гипотезалардың расталғанын көрсетті.

Алынған нәтижелер халықаралық ғылыми әдебиеттерде жарияланған зерттеулермен сәйкес келеді. Guo және әріптестері қысқа туристік бейнероликтердің ақпараттық мазмұны мен эмоциялық әсері пайдаланушылардың саяхат жасау ниетіне тікелей ықпал ететінін анықтаған. Авторлардың пікірінше, көрнекі және мазмұнды бейнеконтент туристік дестинация туралы жағымды пікір қалыптастырып қана қоймай, нақты туристік мінез-құлықтың өзгеруіне де әсер етеді. Біздің зерттеу нәтижелері де осы қорытындыны толық қолдайды. Түркістан облысы туралы бейнероликті көргеннен кейін қатысушылардың өңірге баруға деген қызығушылығының айтарлықтай артқаны анықталды.

Осыған ұқсас нәтижелер Li мен Rui жүргізген зерттеуде де келтірілген. Авторлар жоспарланған мінез-құлық теориясы (Theory of Planned Behavior) мен ақпаратты ықтимал өңдеу моделіне (Elaboration Likelihood Model) сүйене отырып, қысқа форматтағы бейнероликтердің саяхат жасау ниетінің қалыптасуына маңызды әсер ететінін дәлелдеген. Біздің зерттеу барысында да өңір туралы жағымды қабылдау мен саяхат жасау ниеті арасында жоғары деңгейдегі оң байланыс анықталды. Бұл нәтиже туристік дестинация туралы оң имидж қалыптасқан жағдайда әлеуетті туристердің саяхат жасау ықтималдығы артатынын көрсетеді.

Dias және Lavaredas туристік жарнамалық бейнероликтердің тиімділігі олардың техникалық сапасына, шығармашылық мазмұнына және эмоциялық әсеріне тәуелді екенін көрсеткен болатын. Біздің зерттеуімізде де бейнеконтенттің сапасы өңір туралы қабылдаумен ең жоғары деңгейдегі корреляциялық байланыстардың бірін көрсетті. Бұл туристік бейнероликтердің визуалды безендірілуі, монтаж сапасы, музыкалық сүйемелдеуі және ақпараттық мазмұны әлеуетті туристердің пікірін қалыптастыруда маңызды рөл атқаратынын дәлелдейді.

Зерттеу нәтижелері Kim мен Stepchenkova ұсынған дестинация имиджі теориясымен де сәйкес келеді. Авторлардың пікірінше, туристік дестинацияның жағымды имиджі саяхат жасау ниетінің негізгі алғышарттарының бірі болып табылады. Біздің зерттеуде өңір туралы қабылдау мен туристік тартымдылық арасындағы оң байланыстар дәл осы теориялық тұжырымдарды растады. Яғни Түркістан облысының тарихи-мәдени мұрасы, табиғи ресурстары және туристік инфрақұрылымы туралы сапалы дайындалған бейнеконтент өңірдің жалпы имиджін жақсартып, туристік қызығушылықты арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар зерттеу нәтижелері цифрлық маркетингтің өңірлік туризмді дамытудағы практикалық маңызын көрсетті. Қазіргі таңда туристердің басым бөлігі саяхат бағытын таңдаған кезде әлеуметтік желілердегі қысқа бейнероликтерге, блогерлердің жарияланымдарына және пайдаланушылар жасаған контентке сүйенеді. Осыған байланысты өңірлік туристік ұйымдар дәстүрлі жарнамамен қатар цифрлық платформаларға арналған жоғары сапалы бейнеконтент әзірлеуге басымдық беруі қажет. Әсіресе TikTok, Instagram Reels және YouTube сияқты платформалар арқылы Түркістан облысының тарихи ескерткіштерін, табиғи ландшафттарын, этномәдени мұрасын және заманауи туристік инфрақұрылымын таныстыру өңірдің халықаралық туристік нарықтағы танымалдылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Бұл зерттеудің ғылыми маңыздылығы Қазақстан жағдайында туристік бейнеконтенттің тиімділігі эксперименттік тәсіл арқылы бағаланған жұмыстардың аз болуымен түсіндіріледі. Бұған дейінгі отандық зерттеулердің басым бөлігі цифрлық маркетинг мәселелерін теориялық

тұрғыдан қарастырса, осы жұмыста бейнероликті көруге дейінгі және кейінгі өзгерістер нақты статистикалық әдістер арқылы бағаланды. Сондықтан зерттеу нәтижелері Қазақстандағы өңірлік туризмді цифрлық технологиялар арқылы дамыту мәселелеріне қатысты ғылыми білімді толықтыра түседі.

Сонымен бірге зерттеудің белгілі бір шектеулері бар. Біріншіден, зерттеу Түркістан облысына саяхат жасауға қызығушылық танытқан 120 әлеуетті туристтің қатысуымен онлайн форматта жүргізілді, сондықтан алынған нәтижелерді Қазақстанның барлық туристік дестинацияларына толықтай жалпылауға болмайды. Екіншіден, зерттеуде ықтималдық емес қолжетімді іріктеу (convenience sampling) әдісі қолданылды, бұл зерттеу нәтижелерінің жалпылану деңгейіне белгілі бір шектеу қояды. Үшіншіден, зерттеу барысында тек бір ғана компиляциялық бейнеролик пайдаланылды, сондықтан әртүрлі форматтағы немесе ұзақтығы әртүрлі бейнеконтенттің ықпалы қарастырылған жоқ.

Сонымен қатар зерттеу барысында респонденттердің нақты туристік мінез-құлқы емес, тек саяхат жасау ниеті бағаланды. Болашақ зерттеулерде нақты туристік сапарларды қамтитын бойлық зерттеулер жүргізу орынды болар еді.

Болашақ зерттеулерде туристік бейнеконтенттің әртүрлі форматтарының тиімділігін салыстыру, әлеуметтік желілердегі қолданушылар жасаған контенттің ықпалын бағалау, сондай-ақ құрылымдық теңдеулерді модельдеу (SEM) сияқты кеңейтілген статистикалық әдістерді қолдану орынды болар еді. Сонымен қатар Қазақстанның басқа туристік өңірлерін қамтитын салыстырмалы зерттеулер жүргізу цифрлық маркетингтің өңірлік туризмді дамытудағы рөлін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеудің негізгі мақсаты Түркістан облысы туралы бейнеконтенттің әлеуетті туристердің өңірдің туристік тартымдылығын қабылдауына және саяхат жасау ниетіне ықпалын эксперименттік әдіс арқылы бағалау болды. Зерттеу нәтижелері қойылған мақсат пен міндеттердің толық орындалғанын көрсетті.

Әдебиеттерге жүргізілген талдау туристік маркетингте бейнеконтенттің маңызының жылдан-жылға артып келе жатқанын көрсетті. Цифрлық платформалардың кең таралуына байланысты туристердің саяхат бағытын таңдауына әлеуметтік желілердегі қысқа форматтағы бейнероликтердің ықпалы күшейіп келеді. Осыған байланысты өңірлік туризмді дамытуда цифрлық маркетинг құралдарын тиімді пайдалану өзекті мәселелердің біріне айналды.

Эксперименттік зерттеу нәтижелері Түркістан облысы туралы бейнероликті көру респонденттердің өңірдің туристік тартымдылығын қабылдауына статистикалық тұрғыдан мәнді оң әсер еткенін көрсетті. Бейнеролик көрсетілгеннен кейін қатысушылардың өңір туралы жалпы пікірі, туристік инфрақұрылымға берген бағасы және болашақта Түркістан облысына саяхат жасау ниеті айтарлықтай артты. Сонымен қатар бейнеконтенттің сапасы, өңір туралы қабылдау, саяхат жасау ниеті және туристік тартымдылық арасында күшті оң байланыстар анықталды. Бұл зерттеудің негізгі және қосымша гипотезаларының толықтай расталғанын көрсетті.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы Қазақстан жағдайында Түркістан облысының туристік тартымдылығына бейнеконтенттің ықпалын эксперименттік «дейін–кейін» (pre-test/post-test) әдісі арқылы бағалауымен ерекшеленеді. Бұған дейінгі көптеген отандық зерттеулер цифрлық маркетингтің туризм саласындағы рөлін теориялық тұрғыдан қарастырған болса, бұл жұмыста туристік бейнероликтің тиімділігі нақты эмпирикалық деректер мен статистикалық талдау нәтижелері негізінде дәлелденді. Осы тұрғыдан алғанда зерттеу нәтижелері Қазақстандағы өңірлік туризмді цифрлық технологиялар арқылы дамытуға қатысты ғылыми білім қорын толықтырады.

Зерттеудің практикалық маңызы да жоғары. Алынған нәтижелерді Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі, өңірлік туризм басқармалары, туристік ақпараттық орталықтар, сондай-ақ туристік ұйымдар өңірдің туристік өнімдерін ілгерілету

стратегияларын әзірлеу кезінде пайдалана алады. Әсіресе әлеуметтік желілерге арналған қысқа форматтағы кәсіби бейнероликтерді дайындау, өңірдің тарихи-мәдени және табиғи мұрасын цифрлық форматта кеңінен таныстыру, туристік брендті қалыптастыру және халықаралық туристік нарықтағы бәсекеге қабілеттілікті арттыру бағытындағы жұмыстар үшін зерттеу нәтижелері тәжірибелік негіз бола алады.

Сонымен қатар зерттеудің белгілі бір шектеулері бар. Зерттеу бір өңірде жүргізілгендіктен, алынған нәтижелерді Қазақстанның барлық туристік дестинацияларына тікелей жалпылауға болмайды. Сондай-ақ зерттеуге 120 респонденттің қатысуы және қолжетімді іріктеу әдісінің қолданылуы нәтижелердің жалпылану мүмкіндігін белгілі бір деңгейде шектейді. Бұдан бөлек, зерттеу барысында тек бір ғана бейнеролик пайдаланылды, сондықтан әртүрлі форматтағы, ұзақтығы әртүрлі немесе қолданушылар жасаған бейнеконтенттің ықпалы қарастырылған жоқ.

Болашақ зерттеулерде зерттеу географиясын кеңейтіп, Қазақстанның басқа туристік өңірлерін қамту, халықаралық туристердің пікірін жеке талдау, әртүрлі цифрлық платформалардағы бейнеконтенттің тиімділігін салыстыру, сондай-ақ құрылымдық теңдеулерді модельдеу (Structural Equation Modeling – SEM) әдістерін қолдану ғылыми нәтижелердің сенімділігін одан әрі арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен бірге жасанды интеллект көмегімен жасалған туристік бейнеконтенттің туристердің қабылдауына ықпалын зерттеу де қазіргі цифрлық туризм жағдайындағы өзекті ғылыми бағыттардың бірі болмақ.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері бейнеконтенттің өңірдің туристік имиджін қалыптастырудағы, туристердің қызығушылығын арттырудағы және саяхат жасау ниетін күшейтудегі маңызды цифрлық маркетинг құралы екенін дәлелдеді. Сондықтан Түркістан облысының туристік әлеуетін халықаралық деңгейде насихаттауда жоғары сапалы, эмоциялық әсері күшті және ақпараттық мазмұны бай бейнероликтерді жүйелі түрде әзірлеу өңірдің туристік бәсекеге қабілеттілігін арттырудың тиімді бағыттарының бірі болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Guo X., Liu B., He J. et al. The impact mechanism of tourism short video content marketing on users' travel behavioral intention // Humanities and Social Sciences Communications. – 2025. – Vol. 12. – Article 494. DOI: 10.1057/s41599-025-04801-3.

2. Li K., Rui L. The impact of short-form videos on tourist travel intention toward cities: an integrated theory of planned behavior and elaboration likelihood model approach // Humanities and Social Sciences Communications. – 2025. – Vol. 12. – Article 1997. DOI: 10.1057/s41599-025-06300-x.

3. Bu N., Li Y., Li Y. et al. How does live streaming affect tourists' intention — a psychology theory perspective // Scientific Reports. – 2025. – Vol. 15. – Article 2262. DOI: 10.1038/s41598-025-85741-5.

4. Dias F., Lavaredas A. Assessing the Effectiveness of Tourism Promotional Videos: Creativity, Emotional Impact, Perceived Quality, and Attitude Towards the Destination // Administrative Sciences. – 2024. – Vol. 14. – № 12. – Article 323. DOI: 10.3390/admsci14120323.

5. Wang M., Xie X., Zhang H. et al. Synergistic Effects of Content Structure and Sensory Elements: Exploring the Impact Mechanism of Tourism Short Videos on Travel Intention // Transformations in Business & Economics. – 2025. – Vol. 24(2). – P. 483–500.

6. Zhou Y., Jiao W. Investigating the effect of tourism short video background music congruence on viewers' travel intention // Current Issues in Tourism. – 2025. – Vol. 28. – № 9. – P. 1496–1512.

7. Chen H., Lai I. K. W., Pai C. The value of short tour guide-led travel videos in stimulating tourists' intention through travel inspiration: a mixed-methods study // Asia Pacific Journal of Tourism Research. – 2025. DOI: 10.1080/10941665.2025.2486035.

8. Zaim I. A., Stylidis D., Andriotis K., Thickett A. Does user-generated video content motivate individuals to visit a destination? A non-visitor typology // Tourism Economics. – 2024. DOI:

10.1177/13567667241268369.

9. Morrison A. M. Marketing and Managing Tourism Destinations. – 2nd ed. – London : Routledge, 2024.

10. Kotler P., Bowen J. T., Baloglu S. Marketing for Hospitality and Tourism. – 8th ed. – Harlow : Pearson, 2022.

11. Hudson S. Marketing for Tourism, Hospitality and Events. – 3rd ed. – London : Sage Publications, 2022.

12. UN Tourism. World Tourism Barometer. – Madrid, 2025.

13. UNESCO. World Heritage and Sustainable Tourism Programme. – Paris, 2024.

14. Ministry of Tourism and Sports of the Republic of Kazakhstan. Қазақстан Республикасының туризм саласын дамыту туралы ұлттық есеп. – Астана, 2025.

15. Bureau of National Statistics of the Republic of Kazakhstan. Қазақстан Республикасындағы туризм статистикасы. – Астана, 2025.

16. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі. 2025–2029 жылдарға арналған туризм саласын дамыту жөніндегі материалдар. – Астана, 2025.

17. Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі. Қазақстан өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері. – Астана, 2024.

18. Қожа М. Қазақстандағы туризм индустриясының қазіргі даму үрдістері // ҚазҰУ хабаршысы. Экономика сериясы. – 2023. – № 4. – Б. 88–99.

19. Сарсенова А., Әбдіғаппарова Г. Қазақстандағы цифрлық маркетингтің туризм саласына әсері // Экономика және статистика. – 2024. – № 2. – Б. 57–66.

20. Нұрмағанбетова А. Туристік дестинациялардың тартымдылығын қалыптастырудағы цифрлық технологиялардың рөлі // Тұран университетінің хабаршысы. – 2025. – № 1. – Б. 112–123.

21. Gao J., Liang S., Sun S., Wang S. Bridging the Distance: Understanding the Role of Destination Anthropomorphism in Videos on Tourists' Travel Intention // Journal of Travel Research. – 2025. DOI: 10.1177/00472875251341304.

22. Sigala M. Social media and customer engagement in tourism // Journal of Hospitality and Tourism Management. – 2022. – Vol. 51. – P. 124–133.

23. Kim H., Stepchenkova S. Destination image and tourist behaviour // Tourism Management. – 2023. – Vol. 94.

24. Rather R. A. Customer experience and destination loyalty // Journal of Destination Marketing & Management. – 2021. – Vol. 19.

25. Aburumman A. The influence of digital marketing on tourism destinations // Sustainability. – 2023. – Vol. 15.

26. Tussyadiah I. P. Digital transformation in tourism // Journal of Tourism Futures. – 2021. – Vol. 7(3).

27. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі. Қазақстан Республикасында туризм саласын дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. – Астана, 2023.

28. Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросы. Қазақстан Республикасындағы туризм статистикасы. – Астана, 2025.

29. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ. Қазақстан туризмінің даму қорытындылары. – Астана, 2025.

30. Ахметова Г. Қ., Сейітова А. Б. Қазақстандағы ішкі туризмді дамытудың заманауи бағыттары // ҚазҰУ хабаршысы. Экономика сериясы. – 2023. – № 2. – Б. 75–86.

31. Омарова Ж. С., Құрманов Е. Т. Туристік дестинациялардың цифрлық маркетингі // Экономика және статистика. – 2024. – № 3. – Б. 44–55.

32. Есімова А. М. Әлеуметтік желілердің туристік шешім қабылдауға әсері // Тұран университетінің хабаршысы. – 2024. – № 4. – Б. 118–127.

33. Сапарбекова Л. Ж. Туристік имиджді қалыптастырудағы цифрлық медианың рөлі // Халықаралық бизнес университетінің хабаршысы. – 2025. – № 1. – Б. 63–74.

REFERENCES

1. Guo X., Liu B., He J. et al. The impact mechanism of tourism short video content marketing on users' travel behavioral intention // Humanities and Social Sciences Communications. – 2025. – Vol. 12. – Article 494. DOI: 10.1057/s41599-025-04801-3.

2. Li K., Rui L. The impact of short-form videos on tourist travel intention toward cities: an integrated theory of planned behavior and elaboration likelihood model approach // Humanities and Social Sciences Communications. – 2025. – Vol. 12. – Article 1997. DOI: 10.1057/s41599-025-06300-x.

3. Bu N., Li Y., Li Y. et al. How does live streaming affect tourists' intention — a psychology theory perspective // Scientific Reports. – 2025. – Vol. 15. – Article 2262. DOI: 10.1038/s41598-025-85741-5.

4. Dias F., Lavaredas A. Assessing the Effectiveness of Tourism Promotional Videos: Creativity, Emotional Impact, Perceived Quality, and Attitude Towards the Destination // Administrative Sciences. – 2024. – Vol. 14. – No. 12. – Article 323. DOI: 10.3390/admsci14120323.

5. Wang M., Xie X., Zhang H. et al. Synergistic Effects of Content Structure and Sensory Elements: Exploring the Impact Mechanism of Tourism Short Videos on Travel Intention // Transformations in Business & Economics. – 2025. – Vol. 24(2). – P. 483–500.

6. Zhou Y., Jiao W. Investigating the effect of tourism short video background music congruence on viewers' travel intention // Current Issues in Tourism. – 2025. – Vol. 28. – No. 9. – P. 1496–1512.

7. Chen H., Lai I. K. W., Pai C. The value of short tour guide-led travel videos in stimulating tourists' intention through travel inspiration: a mixed-methods study // Asia Pacific Journal of Tourism Research. – 2025. DOI: 10.1080/10941665.2025.2486035.

8. Zaim I. A., Stylidis D., Andriotis K., Thickett A. Does user-generated video content motivate individuals to visit a destination? A non-visitor typology // Tourism Economics. – 2024. DOI: 10.1177/13567667241268369.

9. Morrison A. M. Marketing and Managing Tourism Destinations. – 2nd ed. – London : Routledge, 2024.

10. Kotler P., Bowen J. T., Baloglu S. Marketing for Hospitality and Tourism. – 8th ed. – Harlow : Pearson, 2022.

11. Hudson S. Marketing for Tourism, Hospitality and Events. – 3rd ed. – London : Sage Publications, 2022.

12. UN Tourism. World Tourism Barometer. – Madrid, 2025.

13. UNESCO. World Heritage and Sustainable Tourism Programme. – Paris, 2024.

14. Ministry of Tourism and Sports of the Republic of Kazakhstan. Qazaqstan Respublikasynyn turizm salasyn damytu turaly ulttyq esep [National Report on the Development of Tourism in the Republic of Kazakhstan]. – Astana, 2025.

15. Bureau of National Statistics of the Republic of Kazakhstan. Qazaqstan Respublikasyndagy turizm statistikasy [Tourism Statistics of the Republic of Kazakhstan]. – Astana, 2025.

16. Qazaqstan Respublikasynyn Turizm zhane sport ministrligi. 2025–2029 zhyldarga arnalgan turizm salasyn damytu zhonindegi materialdar [Materials on Tourism Development for 2025–2029]. – Astana, 2025.

17. Qazaqstan Respublikasynyn Prezidenti zhanyndagy Qazaqstan Respublikasynyn Strategiyalyq zhosparlau zhane reformalar agenttigi. Qazaqstan onirlerinin aleumettik-ekonomik damu korsetkishteri [Socio-economic Development Indicators of the Regions of Kazakhstan]. – Astana, 2024.

18. Qozha M. Qazaqstandagy turizm industriyasynyn qazirgi damu urdisteri [Current

Development Trends of the Tourism Industry in Kazakhstan] // QazUU Habarshysy. Ekonomika seriyasy. – 2023. – No. 4. – P. 88–99.

19. Sarsenova A., Abdigapparova G. Qazaqstandagy cifrlyq marketingtin turizm salasyna aseri [The Impact of Digital Marketing on the Tourism Industry in Kazakhstan] // Ekonomika zhane statistika. – 2024. – No. 2. – P. 57–66.

20. Nurmaganbetova A. Turistik destinaciyalardyn tartymdylygyn qalyptastyrudagy cifrlyq tehnologiyalardyn roli [The Role of Digital Technologies in Shaping the Attractiveness of Tourist Destinations] // Turan universitetinin habarshysy. – 2025. – No. 1. – P. 112–123.

21. Gao J., Liang S., Sun S., Wang S. Bridging the Distance: Understanding the Role of Destination Anthropomorphism in Videos on Tourists' Travel Intention // Journal of Travel Research. – 2025. DOI: 10.1177/00472875251341304.

22. Sigala M. Social media and customer engagement in tourism // Journal of Hospitality and Tourism Management. – 2022. – Vol. 51. – P. 124–133.

23. Kim H., Stepchenkova S. Destination image and tourist behaviour // Tourism Management. – 2023. – Vol. 94.

24. Rather R. A. Customer experience and destination loyalty // Journal of Destination Marketing & Management. – 2021. – Vol. 19.

25. Aburumman A. The influence of digital marketing on tourism destinations // Sustainability. – 2023. – Vol. 15.

26. Tussyadiah I. P. Digital transformation in tourism // Journal of Tourism Futures. – 2021. – Vol. 7(3).

27. Qazaqstan Respublikasy Turizm zhane sport ministrligi. Qazaqstan Respublikasynda turizm salasyn damytudyn 2023–2029 zhyldarga arnalgan tuzhyrymdamasy [Concept for the Development of the Tourism Industry in the Republic of Kazakhstan for 2023–2029]. – Astana, 2023.

28. Qazaqstan Respublikasynyn Ulttyq statistika burosy. Qazaqstan Respublikasyndagy turizm statistikasy [Tourism Statistics of the Republic of Kazakhstan]. – Astana, 2025.

29. Kazakh Tourism UK AK. Qazaqstan turizminin damu qorytyndylary [Tourism Development Results of Kazakhstan]. – Astana, 2025.

30. Akhmetova G. Q., Seitova A. B. Qazaqstandagy ishki turizmdi damytudyn zamanaui bagyttary [Modern Directions for the Development of Domestic Tourism in Kazakhstan] // QazUU Habarshysy. Ekonomika seriyasy. – 2023. – No. 2. – P. 75–86.

31. Omarova Zh. S., Qurmanov E. T. Turistik destinaciyalardyn cifrlyq marketingi [Digital Marketing of Tourist Destinations] // Ekonomika zhane statistika. – 2024. – No. 3. – P. 44–55.

32. Esimova A. M. Aleumettik zhelilerdin turistik sheshim qabyldauga aseri [The Impact of Social Media on Tourist Decision-Making] // Turan universitetinin habarshysy. – 2024. – No. 4. – P. 118–127.

33. Saparbekova L. Zh. Turistik imidzhdi qalyptastyrudagy cifrlyq medianyn roli [The Role of Digital Media in Shaping the Tourism Image] // Halyqaralyq biznes universitetinin habarshysy. – 2025. – No. 1. – P. 63–74.

А. БАЙМАХАНОВА
Педагогика ғылымдарының магистрі, Аға оқытушы, АҚ Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, (Қазақстан, Шымкент)
E-mail: anjelastar_999@mail.ru

Г. АСКАРОВА
PhD, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, (Қазақстан, Ақтөбе)
E-mail: gaskarova@zhubanov.edu.kz
ORCID: 0009-0005-5603-751X

Р. АБИШЕВА
Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, (Қазақстан, Алматы)
E-mail: abisheva.r@ablaikhan.kz

М. ҮНДІБАЕВА
Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, (Қазақстан, Алматы)
E-mail: Yndibaeva.M@ablaikhan.kz

ORCID: 0009-0001-9375-0139	ORCID: 0009-0006-6446-1684
	21.10.2025 ж. баспаға түсті *01.06.2026ж. түзетулермен келді* *30.06.2026ж. басып шығаруға қабылданды*

A. BAIMAKHANOVA[1], G. ASKAROVA[2]✉, R. ABISHEVA[3], M. UNDIBAYEVA[3]

[1]South Kazakhstan Medical Academy, (Shymkent, Kazakhstan)

[2]Aktobe Regional University named after K. Zhubanov

(Aktobe, Kazakhstan), E-mail: gaskarova@zhubanov.edu.kz

[3]Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages

(Almaty, Kazakhstan)

THE IMPACT OF VIDEO CONTENT ON REGIONAL TOURISM ATTRACTIVENESS: AN EXPERIMENTAL STUDY OF THE TURKISTAN REGION

Abstract. *This study aims to evaluate the impact of video content about the Turkistan region on potential tourists' perceptions of regional tourism attractiveness and their travel intentions using an experimental research design. A quantitative one-group pre-test–post-test design was employed. Data were collected through Google Forms from 120 potential tourists interested in visiting the Turkistan region. Statistical analyses were conducted using IBM SPSS Statistics 27, including descriptive statistics, reliability and validity assessment, paired-samples t-tests, and Pearson correlation analysis. The findings revealed statistically significant improvements in participants' perceptions of regional tourism attractiveness, destination image, and travel intention after watching the promotional video ($p < 0.001$). Strong positive correlations were also identified among video content quality, destination image, travel intention, and regional tourism attractiveness. The findings provide empirical evidence for the effectiveness of video content as a digital marketing tool for promoting regional tourism destinations and offer practical implications for destination management organizations.*

Негізгі міндеттері:

Қаржылық есептілікті нақты жүргізу;

- ақпаратты автоматты түрде талдау және есеп беру формаларын қалыптастыру;
- кассалық және банктік операцияларды электронды бақылау;
- шығындар мен табыстарды нақты тіркеу;
- салықтық есептілікті автоматты түрде дайындау.

Мұндай жүйелер бухгалтердің жұмысын жеңілдетіп қана қоймай, компанияның жалпы тиімділігін арттырады.

Қазіргі таңда бухгалтерлік жүйелер (Cloud Accounting Systems), бағдарламалардың көпшілігі бұлттық технологиялар негізінде жұмыс істейді. Бұл жүйелерде деректер серверде емес, интернеттегі бұлтта сақталады.

Кез келген деректерге жерден және кез келген құрылғыдан қол жеткізу, ақпараттың жоғалу қаупін азайту, бағдарламаны жаңарту мен техникалық қызмет көрсетуді жеңілдету, бірнеше қызметкердің бір мезетте жұмыс істеу мүмкіндігі, QuickBooks Online, Xero, Zoho Books, 1C Fresh, интеграцияланған басқару жүйелері (ERP-жүйелер) ERP (Enterprise Resource Planning) - кәсіпорынның барлық бөлімдерін (қаржы, кадр, қойма, мейрамханазалы, брондау бөлімі, маркетингжәнет.б.) біріктіретін кешенді ақпараттық жүйе.

ERP-жүйелер бухгалтерлік есепті жалпы басқару процесінің бір бөлігіретінде автоматтандырады.

1С: Бағдарламалау, 1С Кәсіпорны, SAP, Oracle Hospitality, Hotelogix ERP.

- бірінғай деректер базасы;
- есептіліктің дәлдігі;

Қойма, касса, брондау және кадр есебінің өзара байланысы.

3) POS (Point of Sale) жүйелеріменбіріктіру

POS жүйелері – мейрамхана немесе қонақ үйдің сатылымдарын тіркейтін кассалық жүйелер. Олар автоматы түрде бухгалтерлік жүйеге мәліметтер жібереді.

Мейрамханада тапсырысқа былданған сәтте, табыс автоматты түрде есепке алынады, ал өнімнің шығыны қойма есебінде көрініс табады, iiko, R-Keeper, Poster POS, Lite POS. Жасанды интеллект (AI) және Big Data технологиялары.

Қазіргі заманғы автоматтандырылған жүйелерде жасанды интеллект элементтері кеңінен қолданылады.

AI жүйелерінің мүмкіндіктері:

- қаржылық көрсеткіштерді болжау;
- клиенттердің мінез-құлқын талдау;
- шығындарды оңтайландыру бойынша ұсыныстар жасау;
- есеп беру мен аудитті автоматтандыру.

Бұлтты технологиялар бухгалтерлік деректерді терең талдап, басқарушыларға нақты шешім қабылдауға көмектеседі. Бұлтты технологиялардың ұғымы Saas - бағдарламалар жүйесінің қызметі, бағдарламалық жасақтама қызметі ретінде бірін-бірі бұлтты есептеу формасының қызметін көрсету моделі, онда абоненттерге сервис провайдері толығымен талқылайтын әдістері дайын, қолданбалы қамтамасыз ету ұсынылады. Модельдегі жеткізуші қосымшаны өздігінен басқарады, тұтынушыларға мобильді қосымша немесе веб-шолғыш арқылы клиенттік құрылғылардан мүмкіндіктерге қол жеткізуге мүмкіндік береді [11].

Негізгі артықшылықтары:

- есептіліктің дәлдігі мен жеделдігі;
- адами қателіктердің азаюы;
- қызметкерлердің жұмыс тиімділігінің артуы;
- басқарушылық шешім қабылдауға арналған нақты ақпарат;
- тұтынушыларға сапалы әрі жедел қызмет көрсету;
- қаржылық есептің ашықтығы мен бақылауының күшеюі.

Мейрамхана жүйесінде автоматтандыру енгізілген соң, табысты есептеу уақыты 3 есе қысқарып, қойма шығындарын 15–20% азайтуға мүмкіндік береді.

Автоматтандыру жүйесін енгізуде бірқатар мәселелер туындауы мүмкін:

- бағдарламалық өнімнің қымбаттығы;
- қызметкерлердің жаңа жүйелерге бейімделуі;
- техникалық қолдаудың болмауы немесе жеткіліксіздігі;
- киберқауіпсіздік мәселелері.

Дегенмен, ұзақ мерзімді перспективада автоматтандыру бұл шығындарды толық ақтайды. Ас мәзірін калькуляциялау - тағамдардың нақты өзіндік құнын анықтап, олардың сату бағасын белгілеу процесі. Бұл процесс экономикалық есептеулерге ғана емес, сонымен қатар сапа мен рентабельділікті теңгерімде ұстауға бағытталған [12].

Калькуляцияның негізгі мақсаттары мыналар болып табылады:

- өнімнің нақты өзіндік құнын анықтау;
- жоспарланған пайда мөлшерін сақтау;
- баға саясатын нарық талабына сәйкестендіру;
- шикізатты тиімді пайдалану арқылы шығынды азайту;
- сапаны тұрақты деңгейде сақтау және тұтынушы сенімін нығайту.

Мәзір калькуляциясы кәсіпорынның ішкі құрылымындағы басқару жүйесін жетілдіруге, өндірістік тәртіпті сақтау мен қызмет көрсету сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Ас мәзірін кәсіби деңгейде есептеу бірнеше өзара байланысты кезеңдерден тұрады. Әрбір кезеңнің өз маңызы мен міндеті бар.

Шикізат тізімін анықтау. Әр тағамның құрамына кіретін ингредиенттер мен олардың нақты мөлшері көрсетіледі. Бұл кезеңде аспаздар мен технологтар тағамның рецептурасын және дайындалу ерекшелігін ескереді [12].

Баға тізімін құру. Барлық өнімдердің жеткізушілерден алынған ағымдағы бағалары жинақталып, орташа нарықтық көрсеткіштермен салыстырылады. Бұл шығындарды дәл жоспарлауға мүмкіндік береді. Өзіндік құнды есептеу.Әр ингредиенттің бағасы мен мөлшері ескеріле отырып, бір порция тағамның нақты өзіндік құны анықталады. Есептеу кезінде жанама шығындар (жалақы, электр энергиясы, салық, жалға алу ақысы және т.б.) да қосылады. Сату бағасын белгілеу.Өзіндік құнға үстеме қосылады (30–60% шамасында). Бұл үстеме мекеменің тұрақты шығындары мен күтілетін пайдасын қамтиды. Талдау және бақылау.Бағалар мен нарықтағы жағдай өзгерген сайын мәзір калькуляциясы қайта қаралып, жаңартылып отырады. Бұл кезең сапаны сақтауға және кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған. Ас мәзірін калькуляциялау – тағамның өзіндік құнын есептеу деген сөз. Қысқаша қалай есептеледі, сосын нақты есептеп беру үшін не керек екенін айтайын.

Ас мәзірін калькуляциялау қадамдары

1. Тағам атауы (мысалы: палау, сорпа)
2. Рецептура – әр өнімнің мөлшері (г/кг/л)
3. Өнім бағасы (1 кг немесе 1 л бағасы)
4. Шикізат құны Формула: мөлшері × бағасы = сомасы
5. Барлық өнім сомасын қосамыз → тағамның өзіндік құны
6. Қажет болса:

үстеме ақы (%), сату бағасы есептеледі

Палау (1 порция):

- күріш: 0,1 кг × 400 тг = 40 тг
- ет: 0,08 кг × 3500 тг = 280 тг
- май: 0,02 кг × 700 тг = 14 тг
- сәбіз 0,08 кг × 280 тг = 22,4 тг
- пияз 0,03 кг × 150 тг = 4,5 тг

Өзіндік құны: 361 тг жалпы палау әзірлеуге кететін қызмет шығындарын қосқанда (1 порция) 561-600 тг аралығында болады. Үстеме бағасын шығарғанда 1000-1200 тг аралығында болады. (1-сурет)



1-сурет - Университет асханасының менюі және калькуляциясы

Ас мәзірін дұрыс және жүйелі түрде калькуляциялау - кәсіпорынның экономикалық тұрақтылығы мен имиджін қалыптастырудың басты құралы.

Біріншіден, калькуляция қаржылық тәртіпті қамтамасыз етеді. Дұрыс есеп жүргізу арқылы артық шығындар азайып, табыстылық көрсеткіші тұрақтанады [13].

Екіншіден, мәзірдің стандарттылығы мен сапасы сақталады. Әр тағамның рецептурасы мен порция көлемі нақты белгіленгендіктен, тұтынушы әрдайым бірдей сапалы өнім алады.

Үшіншіден, баға саясаты әділ әрі бәсекеге қабілетті болады. Тұтынушының төлем қабілетіне сай келетін бағаларды белгілеу клиент ағынын арттырып, тұрақты аудитория қалыптастырады.

Сонымен қатар калькуляция ас үй, қойма және бухгалтерия арасындағы байланысты нығайтады. Бұл өзара әрекеттестік өндіріс процесін тиімді етіп, қызмет көрсету сапасын жаңа деңгейге көтереді.

Ас мәзірінің дұрыстығына жауапты болып, сол мекеменің директоры және өнеркәсібінің меңгерушісі бекітіп,қол қояды. Ас мәзірі әрбір даяшыда болады. Даяшы ас мәзірін келуші келіп отырған соң ұсынады. Ас мәзірі екіге төртке бүктелген немесе дәптер түрінде жасалады. Барлық тағам,сусын түрлерінің жазылуына қанша беттен тұрса,сонша бетке жазылады. Ас мәзірі арнайы типографиялық жазумен де теріліп жазылады, қолмен де жазылады. Содан соң ол бет папкаға салынады.

Ас мәзірі көркемдеп жасалынады,онда мекеменің адресі,телефон номері көрсетіледі.Одан төмен мекемені жарнамалайтын фото,сурет немесе ресторанның сыртқы бейнесі,осы жерде ұсынылатын негізгі тағамдар мен сусындардың фотосы,барлық тағамдардың түрлерін фотомонтаж түрінде ұсынады.

Ас мәзіріне қойылатын негізгі талаптар:

-әрбір тағам,сусын берілуіне қарай топтасу керек.

-әр топта ол тағамды түсіндіретін өз суреті болу керек.

-әр тағамның аты,ол тағам туралы қосымша ақпараттар түсінікті

-әрі әдемі,нақты жазылуы керек.Әсіресе шет ел тағамдары мен сусындары үшін.

-ас мәзіріне сол мекемеде бар тағамды ғана жазу керек.

-ас мәзірі кем дегенде 2-3 шет ел тіліндегі аудармасымен берілуі керек.(мысалы:неміс,ағылшын,француз тілдерінде)

Барлық ақпараттан басқа ас мәзірі тағамдардың ас мәзірі,винолардың бағасы,таңғы ас мәзірі деп бөлінеді.

Қонақжайлылық индустриясындағы есеп беру жүйесін автоматтандырудың негізгі объектісі — ас мәзірінің құрылымдық компоненттері мен сусындар прейскурантын цифрлық форматқа конвертациялау болып табылады; атап айтқанда, тек ағымдағы күнге негізделген кезекші ас мәзірін (du jour menu) порциялық жүйемен интеграциялау және сусындардың техникалық параметрлерін (мөлшері, бағасы, номенклатурасы) бірыңғай папкаланған прейскурантқа консолидациялау — бухгалтерлік есептің аналитикалық тетігін нығайта отырып, тағамдардың өзіндік құнын нақты уақыт режимінде дәл калькуляциялауға және кәсіпорынның сату стратегиясын технологиялық тұрғыдан оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Қонақжайлылық индустриясындағы сервистік деңгейдің классификациясы (мысалы, «люкс» класты мекемелер) бухгалтерлік ақпараттық жүйелердегі номенклатуралық есептің дербестендірілуін талап етеді; бұл ретте таңғы ас мәзірі мен мекеме форматтарына (ресторан, бар, кондитерлік кафе, дәмхана) сәйкес ас мәзірлерін жіктеу — өндірістік шығындарды сегменттеудің және автоматтандырылған жүйелер арқылы әрбір тағам мен сусынның өзіндік құнын нақты калькуляциялаудың маңызды әдіснамалық негізі болып табылады

Осыған орай, зерттеу нәтижелері көрсеткендей, қонақжайлылық индустриясындағы арнайы іс-шараларға (салтанатты жиындар, үйлену тойлары) арналған эксклюзивті ас мәзірлерін қалыптастыру — бухгалтерлік есеп жүйесіндегі тағамдардың берілу кезектілігі (басытқылар, негізгі ыстық тағамдар, сусындар мен қосымша өнімдер) мен олардың өндірістік циклін қатаң регламенттеуді талап етеді. Бұл контексте басытқылардан бастап екінші тағамдарға дейінгі әрбір позицияның аспаздық ерекшеліктері мен ингредиенттер құрамын автоматтандырылған жүйелерде (БАЖ) терең калькуляциялау — шикізат шығынын оңтайландыруға, қызмет көрсетуші персоналдың (даяшылардың) ақпараттық құзыреттілігін арттыруға және кәсіпорынның салтанатты шаралар кезіндегі қаржылық тиімділігін стратегиялық тұрғыдан бақылауға мүмкіндік беретін негізгі фактор болып табылады»[14].

Қонақжайлылық мекемелеріндегі қызмет көрсету циклінің соңғы кезеңінде десерттік өнімдер мен сусындарды (алкогольдік және алкогольсіз) белгілі бір иерархиялық тәртіппен ұсыну — кәсіпорынның бухгалтерлік есеп жүйесіндегі операциялық тізбектің негізін қалайды. Атап айтқанда, дижестивтердің (вино, коньяк), сергітетін ыстық сусындардың (шай, кофе) және тағамдардың берілу кезектілігін реттеу, тіпті тұтынушы тарапынан тапсырыс беру логикасы бұзылған жағдайдың өзінде (мысалы, негізгі тағамнан кейін басытқы сұрау), автоматтандырылған ақпараттық жүйелердегі (БАЖ) шығындарды есептен шығару алгоритмін өзгертпеуі тиіс. Бұл ретте, даяшының кәсіби құзыреттілігі мен БАЖ-дың икемділігі тағамдардың физиологиялық қорытылу ерекшеліктерін ескере отырып, шикізаттық калькуляция мен қызмет көрсету стандарттарының конвергенциясын қамтамасыз етеді; осылайша, ас мәзіріндегі өнімдердің бірізділігін сақтау — кәсіпорынның сервистік сапасы мен қаржылық бақылау механизмінің тұтастығын айқындайтын шешуші фактор болып табылады [14].

Ас мәзірін жобалаудың әдіснамалық негіздері мен оған қойылатын сервистік талаптар: «Қонақжайлылық индустриясында ас мәзірі — кәсіпорын ұсынатын тағамдар мен сусындардың сандық және құндық параметрлері регламенттелген стратегиялық

номенклатуралық тізбесі ретінде анықталады. Француз тіліндегі *«menu»* терминінен бастау алатын бұл құжат, тамақтану циклінің уақыттық сегментациясына (таңғы, түскі, кешкі ас) сәйкес диверсификацияланады. Ас мәзірінің құрылымдық композициясы басытқылар, салаттар, негізгі тағамдар (ыстық және салқын), гарнирлер, соустар, десерттер және сусындардың (ыстық, салқын, алкогольдік) иерархиялық бірізділігінен тұрады.

Ас мәзірін әзірлеуге қойылатын негізгі концептуалды талаптар кәсіпорынның бухгалтерлік есеп жүйесі мен маркетингтік стратегиясына негізделуі тиіс:

- Классификациялау және визуализация: Әрбір тағам мен сусын өзінің технологиялық сипаты мен берілу кезектілігіне қарай қатаң топтастырылуы қажет. Әрбір номенклатуралық топтың өнімді идентификациялайтын сапалы көрнекі кескіндермен (визуалды сүйемелдеумен) қамтамасыз етілуі тұтынушылық таңдауды оңтайландырудың маңызды құралы болып табылады.
- Ақпараттық дескрипция: Тағам атаулары мен олардың құрамы туралы деректер, әсіресе экзотикалық немесе шетелдік кулинария өнімдері үшін, терминологиялық тұрғыдан нақты және экспликативті (түсіндірмелі) сипатта жазылуы тиіс. Бұл бухгалтерлік есептегі калькуляциялық карталар мен тұтынушыға ұсынылатын ақпараттың релеванттылығын қамтамасыз етеді.
- Ресурстық валидация: Ас мәзіріне енгізілген барлық позициялар кәсіпорынның ағымдағы өндірістік қуатына және шикізат қорына (инвентарлық базасына) толық сәйкес келуі міндетті. Бұл бухгалтерлік есептегі «қалдықтарды басқару» мен «тауар-материалдық қорларды бақылау» функцияларының тиімділігін арттырады.
- Лингвистикалық адаптация: Халықаралық стандарттарға сәйкес, ас мәзірінің контенті кем дегенде 2-3 шет тілінде (ағылшын, француз, неміс және т.б.) кәсіби деңгейде аударылуы тиіс. Бұл мультикоммуникативті ортада қызмет көрсету сапасын арттырып, мекеменің жаһандық нарықтағы тартымдылығын негіздейді.

Осылайша, ас мәзірі жай ғана тізбе емес, ол кәсіпорынның операциялық қызметін, калькуляциялық есебін және сервистік деңгейін үйлестіруші кешенді басқару құралы болып табылады» [15].

Қорытынды

Қазіргі жаһандық экономикалық парадигма жағдайында қонақжайлылық индустриясы субъектілерінің функционалдық өміршеңдігі мен бәсекеге қабілеттілігі бухгалтерлік есеп жүйесін кешенді цифрландыру деңгейімен тікелей айқындалады. A. Borges және J. Macedo сынды зерттеушілердің іргелі тұжырымдамаларына сәйкес, басқару есебі ретроспективті деректерді жай ғана тіркеу шеңберінен шығып, ұйым ішіндегі ресурстарды оңтайлы бөлуді қамтамасыз ететін және стратегиялық мақсаттарды операциялық қызметпен үйлестіруші конвергентті тетікке айналды. Осы орайда, бухгалтерлік ақпараттық жүйелерді (БАЖ) қалыптастыру кәсіпорынның дербес бағдарламалық әзірлемелерінен гөрі, автоматтандырудың типтік міндеттерін шешетін релевантты бағдарламалық өнімдерді интеграциялауға басымдық береді.

Алайда, стандартты бағдарламалық шешімдер сервистік индустрияның мультимодальді құрылымы мен салалық регламенттерін толық қамти алмайтындықтан, жүйенің «ашық архитектурасы» мен параметрлік бейімделу резервінің болуы — экзистенциалды қажеттілік.

Бұл бағыттағы ең маңызды аналитикалық процесс — ас мәзірін калькуляциялауды цифрландыру болып табылады. Ас мәзірі жай ғана тағамдар тізбесі емес, ол — бағасы мен саны регламенттелген стратегиялық номенклатуралық құжат. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, мекеменің сервистік деңгейіне («люкс» класы және т.б.) және форматтарына (ресторан, бар, дәмхана) сәйкес ас мәзірін жіктеу — шығындарды сегменттеудің әдіснамалық негізі. Әсіресе, кезекші ас мәзірі (du jour menu) мен арнайы салтанатты шараларға арналған эксклюзивті тізімдерді қалыптастыру кезінде тағамдардың берілу кезектілігі мен ингредиенттер құрамын БАЖ арқылы терең калькуляциялау шикізат шығынын нақты уақыт режимінде (real-time) бақылауға мүмкіндік береді.

Заманауи автоматтандырылған жүйелер тағамдардың аспаздық ерекшеліктерін, ингредиенттердің теңгерімділігі мен нарықтық конъюнктураны ескере отырып, баға саясатын тиімді реттеуге жағдай жасайды. Болашақта бұл саланың даму тенденциялары жасанды интеллект, нейрондық желілер және Big Data технологияларымен ұштасып, бухгалтерлік есептің интеллектуалды басқару кезеңіне көшуін қамтамасыз етеді. Түйіндей келгенде, цифрлық калькуляция мен автоматтандырылған есеп жүйесін кәсіби деңгейде интеграциялау — қонақжайлылық индустриясындағы экономикалық тиімділікті, сервистік сапаны және кәсіпорын беделін үйлестіретін басты стратегиялық құрал болып табылады.

Бұл зерттеу жұмысы "Халықаралық туризм және меймандостық университеті" КЕАҚ 2025–2026 жылдарға арналған ішкі гранттық қаржыландыру шеңберінде жүргізілді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Chenhall, R. H. Management control systems design within its organizational context: Findings from contingency-based research and directions for the future // *Accounting, Organizations and Society*. – 2003. – Vol. 28. – P. 127–168.

2. Borges, A., Macedo, J., Moreira, A., Isidro, H. *Práticas de Contabilidade Financeira*. – Lisbon : Áreas, 1998.

3. Lima Santos, L., Gomes, C., Faria, A. R., Lunkes, R. J., Malheiros, C., Silva da Rosa, F., Nunes, C. *Contabilidade de Gestão Hoteleira*. – 1st ed. – Cacém : ATF—Ediçõe Técnicas, 2016.

4. Libby, T., Lindsay, R. M. Beyond budgeting or budgeting reconsidered? A survey of North-American budgeting practice // *Management Accounting Research*. – 2010. – Vol. 21. – P. 56–75.

5. Anthony, R., Govindarajan, V. *Management Control Systems*. – 10th ed. – Boston (MA) : McGraw-Hill, 2000.

6. Gomes, C., Arroteia, N., Lima Santos, L. Management accounting in Portuguese hotel enterprises: The influence of organizational and cultural factors // *Fulfilling the Worldwide Sustainability Challenge: Strategies, Innovations, and Perspectives for Forward Momentum in Turbulent Times : Proceedings of the 13th Annual International Conference of the Global Business and Technology Association (Istanbul, 12–16 July 2011)*. – New York : Global Business and Technology Association, 2011.

7. Gomes, C., Lima Santos, L., Arroteia, N. The influence of the environmental and organizational factors in the management accounting of the Portuguese hotels // *Proceedings of the*

VII Congreso Iberoamericano de Contabilidad de Gestión y IX Congreso Iberoamericano de Administración Empresarial y Contabilidad (Valencia, 3–5 July 2013). – Valencia, 2013.

8. Burns, J., Quinn, M., Warren, L., Oliveira, J. *Management Accounting*. – 1st ed. – New York : McGraw-Hill Higher Education, 2013.

9. Болсынбек, М. Қ., Ерниязов, Р. А., Ауесбекова, А. А., Жумажанова, М. Т., Байдаирова, К. Б. Бухгалтериядағы жасанды интеллект: артықшылықтары мен қиындықтары // *Scientific Journal of Pedagogy and Economics*. – 2023. – № 6 (406). – Б. 333–344.

10. Барановская, К. В. Будущее бухгалтерского учета: спрос и развитие технологий // *Экономические науки*. – 2023

11. Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарындағы бухгалтерлік есептің ерекшеліктері. https://www.ektu.kz/files/DistanceEducation/Resource/530875/лекция%208.docx

12. Конырбеков М.Ж., Богомазова И.В. Қазақстанның қонақжайлылық индустриясындағы инновациялар мен цифрландыру. Qainar Journal of Social Science. 2025;4(2):46-59. https://doi.org/10.58732/2958-7212-2025-2-46-59

13. Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесіндегі бухгалтерлік есеп.Оқу құралы.\С.СҚожабеков,С.Е.Сулеева.А.К.Қарымсақов.-Алматы:ССК,2020-360б.-ISBN 978-601-342-704—1 http|\rmtbrk.kz\book\1175661

14. Мейрамхана және мейманхана бизнесіндегі бухгалтерлік есеп және аудит : Оқу-әдістемелік құрал. . - Алматы: «Тұран» Университеті, 2020. - 96 б. https://rmebrk.kz/book/1173469

15. Мейрамхана ісі мен қонақ үй бизнесіндегі бухгалтерлік есеп және аудит : Оқу құралы. . - Алматы: Университет «Туран», 2021. - 94 б. - ISBN 978-601-214-491- 8. https://rmebrk.kz/book/1176512

REFERENCES

1. Chenhall, R. H. (2003). Management control systems design within its organizational context: Findings from contingency-based research and directions for the future. Accounting, Organizations and Society, 28, 127–168.

2. Borges, A., Macedo, J., Moreira, A., & Isidro, H. (1998). Práticas de Contabilidade Financeira [Financial Accounting Practices]. Lisbon: Áreas.

3. Lima Santos, L., Gomes, C., Faria, A. R., Lunkes, R. J., Malheiros, C., Silva da Rosa, F., & Nunes, C. (2016). Contabilidade de Gestão Hoteleira [Hotel Management Accounting] (1st ed.). Cacém: ATF—Edições Técnicas.

4. Libby, T., & Lindsay, R. M. (2010). Beyond budgeting or budgeting reconsidered? A survey of North-American budgeting practice. Management Accounting Research, 21, 56–75.

5. Anthony, R., & Govindarajan, V. (2000). Management Control Systems (10th ed.). Boston, MA: McGraw-Hill.

6. Gomes, C., Arroteia, N., & Lima Santos, L. (2011). Management accounting in Portuguese hotel enterprises: The influence of organizational and cultural factors. Proceedings of the 13th Annual International Conference of the Global Business and Technology Association (Istanbul, 12–16 July 2011). New York: GBTA, pp. 456-465.

7. Gomes, C., Lima Santos, L., & Arroteia, N. (2013). The influence of the environmental and organizational factors in the management accounting of the Portuguese hotels. Proceedings of the VII Ibero-American Congress of Management Accounting. Valencia, Spain.

8. Burns, J., Quinn, M., Warren, L., & Oliveira, J. (2013). Management Accounting (1st ed.). New York: McGraw-Hill Higher Education.

9. Bolsynbek, M. K., Erniyazov, R. A., Auesbekova, A. A., Zhumazhanova, M. T., & Baidairova, K. B. (2023). Bukhalteriyadagi zhasandy intellekt: artykshylyktary men kiyndyktary [Artificial intelligence in accounting: Advantages and challenges]. Scientific Journal of Pedagogy and Economics, 6(406), 333–344.

10. Baranovskaya, K. V. (2023). Budushchee bukhgalterskogo ucheta: spros i razvitie tekhnologiy [The future of accounting: Demand and technology development]. Ekonomicheskie Nauki [Economic Sciences].

11. EKTU (n.d.). Koghamdyk tamaktandyrush kasiporyndaryndaghy bukhgalterlik eseptin erekshelikteri [Features of accounting in public catering enterprises]. Lecture Materials. Available at: https://www.ektu.kz/files/DistanceEducation/Resource/530875/лекция%208.docx

12. Konyrbekov, M. Zh., & Bogomazova, I. V. (2025). Innovations and digitalization in the hospitality industry of Kazakhstan. Qainar Journal of Social Science, 4(2), 46-59. https://doi.org/10.58732/2958-7212-2025-2-46-59

13. Kozhabekov, S. S., Suleeva, S. E., & Karymsakov, A. K. (2020). Meiramkhana isi zhane konak ui biznesindegi bukhgalterlik esep [Accounting in restaurant and hotel business: Textbook]. Almaty: SSK. ISBN 978-601-342-704-1. Available at: http://rmebrk.kz/book/1175661

14. Turan University (2020). Meiramkhana zhane meimankhana biznesindegi bukhgalterlik esep zhane audit [Accounting and auditing in restaurant and hotel business: Study guide]. Almaty: Turan University. Available at: https://rmebrk.kz/book/1173469

15. Turan University (2021). Meiramkhana isi men konak ui biznesindegi bukhgalterlik esep zhane audit [Accounting and auditing in restaurant and hotel business: Textbook]. Almaty: Turan University. ISBN 978-601-214-491-8. Available at: https://rmebrk.kz/book/1176512

С. ЫДЫРЫС э.ғ.д., профессор, Халықаралық туризм және меймандостық университеті, (Қазақстан, Түркістан) E-mail: serikbay.ydyrys@iuth.edu.kz	**Л. ЗАУРБЕКОВА** Қаржы және есеп кафедрасының магистр аға оқытушы, М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті, (Қазақстан, Тараз) E-mail: zaurbekova-1974@mail.ru
Э. АЛИМКУЛОВА э.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а. Халықаралық туризм және меймандостық университеті, (Қазақстан, Түркістан) E-mail: e.alimkulova@iuth.edu.kz	**М. МУНАСИПОВА** экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Халықаралық туризм және меймандостық университеті, (Қазақстан, Түркістан) E-mail: malike.munasipova@iuth.edu.kz

01.01.2026 ж. баспаға түсті
05.06.2026ж. түзетулермен келді
30.06.2026ж. басып шығаруға қабылданды

S. YDYRYS[1]✉, L. ZAURBEKOVA[2], E. ALIMKULOVA[1], M. MUNASSIPOVA[1]

[1]International University of Tourism and Hospitality
(Kazakhstan, Turkistan), E-mail: serikbay.ydyrys@iuth.edu.kz

[2]M. H. Dulaty Taraz University, (Kazakhstan, Taraz)

MODERN TRENDS IN THE AUTOMATION OF THE ACCOUNTING SYSTEM IN THE HOSPITALITY INDUSTRY AND MENU CALCULUS

Abstract. *This article presents a comprehensive study of the key vectors of automation of accounting systems and transformational trends that determine the development of the modern hospitality industry. In the context of accelerated global digitalization, the transition of service sector enterprises from traditional accounting paradigms to flexible digital management models is considered an objective necessity and one of the most pressing problems of the sectoral economy.*

The main purpose of the research is to provide a scientific and theoretical justification for the effectiveness of automation of the processes of aggregation, registration and processing of business transaction data based on innovative information systems. The key concept of the work is based on the hypothesis of a significant increase in transparency, reliability and efficiency of financial reporting through the integration of modern digital tools. The methodological framework of the research includes system analysis, comparative assessment, deduction method, as well as statistical processing of economic indicators.

The article provides a comprehensive analysis of the scientific and practical significance of innovative solutions relevant to the HoReCa segment, in particular: cloud technologies, ERP systems, POS terminals and artificial intelligence elements. As a result of the research, the strategic role of automation systems in the processes of menu calculation and precision cost calculation of products is determined, as well as mechanisms for strengthening the financial stability of enterprises are formulated.

Scientific novelty and practical significance: The work expands the theoretical provisions of digital accounting in the hospitality industry, bringing new technological approaches and methodological recommendations to the service economy. The formulated conclusions and practical recommendations contribute to the growth of competitiveness of the restaurant and hotel business, optimization of the management cycle and increase in the overall profitability of assets.

Keywords: *Hospitality industry, accounting automation, digitalization, ERP systems and cloud technologies, menu costing and cost, enterprise profitability, artificial intelligence.*

С. ЫДЫРЫС[1]✉, Л. ЗАУРБЕКОВА[2], Э. АЛИМКУЛОВА[1], М. МУНАСИПОВА[1]

[1]Международный университет туризма и гостеприимства
(Казахстан, Туркестан), E-mail: serikbay.ydyrys@iuth.edu.kz

[2]Таразский университет имени М. Х. Дулати, (Казахстан, Тараз)

СОВРЕМЕННЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ АВТОМАТИЗАЦИИ СИСТЕМЫ БУХГАЛТЕРСКОГО УЧЕТА И КАЛЬКУЛЯЦИИ МЕНЮ В ИНДУСТРИИ ГОСТЕПРИИМСТВА

Аннотация. *В данной статье представлено комплексное исследование ключевых векторов автоматизации систем бухгалтерского учета и трансформационных трендов, определяющих развитие современной индустрии гостеприимства. В условиях форсированной глобальной цифровизации переход предприятий сферы услуг от традиционных учетных парадигм к гибким цифровым моделям управления рассматривается как объективная необходимость и одна из наиболее актуальных проблем отраслевой экономики.*

Основная цель исследования заключается в научно-теоретическом обосновании эффективности автоматизации процессов агрегирования, регистрации и обработки данных

о хозяйственных операциях на основе инновационных информационных систем. Ключевая концепция работы базируется на гипотезе о существенном повышении прозрачности, достоверности и оперативности финансовой отчетности за счет интеграции современных цифровых инструментов. Методологический аппарат исследования включает системный анализ, сравнительную оценку, метод дедукции, а также статистическую обработку экономических показателей.

В статье проведен всесторонний анализ научно-практической значимости инновационных решений, релевантных для сегмента HoReCa, в частности: облачных технологий, ERP-систем, POS-терминалов и элементов искусственного интеллекта. В результате исследования определена стратегическая роль систем автоматизации в процессах калькуляции меню и прецизионного расчета себестоимости продукции, а также сформулированы механизмы укрепления финансовой устойчивости предприятий.

Научная новизна и практическая значимость: Работа расширяет теоретические положения цифрового учета в сфере гостеприимства, привнося новые технологические подходы и методические рекомендации в экономику сервиса. Сформулированные выводы и практические рекомендации способствуют росту конкурентоспособности ресторанного и гостиничного бизнеса, оптимизации управленческого цикла и повышению общей рентабельности активов.

***Ключевые слова**: Индустрия гостеприимства, автоматизация бухгалтерского учета, цифровизация, ERP-системы и облачные технологии, калькуляция меню и себестоимость, рентабельность предприятия, искусственный интеллект*.

МҒТАР 06.81.55 https://www.doi.org/10.62867/3007-0848.2026-2.17
ӘОЖ 339.138:004.738.5:640.41

Ж. ИСАХОВА[1], А. МАНАП[2]✉, Д. САБИРОВ[2], Ж. СҰЛТАНХАН[3]
[1]М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, (Қазақстан, Шымкент)
[2]Алматы Менеджмент Университеті
(Қазақстан, Алматы), E-mail: a.manap@almau.edu.kz
[3]Халықаралық туризм және меймандостық университеті, (Қазақстан, Түркістан)

ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИА МАРКЕТИНГІНІҢ ҚОНАҚҮЙ БРЕНДІ ТАРТЫМДЫЛЫҒЫНА ӘСЕРІ

Аңдатпа. *Мақалада әлеуметтік медиа маркетингінің қонақүй брендінің тартымдылығына әсері теориялық және эмпирикалық тұрғыдан зерттеледі. Зерттеу барысында әлеуметтік медиа маркетингінің негізгі элементтері – контент сапасы, визуалды тартымдылық, ақпараттың өзектілігі, электрондық ауызша пікірлер (eWOM) және аудиториямен өзара әрекеттесу деңгейінің қонақүй брендінің тартымдылығына ықпалы бағаланды. Зерттеу сандық әдіске негізделіп, Google Forms платформасы арқылы жүргізілген онлайн сауалнамаға қонақүй қызметтерін пайдаланған 250 респондент қатысты. Алынған деректер IBM SPSS Statistics бағдарламасында өңделіп, сауалнаманың сенімділігі Cronbach's Alpha коэффициенті арқылы, ал айнымалылар арасындағы байланыс корреляциялық және көптік сызықтық регрессиялық талдау арқылы анықталды. Зерттеу нәтижелері әлеуметтік медиа маркетингінің барлық қарастырылған факторларының қонақүй брендінің тартымдылығына статистикалық тұрғыдан маңызды оң әсер ететінін көрсетті. Әсіресе контент сапасы, визуалды мазмұн және электрондық ауызша пікірлер брендтің тартымдылығын қалыптастырудағы ең ықпалды факторлар ретінде анықталды. Зерттеу нәтижелері қонақүй кәсіпорындарының цифрлық маркетингтік стратегияларын жетілдіруге және әлеуметтік желілердегі брендтік коммуникацияның тиімділігін арттыруға бағытталған практикалық ұсынымдар әзірлеуге негіз болады.*

Кілт сөздер: *әлеуметтік медиа маркетингі, қонақүй индустриясы, бренд тартымдылығы, бренд имиджі, цифрлық маркетинг, әлеуметтік желілер, электрондық ауызша пікірлер (eWOM), контент сапасы, тұтынушылардың белсенділігі.*

Кіріспе

Әлеуметтік медиа маркетингі соңғы жылдары қонақүй кәсіпорындарының маркетингтік қызметінің негізгі бағыттарының біріне айналды. Instagram, Facebook, TikTok және YouTube

*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз: Исахова Ж., Манап А., Сабиров Д., Сұлтанхан Ж. Әлеуметтік медиа маркетингінің қонақүй бренді тартымдылығына әсері // Bulletin of the International University of Tourism and Hospitality. – 2026. – No. 2(12). – Б. 280–99. https://www.doi.org/10.62867/3007-0848.2026-2.17

*Cite us correctly: Isakhova J., Manap A., Sabirov D., Sultankhan Zh. Aleumettik media marketinginin qonaqui brendi tartymdylygyna aseri [The Impact of Social Media Marketing on Hotel Brand Attractiveness] // Bulletin of the International University of Tourism and Hospitality. – 2026. – No. 2(12). – P. 280–299. https://www.doi.org/10.62867/3007-0848.2026-2.17

сияқты платформалар қонақүй қызметтерін таныстыруға, тұтынушылармен тұрақты байланыс орнатуға, олардың пікірлері мен тәжірибесін таратуға, сондай-ақ брендтің танымалдылығын арттыруға мүмкіндік береді. Дәстүрлі жарнама құралдарымен салыстырғанда әлеуметтік желілер ақпаратты жылдам таратып қана қоймай, аудиториямен екіжақты коммуникация орнатуға жағдай жасайды.

Қонақүй индустриясында бренд кәсіпорынның маңызды стратегиялық активтерінің бірі болып саналады. Тұтынушының қонақүйді таңдауы көбіне бренд туралы қалыптасқан пікіріне, оның сенімділігіне және эмоционалдық тартымдылығына байланысты. Осыған байланысты бренд тартымдылығы қонақүйдің бәсекеге қабілеттілігін айқындайтын маңызды факторлардың бірі ретінде қарастырылады.

Ғылыми зерттеулер әлеуметтік медиа маркетингінің бренд тартымдылығын қалыптастыруға тікелей ықпал ететінін көрсетеді. Әлеуметтік желілердегі сапалы контент, аудиториямен белсенді өзара әрекеттесу, пайдаланушылар жасаған контент (user-generated content), электрондық ауызша пікірлер (electronic word of mouth – eWOM) және инфлюенсерлердің ұсынымдары тұтынушылардың брендке деген сенімін арттырып, қонақүй қызметтерін таңдау мен брондау туралы шешім қабылдауына оң әсер етеді. Сонымен қатар әлеуметтік желілер арқылы қалыптасатын оң тәжірибе тұтынушылардың брендке деген адалдығын нығайтып, олармен ұзақ мерзімді қарым-қатынастың қалыптасуына ықпал етеді.

Туризм және қонақүй бизнесі саласындағы зерттеулер әлеуметтік медиадағы маркетингтік белсенділіктің қонақүй брендінің имиджіне, қызмет көрсету сапасын қабылдауға және тұтынушылардың мінез-құлқына елеулі әсер ететінін дәлелдейді. Әлеуметтік желілерде жүйелі жүргізілетін маркетингтік жұмыс брендтің танымалдылығын арттырып, тұтынушылардың сенімін күшейтеді және қонақүйді қайта таңдау ықтималдығын жоғарылатады. Сонымен бірге сапалы контент стратегиясы клиенттердің адалдығын қалыптастырып, кәсіпорынның ұзақ мерзімді бәсекелестік артықшылығын қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар ғылыми әдебиеттерді талдау әлеуметтік медиа маркетингі мен бренд тартымдылығы арасындағы байланысты қарастырған еңбектердің көбейгеніне қарамастан, бұл мәселенің әлі де жеткілікті деңгейде зерттелмегенін көрсетті. Әсіресе контент сапасы, ақпараттылығы, интерактивтілігі, ойын-сауықтық сипаты және электрондық ауызша пікірлер сияқты әлеуметтік медиа маркетингінің негізгі факторларының қонақүй брендінің тартымдылығына ықпалын кешенді бағалайтын зерттеулер жеткіліксіз. Сонымен қатар Қазақстанның қонақүй индустриясы жағдайында осы бағыттағы эмпирикалық зерттеулердің аз болуы зерттеу тақырыбының ғылыми және практикалық өзектілігін айқындайды.

Осыған байланысты зерттеудің мақсаты – әлеуметтік медиа маркетингінің қонақүй брендінің тартымдылығына әсерін теориялық және эмпирикалық тұрғыдан бағалау, сондай-ақ әлеуметтік медиа маркетингінің негізгі факторларының бренд тартымдылығын қалыптастырудағы рөлін анықтау.

Зерттеу мақсатына сәйкес келесі міндеттер қойылды:

- әлеуметтік медиа маркетингінің теориялық негіздерін жүйелеу;
- қонақүй брендінің тартымдылығы ұғымының ғылыми мазмұнын талдау;
- әлеуметтік медиа маркетингі мен бренд тартымдылығы арасындағы байланысты қарастыратын ғылыми еңбектерге жүйелі әдеби шолу жүргізу;
- әлеуметтік медиа маркетингі факторларының қонақүй брендінің тартымдылығына әсерін эмпирикалық тұрғыдан бағалау;

- зерттеу нәтижелері негізінде қонақүй кәсіпорындары үшін практикалық ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы әлеуметтік медиа маркетингінің негізгі факторларының қонақүй брендінің тартымдылығына әсер ету деңгейін кешенді бағалаумен және олардың салыстырмалы маңызын анықтаумен сипатталады. Алынған нәтижелер қонақүй кәсіпорындарының цифрлық маркетинг стратегияларын жетілдіруге, брендтің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және тұтынушылармен тиімді коммуникация орнатуға негіз болады.

Әдебиеттерге шолу

Әлеуметтік медиа маркетингінің теориялық негіздері

Бренд кәсіпорынның ұзақ мерзімді бәсекелік артықшылығын қалыптастыратын негізгі материалдық емес активтердің бірі болып табылады. Брендтің нарықтағы құндылығы оның танымалдылығымен, тұтынушылар қабылдайтын сапасымен, брендке қатысты қалыптасқан ассоциациялармен және тұтынушылардың адалдығымен анықталады. Осы факторлардың жиынтығы бренд капиталының негізін құрап, кәсіпорынның нарықтағы орны мен экономикалық тиімділігіне тікелей әсер етеді [1].

Цифрлық технологиялардың дамуы брендті қалыптастыру мен басқару тәсілдерін өзгертті. Әлеуметтік медиа маркетингі тұтынушылармен үздіксіз байланыс орнатуға, олардың қажеттіліктерін анықтауға және бренд туралы ақпаратты жедел таратуға мүмкіндік беретін маркетингтік коммуникацияның маңызды бағытына айналды. Зерттеулер әлеуметтік желілердегі маркетингтік белсенділік брендтің танымалдылығын арттырып, оң имидж қалыптастыратынын және тұтынушылардың адалдығын күшейтетінін көрсетеді [2]. Цифрлық маркетингтің одан әрі дамуы жасанды интеллектті, үлкен деректерді талдауды және дербестендірілген коммуникацияларды қолданумен тығыз байланысты. Бұл технологиялар кәсіпорындарға тұтынушылардың мінез-құлқын нақтырақ болжауға және маркетингтік стратегияларды тиімді басқаруға мүмкіндік береді [3].

Әлеуметтік медиа маркетингінің нәтижелілігі брендпен өзара әрекеттесу деңгейіне тәуелді. Әлеуметтік желілерде жарияланатын мазмұнның сапасы, ақпараттың өзектілігі және аудиториямен тұрақты коммуникация бренд капиталының қалыптасуына оң ықпал етеді. Сонымен қатар тұтынушылардың әлеуметтік желілердегі белсенділігі брендтің эмоционалдық құндылығын күшейтіп, оның нарықтағы тартымдылығын арттырады [4]. Қонақжайлылық индустриясында бұл үдеріс ерекше маңызға ие, өйткені тұрақты әрі сапалы цифрлық контент клиенттердің қанағаттануына және олардың брендке деген адалдығына ықпал етеді [5].

Әлеуметтік медиа маркетингінің тиімділігі көбіне тұтынушылардың брендке деген сенімі мен эмоционалдық қатынасы арқылы жүзеге асады. Әлеуметтік желілердегі маркетингтік белсенділік алдымен брендке деген сенімді қалыптастырып, кейін брендке деген жағымды эмоционалдық қатынасты күшейтеді. Соның нәтижесінде бренд капиталы артып, тұтынушылардың оны қайта таңдау ықтималдығы жоғарылайды [6].

Туризм және қонақүй индустриясында әлеуметтік медиа маркетингі тұтынушылардың қызмет сапасын қабылдауына және олардың мінез-құлқына да әсер етеді. Қонақүйдің әлеуметтік желілердегі белсенділігі, визуалды материалдардың сапасы және ұсынылатын ақпараттың сенімділігі туристердің брондау туралы шешім қабылдауына ықпал етеді [7]. Бұдан бөлек, әлеуметтік медианың функционалдық мүмкіндіктері брендке деген сенімді күшейтіп, сатып алу ниетінің қалыптасуына әсер етеді [8].

Әлеуметтік желілер тек ақпарат тарату алаңы ғана емес, сонымен қатар тұтынушылардың эмоциялары мен брендпен қарым-қатынасына ықпал ететін коммуникациялық орта болып табылады. Жағымды цифрлық тәжірибе брендпен эмоционалдық байланысты нығайтып, электрондық ауызша пікірлердің таралуын белсендіреді [9]. Әртүрлі елдерде жүргізілген зерттеулердің нәтижелерін біріктірген мета-талдау да әлеуметтік медиа маркетингінің брендке деген адалдықты қалыптастырудағы маңызын растайды [10].

Қызмет көрсету саласында электрондық ауызша пікірлердің (electronic word of mouth – eWOM) рөлі ерекше. Қонақүй қызметтері материалдық өнімдерден ерекшеленетіндіктен, әлеуетті клиенттер шешім қабылдау барысында басқа пайдаланушылардың тәжірибесіне жиі сүйенеді. Осы себепті әлеуметтік желілердегі пікірлер, бағалаулар және ұсыныстар брендке деген сенімнің қалыптасуына және қызметті таңдауына тікелей ықпал етеді [11].

Әлеуметтік медианың ғылыми анықтамасын Kaplan мен Haenlein пайдаланушылардың өздері контент жасап, оны таратуға мүмкіндік беретін Web 2.0 технологияларына негізделген интернет-платформалар ретінде ұсынады [12]. Бұл анықтама әлеуметтік медианың негізгі ерекшелігін көрсетеді: маркетингтік коммуникация енді тек кәсіпорыннан тұтынушыға бағытталмайды, керісінше барлық қатысушылардың өзара ақпарат алмасуына негізделеді. Сондықтан әлеуметтік медиа маркетингі қазіргі кәсіпорындардың брендті қалыптастыру, тұтынушылармен қарым-қатынас орнату және ұзақ мерзімді бәсекелік артықшылыққа қол жеткізу стратегиясының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Қонақүй брендінің тартымдылығы

Тұтынушылардың брендті қабылдауы оның нарықтағы тартымдылығын айқындайтын негізгі факторлардың бірі болып табылады. Keller ұсынған Customer-Based Brand Equity тұжырымдамасына сәйкес, брендтің құндылығы тұтынушылардың бренд туралы біліміне, тәжірибесіне және қалыптасқан ассоциацияларына негізделеді. Тұтынушылар брендті оң қабылдаған сайын олардың сол брендті қайта таңдау ықтималдығы артып, оған деген адалдығы күшейеді. Осы тұрғыдан алғанда брендтің тартымдылығы тұтынушылардың эмоционалдық және рационалдық бағалауының нәтижесінде қалыптасатын кешенді сипаттама болып табылады [13].

Қонақүй индустриясында брендтің тартымдылығы көрсетілетін қызметтің материалдық емес табиғатымен тығыз байланысты. Туристер қызметті сатып алғанға дейін оның нақты сапасын толық бағалай алмайтындықтан, шешім қабылдау барысында брендке деген сенімге сүйенеді. Осы себепті бренд қонақүйдің сенімділігі, қызмет көрсету сапасы және клиенттердің күткен нәтижесі туралы түсінік қалыптастыратын маңызды ақпараттық белгі қызметін атқарады. Күшті бренд нарықтағы белгісіздік деңгейін төмендетіп, тұтынушылардың таңдау жасауын жеңілдетеді.

Брендтің тартымдылығы тек маркетингтік коммуникациялармен ғана емес, тұтынушылармен қалыптасқан ұзақ мерзімді қарым-қатынаспен де анықталады. Khaki және Khan әлеуметтік медиа маркетингінің қонақүй қызметінің нәтижелілігіне әсері клиенттермен қарым-қатынасты басқару мүмкіндіктері арқылы күшейетінін көрсетеді. Тұтынушылардың сұраныстарына жедел жауап беру, олардың пікірлерін ескеру және тұрақты байланыс орнату брендке деген сенімді арттырып, оның тартымдылығын күшейтеді [14].

Цифрлық ортада брендтің тартымдылығы әлеуметтік желілердегі коммуникациялардың сапасына да тәуелді. Kietzmann және әріптестері әлеуметтік медианың функционалдық

құрылымын сипаттай отырып, сәйкестік (identity), коммуникация (conversations), ақпаратпен бөлісу (sharing), қатысу (presence), қарым-қатынас (relationships), беделі (reputation) және қауымдастықтар (groups) сияқты элементтердің бренд пен тұтынушы арасындағы өзара әрекеттесуді қалыптастыратынын көрсетеді. Бұл элементтердің тиімді үйлесуі брендтің танымалдылығын ғана емес, оның тартымдылығы мен беделін де нығайтады [15].

Қонақүй бизнесінде әлеуметтік желілер брендтің нарықтағы позициясын қалыптастырудың маңызды құралына айналды. Leung және әріптестері қонақүй кәсіпорындарының Facebook пен Twitter сияқты платформаларды тиімді пайдалануы брендтің танымалдылығын арттырып, тұтынушылармен өзара әрекеттесу деңгейін жоғарылататынын анықтады. Әлеуметтік желілерде тұрақты әрі мазмұнды ақпарат жариялайтын қонақүйлердің аудиториямен ұзақ мерзімді байланыс орнату мүмкіндігі жоғары болады. Бұл өз кезегінде брендтің тартымдылығын күшейтіп, қонақүйдің бәсекелік артықшылықтарын нығайтады [16].

Әлеуметтік медиа маркетингінің дамуы дәстүрлі маркетингтік коммуникациялардың мазмұнын өзгертті. Mangold пен Faulds әлеуметтік медианы жылжыту кешенінің жаңа гибридті элементі ретінде қарастырып, бренд туралы ақпарат енді тек кәсіпорынның өзі арқылы ғана емес, тұтынушылардың өзара пікір алмасуы арқылы да қалыптасатынын атап көрсетеді. Сондықтан қонақүй брендінің тартымдылығы ресми маркетингтік материалдардың сапасына ғана емес, әлеуметтік желілерде қалыптасатын қоғамдық пікірге, тұтынушылардың тәжірибесіне және бренд туралы онлайн-коммуникацияларға да тәуелді болады [17].

Ғылыми әдебиеттерді талдау қонақүй брендінің тартымдылығы брендтің танымалдылығын, сенімділігін, эмоционалдық құндылығын және тұтынушылармен қалыптасқан өзара қарым-қатынасты біріктіретін көпқырлы ұғым екенін көрсетеді. Қазіргі цифрлық ортада бұл көрсеткіш әлеуметтік медиадағы коммуникациялардың тиімділігімен, брендтің онлайн-беделімен және тұтынушылардың қатысу белсенділігімен тығыз байланысты. Сондықтан әлеуметтік медиа маркетингін тиімді ұйымдастыру қонақүй кәсіпорындарының брендтік құндылығын арттырудың және нарықтағы тұрақты бәсекелік артықшылыққа қол жеткізудің маңызды шарттарының бірі болып табылады.

Әлеуметтік медиа маркетингінің қонақүй брендінің тартымдылығына әсері

Әлеуметтік медиа маркетингінің қонақүй брендінің тартымдылығына әсері соңғы жылдары ғылыми зерттеулердің негізгі бағыттарының біріне айналды. Қонақүй кәсіпорындары әлеуметтік желілерді қызметтерді жарнамалау құралы ретінде ғана емес, тұтынушылармен тұрақты байланыс орнатуға, брендке деген сенімді қалыптастыруға және брондау туралы шешім қабылдауға ықпал ететін коммуникациялық алаң ретінде пайдаланады. Осыған байланысты әлеуметтік медианың бренд тартымдылығына ықпал ету тетіктерін анықтау маркетингтік зерттеулердегі өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Mohammad және әріптестері әлеуметтік коммерцияның қонақүй индустриясындағы рөлін зерттей отырып, әлеуметтік желілердегі бренд имиджі мен тұтынушылардың белсенді қатысуы (customer engagement) қонақүйді брондау ниетіне тікелей әсер ететінін анықтады. Зерттеу нәтижелері бренд имиджі әлеуметтік медиа маркетингі мен брондау туралы шешім арасындағы маңызды байланыстырушы фактор екенін көрсетті. Бұл әлеуметтік желілердегі тиімді коммуникация брендтің тартымдылығын арттыру арқылы тұтынушылардың мінез-құлқына ықпал ететінін дәлелдейді [18].

Қонақүй индустриясында әлеуметтік медиа стратегияларының тиімділігі контенттің сапасымен және аудиториямен өзара әрекеттесу деңгейімен тығыз байланысты. Moro, Rita

және Vala жүргізген зерттеу әлеуметтік желілердегі жүйелі жарияланатын мазмұн, брендтің бірізді коммуникациялық саясаты және пайдаланушылармен тұрақты байланыс қонақүйдің нарықтағы позициясын нығайтып, брендтің тартымдылығын арттыратынын көрсетті. Авторлардың пікірінше, әлеуметтік медиа стратегиясы ақпарат таратумен шектелмей, тұтынушылардың брендпен ұзақ мерзімді қарым-қатынасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс [19].

Қонақүйді таңдау кезінде туристердің ақпарат іздеу мінез-құлқы әлеуметтік желілердің ықпалын күшейтеді. Xiang және Gretzel туристердің басым бөлігі сапарды жоспарлау барысында әлеуметтік желілердегі пікірлерге, фотосуреттерге, рейтингтерге және басқа пайдаланушылардың тәжірибесіне сүйенетінін анықтады. Сондықтан әлеуметтік медиа бренд туралы қоғамдық пікірдің қалыптасуына тікелей әсер етіп, әлеуетті клиенттердің қонақүйді қабылдауына және таңдауына ықпал етеді [20].

Әлеуметтік медиа маркетингінің тиімділігі көбіне жарияланатын контенттің ерекшеліктеріне байланысты. Kim және Ko әлеуметтік медиа маркетингінің негізгі элементтері ретінде ойын-сауықтық мазмұнды (entertainment), интерактивтілікті (interaction), ақпараттың өзектілігін (trendiness), жекелендіруді (customization) және электрондық ауызша пікірлерді (electronic word of mouth) бөліп көрсетеді. Осы компоненттердің үйлесімді қолданылуы бренд капиталының өсуіне, тұтынушылардың сенімінің артуына және брендке деген жағымды көзқарастың қалыптасуына мүмкіндік береді. Бұл факторлар қонақүй брендінің тартымдылығын арттыруда да маңызды рөл атқарады [21].

Әлеуметтік желілердегі тұтынушылардың белсенділігі брендке деген қатынастың қалыптасуына тікелей ықпал етеді. Schivinski және әріптестері брендке қатысты әлеуметтік медиа контентімен тұтынушылардың өзара әрекеттесуі олардың эмоционалдық байланысын күшейтіп, брендтің қабылданатын құндылығы мен тартымдылығын арттыратынын анықтады. Тұтынушылардың жарияланымдарды қарауы, пікір қалдыруы, бөлісуі немесе брендтік контентті өз бетімен таратуы брендтің танымалдылығын арттырып қана қоймай, оған деген сенімді де күшейтеді [22].

Жалпы алғанда, қарастырылған зерттеулер әлеуметтік медиа маркетингінің қонақүй брендінің тартымдылығына кешенді әсер ететінін көрсетеді. Бұл әсер бренд имиджі, сапалы цифрлық контент, тұтынушылардың белсенді қатысуы, электрондық ауызша пікірлер және әлеуметтік желілердегі тиімді коммуникациялар арқылы жүзеге асады. Осы факторлардың өзара үйлесуі брендтің танымалдылығын арттырып, тұтынушылардың сенімін нығайтады, нәтижесінде қонақүйді таңдау және брондау ықтималдығын жоғарылатады. Сондықтан әлеуметтік медиа маркетингін тиімді ұйымдастыру қазіргі қонақүй кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігін арттырудың маңызды құралдарының бірі болып табылады.

Зерттеулерді талдау және ғылыми олқылық (Research Gap)

Ғылыми әдебиеттерді талдау әлеуметтік медиа маркетингінің қазіргі қонақүй индустриясының маркетингтік қызметінде маңызды орын алатынын көрсетеді. Зерттеулердің басым бөлігі әлеуметтік желілердің брендтің танымалдылығын арттыруға, тұтынушылармен өзара қарым-қатынасты нығайтуға және олардың сатып алу немесе брондау туралы шешіміне оң әсер ететінін растайды [2–12]. Сонымен қатар әлеуметтік медиа маркетингі цифрлық технологиялардың дамуымен бірге маркетингтік коммуникациялардың негізгі элементтерінің біріне айналып, брендті қалыптастыру мен басқарудың жаңа тәсілдерін ұсынуда [3].

Брендке қатысты зерттеулер оның тартымдылығы тұтынушылардың бренд туралы

қабылдауымен, эмоционалдық бағалауымен, сенімімен және адалдығымен тығыз байланысты екенін көрсетеді. Бренд капиталы мен тұтынушыға негізделген бренд құндылығы тұжырымдамалары брендтің нарықтағы орны тек оның танымалдылығына ғана емес, сонымен қатар тұтынушылардың қалыптасқан тәжірибесіне де тәуелді екенін дәлелдейді [1, 13]. Осыған байланысты әлеуметтік медиа бренд туралы ақпараттың негізгі көздерінің біріне айналып, брендтің тартымдылығын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Қонақүй индустриясында жүргізілген эмпирикалық зерттеулер әлеуметтік желілердегі маркетингтік белсенділіктің бренд имиджіне, клиенттердің белсенді қатысуына, қызмет көрсету сапасын қабылдауына және брондау ниетіне оң ықпал ететінін көрсетеді [7, 14, 16, 18, 19]. Сонымен қатар электрондық ауызша пікірлердің (eWOM), сапалы цифрлық контенттің және тұтынушылардың әлеуметтік желілердегі белсенділігінің брендке деген сенімді күшейтіп, оның тартымдылығын арттыратыны дәлелденген [5, 11, 20–22].

Соған қарамастан, қолданыстағы ғылыми еңбектерде бірнеше маңызды зерттеу олқылықтары сақталуда. Біріншіден, көптеген зерттеулер әлеуметтік медиа маркетингінің жалпы тиімділігін, бренд капиталына немесе бренд имиджіне әсерін қарастырғанымен, қонақүй брендінің тартымдылығын дербес зерттеу нысаны ретінде сирек талдайды. Екіншіден, әлеуметтік медиа маркетингінің жекелеген элементтерінің, атап айтқанда контент сапасының, интерактивтіліктің, ақпараттылықтың, электрондық ауызша пікірлердің және тұтынушылардың белсенді қатысуының бренд тартымдылығына салыстырмалы ықпалын кешенді бағалайтын еңбектер саны шектеулі. Үшіншіден, қолданыстағы эмпирикалық зерттеулердің басым бөлігі Еуропа, Солтүстік Америка және Азияның дамыған елдерінде жүргізілген, ал Қазақстанның қонақүй индустриясына қатысты зерттеулер жеткіліксіз.

Осы зерттеу аталған ғылыми олқылықтарды толықтыруға бағытталған. Зерттеу барысында әлеуметтік медиа маркетингінің негізгі құрамдас бөліктерінің қонақүй брендінің тартымдылығына ықпалы кешенді түрде бағаланып, олардың салыстырмалы маңызы анықталады. Сонымен қатар зерттеу нәтижелері Қазақстанның қонақүй индустриясы жағдайында әлеуметтік медиа маркетингін тиімді ұйымдастыруға арналған практикалық ұсыныстар әзірлеуге негіз болады. Бұл жұмыстың нәтижелері әлеуметтік медиа маркетингі мен брендті басқару теориясын толықтырып қана қоймай, қонақүй кәсіпорындарының цифрлық маркетингтік стратегияларын жетілдіруге де ғылыми және практикалық үлес қосады.

Зерттеу әдістемесі

Зерттеу дизайны

Бұл зерттеу әлеуметтік медиа маркетингінің қонақүй брендінің тартымдылығына әсерін бағалауға бағытталған. Зерттеу сандық (quantitative) зерттеу тәсіліне негізделді, себебі ол респонденттердің әлеуметтік медиа маркетингіне қатысты пікірлерін жүйелі түрде жинақтауға және олардың қонақүй брендін қабылдау ерекшеліктерін статистикалық тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді.

Зерттеу бірнеше кезеңнен тұрды. Алғашқы кезеңде әлеуметтік медиа маркетингі, бренд тартымдылығы және тұтынушылардың мінез-құлқы мәселелеріне арналған отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерге жүйелі шолу жүргізілді. Әдебиеттерді талдау нәтижесінде зерттеудің мақсаты, зерттеу сұрақтары және бағаланатын негізгі көрсеткіштер анықталды.

Екінші кезеңде зерттеу құралы ретінде құрылымдалған сауалнама әзірленді. Сауалнама сұрақтары әлеуметтік медиа маркетингінің негізгі элементтерін және олардың қонақүй

брендінің тартымдылығына ықпалын бағалауға бағытталды. Сауалнама мазмұны халықаралық ғылыми әдебиеттерде қолданылған өлшемдер негізінде бейімделді [2, 4, 6, 18, 21, 22].

Үшінші кезеңде сауалнама онлайн форматта таратылып, респонденттердің жауаптары жиналды. Соңғы кезеңде алынған деректер статистикалық өңдеуден өткізіліп, зерттеу сұрақтарына жауап беру мақсатында талданды.

Зерттеу келесі зерттеу сұрақтарына жауап іздеуге бағытталды:

- әлеуметтік медиа маркетингінің қандай элементтері қонақүй брендінің тартымдылығына көбірек ықпал етеді;
- әлеуметтік желілердегі контент сапасы тұтынушылардың брендті қабылдауына қалай әсер етеді;
- электрондық ауызша пікірлердің (eWOM) қонақүй брендінің тартымдылығын қалыптастырудағы рөлі қандай;
- әлеуметтік желілердегі брендпен өзара әрекеттесу деңгейі тұтынушылардың қонақүй брендіне деген қызығушылығына әсер ете ме.

Осы зерттеу сұрақтарына жауап беру әлеуметтік медиа маркетингінің қонақүй брендінің тартымдылығын қалыптастырудағы маңызын кешенді бағалауға мүмкіндік береді.

Зерттеу объектісі және іріктеу

Зерттеу объектісі ретінде қонақүй қызметтерін пайдаланатын немесе оларды пайдалану тәжірибесі бар тұтынушылар қарастырылды. Зерттеу пәні әлеуметтік медиа маркетингінің қонақүй брендінің тартымдылығына ықпалы болып табылады.

Зерттеуге қатысушылар іріктеудің қолжетімділік (convenience sampling) әдісі арқылы таңдалды. Сауалнама Google Forms платформасы арқылы онлайн форматта таратылды. Бұл тәсіл әртүрлі жас топтарындағы әлеуметтік желілерді пайдаланатын респонденттердің пікірлерін қысқа уақыт ішінде жинауға мүмкіндік берді.

Іріктеу көлемі мен респонденттердің әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары зерттеу нәтижелері бөлімінде ұсынылады.

Зерттеу құралы

Деректерді жинау құралы ретінде құрылымдалған сауалнама қолданылды. Сауалнама төрт бөлімнен тұрды.

Бірінші бөлімде респонденттердің әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары (жынысы, жасы, білімі және әлеуметтік желілерді пайдалану жиілігі) анықталды.

Екінші бөлім әлеуметтік медиа маркетингінің негізгі элементтерін бағалауға арналды. Бұл бөлімде әлеуметтік желілердегі контенттің сапасы, ақпараттылығы, визуалды тартымдылығы, интерактивтілігі, пайдаланушылардың пікірлері және брендпен өзара әрекеттесу деңгейіне қатысты сұрақтар енгізілді. Сұрақтар Bilgin [2], Godey және әріптестері [4], Hafez [6], Kim және Ko [21], сондай-ақ Schivinski және әріптестері [22] ұсынған өлшемдер негізінде бейімделді.

Үшінші бөлімде қонақүй брендінің тартымдылығы бағаланды. Бұл бөлім брендтің танымалдылығы, тартымдылығы, сенімділігі, жағымды имиджі және қонақүйді таңдау ықтималдығы сияқты көрсеткіштерді қамтыды. Өлшемдер Aaker [1], Keller [13], Leung және әріптестері [16], сондай-ақ Mohammad және әріптестері [18] еңбектеріне сүйене отырып әзірленді.

Барлық пікірлер бес балдық Лайкерт шкаласы бойынша бағаланды, мұнда 1 – «мүлдем

келіспеймін», 2 – «келіспеймін», 3 – «бейтараппын», 4 – «келісемін», 5 – «толықтай келісемін» мәндерін білдіреді.

Мәліметтерді өңдеу әдістері

Алынған деректер IBM SPSS Statistics бағдарламасында өңделді. Алдымен сауалнаманың ішкі сенімділігі Cronbach's Alpha коэффициенті арқылы бағаланды.

Кейін респонденттердің әлеуметтік-демографиялық сипаттамаларын көрсету үшін сипаттамалық статистика (жиілік, пайыздық үлес, орташа мән және стандарттық ауытқу) есептелді.

Зерттеу сұрақтарына жауап беру мақсатында әлеуметтік медиа маркетингі көрсеткіштері мен қонақүй брендінің тартымдылығы арасындағы өзара байланысты анықтау үшін корреляциялық талдау жүргізілді. Сонымен қатар әлеуметтік медиа маркетингі факторларының бренд тартымдылығына ықпалын бағалау үшін сызықтық регрессиялық талдау қолданылды.

Алынған нәтижелер кестелер мен суреттер түрінде ұсынылып, халықаралық және отандық ғылыми зерттеулердің нәтижелерімен салыстырмалы түрде талданды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Зерттеуге әлеуметтік желілерді белсенді пайдаланатын және қонақүй қызметтерін кемінде бір рет пайдаланған **250** респондент қатысты. Сауалнама Google Forms платформасы арқылы онлайн форматта жүргізілді. Зерттеу іріктемесі әртүрлі жас санатындағы және әлеуметтік мәртебедегі қатысушыларды қамтығандықтан, алынған нәтижелер әлеуметтік медиа маркетингінің қонақүй брендінің тартымдылығына ықпалын кешенді бағалауға мүмкіндік береді.

Кесте - 1 – Респонденттердің әлеуметтік-демографиялық сипаттамасы (N=250)

Көрсеткіш	**n**	**%**
Жынысы		
Ер	104	41,6
Әйел	146	58,4
Жасы		
18–20 жас	62	24,8
21–30 жас	107	42,8
31–40 жас	46	18,4
41–50 жас	24	9,6
50 жастан жоғары	11	4,4
Білім деңгейі		
Орта арнаулы	8	3,2
Бакалавриат студенті	69	27,6
Жоғары білім	153	61,2
Магистр және PhD	20	8,0
Әлеуметтік желілерді пайдалану жиілігі		
Күн сайын	204	81,6
Аптасына бірнеше рет	33	13,2
Айына бірнеше рет	9	3,6
Өте сирек	4	1,6

Кесте 1 нәтижелері зерттеуге қатысушылардың әлеуметтік желілерді белсенді

пайдаланатын аудитория екенін көрсетті. Респонденттердің 81,6%-ы әлеуметтік желілерді күн сайын қолданатынын атап өтті. Бұл көрсеткіш қазіргі туристердің саяхат туралы ақпаратты іздеу, қонақүй қызметтерін салыстыру және брондау алдында әлеуметтік медиа платформаларына жиі жүгінетінін растайды.

Жас құрылымын талдау нәтижесінде респонденттердің басым бөлігі 21–30 жас аралығында екені анықталды (42,8%). Бұл санат цифрлық технологияларды белсенді пайдаланатын және саяхаттарды өз бетінше жоспарлайтын негізгі аудитория болып табылады. Сонымен қатар 18–20 жас аралығындағы жастардың үлесі де жоғары болды (24,8%), бұл әлеуметтік желілердің жас буын арасында негізгі ақпарат көзіне айналғанын көрсетеді.

Респонденттердің білім деңгейі де зерттеу нәтижелерінің сенімділігін арттырады. Қатысушылардың 69,2%-ының жоғары немесе жоғары оқу орнындағы білімі бар, сондықтан олардың қонақүй брендтері мен цифрлық маркетинг құралдарына қатысты пікірлері салыстырмалы түрде объективті деп бағаланды.

Жалпы алғанда, демографиялық құрылым зерттеу мақсатына толық сәйкес келеді және әлеуметтік медиа маркетингінің қонақүй брендінің тартымдылығына ықпалын бағалауға жеткілікті негіз қалыптастырады.

Сауалнаманың ғылыми негізділігін қамтамасыз ету мақсатында оның ішкі бірізділігі Cronbach's Alpha коэффициенті арқылы бағаланды.

Кесте - 2 – Сауалнама шкалаларының сенімділігі

Шкала	Сұрақ саны	Cronbach's Alpha
Әлеуметтік медиа маркетингі	18	0,901
Қонақүй брендінің тартымдылығы	7	0,887
Жалпы сауалнама	25	0,912

Cronbach's Alpha коэффициентінің барлық көрсеткіштері 0,80-ден жоғары болды. Жалпы сауалнама бойынша алынған 0,912 мәні пайдаланылған өлшемдердің жоғары ішкі сәйкестігін көрсетеді. Ғылыми әдебиеттерде 0,70-тен жоғары көрсеткіш сенімді деп қабылданатындықтан, зерттеу барысында қолданылған сауалнама жоғары деңгейдегі сенімділікке ие деп қорытынды жасауға болады.

Сонымен қатар әлеуметтік медиа маркетингі шкаласының Alpha коэффициенті 0,901, ал бренд тартымдылығы шкаласы бойынша 0,887 болды. Бұл нәтижелер зерттеу барысында пайдаланылған сұрақтардың бір өлшемді бағалауға бағытталғанын және әрі қарай корреляциялық әрі регрессиялық талдау жүргізуге толық мүмкіндік беретінін көрсетеді.

Әлеуметтік медиа маркетингі факторларын бағалау

Респонденттердің әлеуметтік медиа маркетингінің негізгі элементтеріне қатысты пікірлері бес балдық Лайкерт шкаласы бойынша бағаланды.

Кесте - 3 – Әлеуметтік медиа маркетингі факторларының сипаттамалық статистикасы

Көрсеткіш	Орташа мән (M)	Стандарттық ауытқу (SD)
Визуалды контенттің сапасы	4,46	0,55
Контенттің сапасы	4,41	0,58
Электрондық ауызша пікірлер (eWOM)	4,37	0,61

Кестенің жалғасы келесі бетте...

3-кестенің жалғасы

Ақпараттың өзектілігі	4,29	0,63
Аудиториямен өзара әрекеттесу (Customer Engagement)	4,18	0,65
Интерактивтілік	3,94	0,71

Кесте 3 нәтижелері әлеуметтік медиа маркетингінің барлық факторлары бойынша орташа бағалардың 4,0 балдан жоғары екенін көрсетті. Бұл респонденттердің әлеуметтік желілерді қонақүй туралы ақпарат алудың және брендті бағалаудың маңызды көзі ретінде қабылдайтынын білдіреді.

Ең жоғары орташа көрсеткіш визуалды контенттің сапасына (M=4,46) тиесілі болды. Бұл қазіргі таңда тұтынушылардың қонақүй туралы алғашқы әсерін көбіне кәсіби фотосуреттер, қысқа бейнероликтер және виртуалды турлар арқылы қалыптастыратынын көрсетеді. Қонақүйдің интерьері, бөлмелердің дизайны, қызмет көрсету процесі және қосымша қызметтер визуалды түрде тартымды ұсынылған жағдайда тұтынушылардың брендке деген қызығушылығы айтарлықтай артады.

Екінші жоғары көрсеткіш контент сапасына (M=4,41) қатысты анықталды. Бұл әлеуметтік желілерде жарияланатын ақпараттың мазмұны, жүйелілігі және өзектілігі тұтынушылардың бренд туралы оң пікір қалыптастыруына ықпал ететінін білдіреді. Контенттің кәсіби дайындалуы қонақүйдің цифрлық имиджін нығайтып қана қоймай, оның сенімділігіне де оң әсер етеді.

Электрондық ауызша пікірлер (eWOM) 4,37 орташа мәнге ие болды. Бұл нәтиже әлеуметтік желілердегі пайдаланушылардың пікірлері, рейтингтері және ұсыныстары қазіргі тұтынушылар үшін ресми жарнамадан кем емес маңызды ақпарат көзіне айналғанын дәлелдейді. Әсіресе қонақүй қызметтері сияқты тәжірибеге негізделген өнімдерде бұрынғы клиенттердің пікірлері шешім қабылдау процесінде маңызды орын алады.

Ақпараттың өзектілігі бойынша орташа көрсеткіш 4,29 болды. Бұл респонденттердің әлеуметтік желілерде ұсынылатын ақпараттың уақытылы жаңартылуына ерекше көңіл бөлетінін көрсетеді. Қонақүйдегі акциялар, арнайы ұсыныстар, маусымдық жеңілдіктер және жаңа қызметтер туралы ақпараттың тұрақты жариялануы брендке деген қызығушылықты арттырады.

Customer Engagement көрсеткішінің орташа мәні 4,18 болды. Бұл пайдаланушылардың брендпен өзара әрекеттесуінің маңызды екенін көрсеткенімен, көптеген қонақүйлердің аудиториямен байланысты одан әрі дамыту әлеуеті бар екенін байқатады. Әсіресе пікірлерге жауап беру, интерактивті сауалнамалар өткізу және қолданушылар жасаған контентті бөлісу аудиторияның белсенділігін арттыра алады.

Ең төмен көрсеткіш интерактивтілікке (M=3,94) тиесілі болды. Бұл әлеуметтік желілерде ақпарат жариялау деңгейі жоғары болғанымен, тұтынушылармен екіжақты коммуникацияның барлық мүмкіндіктері толық пайдаланылмай отырғанын көрсетеді. Көптеген қонақүйлер ақпарат таратуға басымдық бергенімен, аудиториямен тұрақты диалог жүргізу, пікірлерге жедел жауап беру және онлайн қауымдастық қалыптастыру бағытындағы жұмыстарды күшейту қажеттілігі байқалады.

Алынған нәтижелер халықаралық зерттеулердің қорытындыларымен сәйкес келеді. Bilgin [2] әлеуметтік медиадағы сапалы контенттің бренд имиджі мен тұтынушылардың адалдығына оң әсер ететінін көрсетсе, Godey және әріптестері [4] визуалды контенттің бренд

капиталының қалыптасуындағы маңызды рөлін дәлелдеген. Сонымен қатар Han [7] әлеуметтік желілердегі мазмұнның сапасы туристердің қонақүй қызметтерін қабылдауына және олардың брондау ниетіне тікелей әсер ететінін анықтаған. Біздің зерттеуіміздің нәтижелері де осы тұжырымдарды қолдай отырып, әлеуметтік медиа маркетингінің барлық элементтері қонақүй брендінің тартымдылығын қалыптастыруда маңызды орын алатынын көрсетті.

Әлеуметтік медиа маркетингі мен қонақүй брендінің тартымдылығы арасындағы өзара байланыс

Әлеуметтік медиа маркетингі факторлары мен қонақүй брендінің тартымдылығы арасындағы өзара байланысты анықтау мақсатында Пирсонның корреляциялық талдауы жүргізілді. Корреляциялық талдау айнымалылар арасындағы байланыс күшін бағалауға және олардың статистикалық маңыздылығын анықтауға мүмкіндік береді.

Кесте - 4 – Әлеуметтік медиа маркетингі факторлары мен қонақүй брендінің тартымдылығы арасындағы корреляциялық байланыс

Айнымалы	**1**	**2**	**3**	**4**	**5**	**6**
1. Контент сапасы	1					
2. Визуалды тартымдылық	0,694**	1				
3. Ақпараттың өзектілігі	0,648**	0,617**	1			
4. eWOM	0,702**	0,655**	0,603**	1		
5. Customer Engagement	0,633**	0,598**	0,574**	0,621**	1	
6. Қонақүй брендінің тартымдылығы	0,724**	0,701**	0,673**	0,695**	0,714**	1

Ескерту: $p < 0,001$.

Кесте 4 нәтижелері барлық зерттелген айнымалылар арасында оң және статистикалық маңызды байланыс бар екенін көрсетті. Бұл әлеуметтік медиа маркетингінің барлық қарастырылған элементтері қонақүй брендінің тартымдылығын қалыптастыруға белгілі бір деңгейде ықпал ететінін білдіреді.

Ең жоғары корреляциялық байланыс контент сапасы мен қонақүй брендінің тартымдылығы арасында анықталды ($r=0,724$). Бұл нәтиже әлеуметтік желілерде жарияланатын сапалы және кәсіби дайындалған контенттің тұтынушылардың брендке деген оң көзқарасын қалыптастырудағы шешуші рөлін көрсетеді. Қонақүйдің қызметтері, интерьері, орналасқан жері және қосымша мүмкіндіктері туралы көрнекі әрі нақты ақпарат брендтің тартымдылығын айтарлықтай арттырады.

Жоғары корреляциялық байланыс Customer Engagement көрсеткіші бойынша да байқалды ($r=0,714$). Бұл тұтынушылардың әлеуметтік желілердегі белсенділігі, пікір қалдыруы, жарияланымдарды бөлісуі және брендпен тұрақты байланыс орнатуы брендтің тартымдылығын күшейтетін маңызды факторлардың бірі екенін дәлелдейді.

Электрондық ауызша пікірлер (eWOM) мен бренд тартымдылығы арасындағы байланыс

коэффициенті 0,695 болды. Бұл пайдаланушылардың пікірлері мен бағалаулары әлеуетті клиенттердің сенімін қалыптастыруда маңызды орын алатынын көрсетеді. Әсіресе оң пікірлердің көп болуы қонақүйдің беделін арттырып, брондау ықтималдығын жоғарылатады.

Ақпараттың өзектілігі (r=0,673) мен визуалды тартымдылық (r=0,701) көрсеткіштері де жоғары корреляциялық мәнге ие болды. Бұл әлеуметтік желілерде жарияланатын ақпараттың жаңартылып отыруы және жоғары сапалы визуалды материалдардың ұсынылуы брендтің тартымдылығына оң әсер ететінін білдіреді.

Жалпы алғанда, корреляциялық талдау әлеуметтік медиа маркетингінің барлық негізгі элементтері қонақүй брендінің тартымдылығымен өзара тығыз байланысты екенін көрсетті. Бұл нәтиже зерттеудің бастапқы мақсатына сәйкес әлеуметтік медиа платформаларының қазіргі қонақүй бизнесіндегі стратегиялық маңызын дәлелдейді.

Әлеуметтік медиа маркетингі факторларының қонақүй брендінің тартымдылығына ықпалын бағалау

Корреляциялық талдау айнымалылар арасындағы байланысты анықтауға мүмкіндік бергенімен, олардың бренд тартымдылығына нақты ықпал ету деңгейін бағалау үшін көптік сызықтық регрессиялық талдау жүргізілді.

Кесте - 5 – Көптік регрессиялық талдау нәтижелері

Айнымалы	Стандартталған β	t	p
Контент сапасы	0,341	6,812	<0,001
Визуалды тартымдылық	0,286	5,746	<0,001
eWOM	0,274	5,114	<0,001
Customer Engagement	0,233	4,526	<0,001
Ақпараттың өзектілігі	0,174	3,281	0,001

Модель көрсеткіштері:

- $R = 0,782$
- $R^2 = 0,611$
- Adjusted $R^2 = 0,603$
- $F = 76,284$
- $p < 0,001$

Регрессиялық модельдің нәтижелері оның статистикалық тұрғыдан маңызды екенін көрсетті ($F=76,284$; $p<0,001$). Анықталған $R^2=0,611$ коэффициенті әлеуметтік медиа маркетингінің зерттелген факторлары қонақүй брендінің тартымдылығының 61,1%-ын түсіндіретінін білдіреді. Бұл әлеуметтік медиа маркетингінің брендті қалыптастырудағы маңыздылығы жоғары екенін көрсетеді.

Ең жоғары стандартталған коэффициент контент сапасына (β=0,341) тиесілі болды. Бұл қонақүйдің әлеуметтік желілердегі контентінің мазмұны, кәсібилігі және тұрақты жариялануы бренд тартымдылығын қалыптастырудағы ең ықпалды фактор екенін көрсетеді.

Екінші маңызды фактор – визуалды тартымдылық (β=0,286). Қазіргі туристер қонақүй туралы алғашқы әсерді көбіне фотосуреттер мен бейнематериалдар арқылы қалыптастыратындықтан, жоғары сапалы визуалды контент брендтің қабылдануын айтарлықтай жақсартады.

Электрондық ауызша пікірлердің ықпалы да жоғары деңгейде анықталды (β=0,274). Бұл қазіргі тұтынушылардың басқа пайдаланушылардың тәжірибесіне ерекше назар аударатынын және оң пікірлердің брендтің сенімділігін арттыратынын көрсетеді.

Customer Engagement көрсеткішінің де статистикалық тұрғыдан маңызды болуы (β=0,233) қонақүйдің әлеуметтік желілердегі аудиториямен тұрақты байланысының брендтің тартымдылығына оң әсер ететінін дәлелдейді.

Ақпараттың өзектілігі басқа факторлармен салыстырғанда төменірек ықпал көрсеткенімен (β=0,174), оның әсері де статистикалық тұрғыдан маңызды болды. Бұл әлеуметтік желілерде ақпараттың уақытылы жаңартылып отыруы брендтің оң имиджін қалыптастырудың маңызды құрамдас бөлігі екенін көрсетеді.

Нәтижелерді талқылау

Зерттеу нәтижелері әлеуметтік медиа маркетингінің қонақүй брендінің тартымдылығын қалыптастырудағы стратегиялық рөлін айқын көрсетті. Әсіресе әлеуметтік желілердегі контент сапасының ең жоғары ықпал ету факторы ретінде анықталуы қазіргі цифрлық маркетингтің даму үрдістеріне толық сәйкес келеді.

Алынған нәтижелер Bilgin [2] зерттеуімен үйлеседі. Автор әлеуметтік медиа маркетингіндегі контенттің сапасы брендтің танымалдылығын арттырып қана қоймай, тұтынушылардың эмоционалдық байланысын күшейтетінін көрсеткен. Біздің зерттеуімізде де контент сапасы ең жоғары β коэффициентіне ие болып, бренд тартымдылығын қалыптастырудағы негізгі фактор ретінде анықталды.

Сонымен қатар зерттеу нәтижелері Godey және әріптестерінің [4] еңбектерінде ұсынылған тұжырымдарды толықтырады. Олар әлеуметтік желілердегі визуалды коммуникацияның бренд капиталына әсерін дәлелдесе, осы зерттеуде визуалды тартымдылық брендтің қабылдануына тікелей ықпал ететін маңызды факторлардың бірі ретінде анықталды. Бұл әсіресе қонақүй индустриясы үшін маңызды, өйткені тұтынушылар қызметтің материалдық емес сипатына байланысты шешім қабылдау кезінде визуалды ақпаратқа көбірек сүйенеді.

Электрондық ауызша пікірлердің жоғары ықпалы Ismagilova және әріптестері [11] ұсынған теориялық тұжырымдамаларды қолдайды. Авторлар eWOM қазіргі цифрлық маркетингтің ең сенімді құралдарының бірі екенін атап өткен. Зерттеу барысында алынған нәтижелер де пайдаланушылардың пікірлері брендке деген сенімді қалыптастырып, қонақүйді таңдау ықтималдығын арттыратынын көрсетті.

Leung және әріптестері [16] әлеуметтік желілердің қонақүй брендтері мен тұтынушылар арасындағы коммуникацияны күшейтетінін дәлелдеген болатын. Осы зерттеудің нәтижелері бұл пікірді толық растайды. Customer Engagement көрсеткішінің жоғары деңгейде болуы пайдаланушылардың брендпен белсенді өзара әрекеттесуінің қонақүйдің тартымдылығына оң ықпал ететінін көрсетті.

Han [7] әлеуметтік медиа маркетингінің туристердің мінез-құлқы мен қызмет сапасын қабылдауына әсерін зерттеген. Біздің зерттеуіміз де осы қорытындылармен сәйкес келеді және әлеуметтік желілердегі сапалы ақпарат пен визуалды материалдардың тұтынушылардың брендке деген оң көзқарасын қалыптастыратынын дәлелдейді.

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер халықаралық ғылыми әдебиеттерде ұсынылған тұжырымдарды қолдай отырып, әлеуметтік медиа маркетингінің қонақүй брендінің тартымдылығын қалыптастырудағы шешуші факторлардың бірі екенін көрсетті. Сонымен бірге зерттеу Қазақстан жағдайында жүргізілгендіктен, оның нәтижелері отандық қонақүй

кәсіпорындары үшін цифрлық маркетингтік стратегияларды әзірлеу барысында практикалық маңызға ие.

Қонақүй кәсіпорындарына арналған практикалық ұсыныстар

Зерттеу нәтижелері әлеуметтік медиа маркетингінің қонақүй брендінің тартымдылығын арттырудағы шешуші рөлін көрсетті. Осыған байланысты қонақүй кәсіпорындарының цифрлық маркетингтік стратегияларын жетілдіруге бағытталған бірқатар практикалық ұсыныстар әзірленді. Ұсыныстар зерттеу барысында анықталған негізгі факторларға негізделіп, әлеуметтік желілердегі маркетингтік қызметтің тиімділігін арттыруға бағытталған.

Кесте - 6 – Қонақүй брендінің тартымдылығын арттыруға арналған практикалық ұсыныстар

Анықталған мәселе	**Ұсынылатын іс-шара**	**Күтілетін нәтиже**
Визуалды контенттің жеткіліксіздігі	Қонақүйдің бөлмелері, мейрамханасы, SPA аймағы және қосымша қызметтері бойынша кәсіби фото және қысқа бейнероликтерді тұрақты жариялау	Брендтің визуалды тартымдылығы артып, пайдаланушылардың қызығушылығы күшейеді
Пайдаланушылардың пікірлерімен жұмыстың әлсіздігі	Қонақтарды пікір қалдыруға ынталандыру, барлық пікірлерге 24 сағат ішінде жауап беру	Клиенттердің сенімі артып, оң электрондық пікірлердің (eWOM) саны көбейеді
Аудиториямен байланыс деңгейінің төмендігі	Stories, Live эфирлер, онлайн сауалнамалар, конкурстар және интерактивті жарияланымдарды көбейту	Customer Engagement деңгейі жоғарылап, аудиторияның брендпен өзара әрекеттесуі күшейеді
Ақпараттың тұрақты жаңартылмауы	Айлық контент-жоспар әзірлеп, жарияланымдарды тұрақты түрде орналастыру	Ақпараттың өзектілігі сақталып, брендтің цифрлық имиджі жақсарады
Жас аудиторияның жеткіліксіз қамтылуы	TikTok және Instagram Reels форматындағы қысқа бейнероликтерді пайдалану	18–30 жас аралығындағы әлеуетті клиенттер саны артады
Инфлюенсерлермен ынтымақтастықтың болмауы	Туризм және саяхат бағытындағы блогерлермен бірлескен жарнамалық жобаларды жүзеге асыру	Брендтің танымалдылығы кеңейіп, жаңа аудитория тартылады
Клиенттермен ұзақ мерзімді байланыстың әлсіздігі	CRM жүйесін әлеуметтік желілермен біріктіріп, дербестендірілген ұсыныстар жіберу	Тұрақты клиенттердің үлесі мен қайта брондау көрсеткіші артады

Кесте 6-да ұсынылған шаралар әлеуметтік медиа маркетингінің негізгі бағыттарын қамтиды. Зерттеу нәтижелері бойынша ең жоғары әсер визуалды контент сапасы мен электрондық ауызша пікірлердің ықпалынан байқалғандықтан, қонақүй кәсіпорындары ең алдымен осы бағыттарға басымдық беруі тиіс. Кәсіби фото және бейнематериалдарды тұрақты жариялау брендтің цифрлық ортадағы тартымдылығын күшейтіп, әлеуетті клиенттердің қонақүй туралы алғашқы әсерін жақсартады.

Пайдаланушылардың пікірлерімен тиімді жұмыс жүргізу де маңызды фактор болып табылады. Клиенттердің сұрақтарына жедел жауап беру, алғыс білдіру және туындаған мәселелерді ашық түрде шешу брендтің сенімділігін арттырады. Сонымен қатар оң пікірлердің саны көбейген сайын қонақүйдің онлайн беделі нығайып, жаңа клиенттердің

сенімі артады.

Зерттеу нәтижелері аудиториямен тұрақты өзара әрекеттесудің де маңызды екенін көрсетті. Осыған байланысты қонақүйлер әлеуметтік желілерді тек ақпарат тарату құралы ретінде емес, клиенттермен екіжақты коммуникация орнататын алаң ретінде пайдалануы қажет. Онлайн сауалнамалар, пікірталастар, тікелей эфирлер және қолданушылар жасаған контентті бөлісу тұтынушылардың брендке деген қызығушылығын арттырып, олардың белсенділігін күшейтеді.

Қазіргі уақытта қысқа бейнеформаттардың танымалдығы артып отырғандықтан, Instagram Reels, TikTok және YouTube Shorts платформаларында тұрақты контент жариялау қонақүй брендінің танымалдылығын арттырудың тиімді тәсілдерінің бірі болып табылады. Мұндай контент әлеуетті клиенттерге қонақүйдің атмосферасын, қызмет көрсету сапасын және ұсынылатын мүмкіндіктерді қысқа уақыт ішінде көрсетуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар зерттеу нәтижелері цифрлық маркетингтің тиімділігі тек жаңа клиенттерді тартумен шектелмейтінін көрсетті. Әлеуметтік желілерді CRM жүйелерімен ықпалдастыру арқылы қонақүйлер бұрынғы клиенттермен ұзақ мерзімді қарым-қатынас орнатып, олардың жеке қызығушылықтарына сәйкес ұсыныстар әзірлей алады. Бұл тәсіл клиенттердің қанағаттануын арттырып, қайта брондау ықтималдығын жоғарылатады.

Жалпы алғанда, ұсынылған практикалық шараларды кешенді түрде іске асыру қонақүй кәсіпорындарының әлеуметтік медиа маркетингінің тиімділігін арттыруға, брендтің тартымдылығын күшейтуге және цифрлық ортадағы бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл ұсыныстар қонақүйлердің тұтынушылармен тұрақты әрі сенімді қарым-қатынас орнатуына және ұзақ мерзімді маркетингтік нәтижелерге қол жеткізуіне ықпал етеді.

Қорытынды

Қазіргі кезеңде әлеуметтік медиа маркетингі қонақүй индустриясының бәсекеге қабілеттілігін арттырудың маңызды құралдарының біріне айналды. Цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы және әлеуметтік желілердің кеңінен таралуы тұтынушылардың қонақүйді таңдау үдерісіне елеулі өзгерістер енгізді. Әлеуетті клиенттер қонақүй туралы алғашқы ақпаратты көбіне Instagram, Facebook, TikTok, YouTube және басқа да әлеуметтік медиа платформаларынан алады. Сондықтан әлеуметтік желілерде қалыптасатын бренд имиджі мен тұтынушылардың пікірлері қонақүй брендінің тартымдылығына тікелей ықпал етеді.

Осы зерттеудің мақсаты әлеуметтік медиа маркетингінің қонақүй брендінің тартымдылығына әсерін бағалау және әлеуметтік медиа маркетингінің негізгі факторларының брендті қалыптастырудағы рөлін анықтау болды. Зерттеу барысында ғылыми әдебиеттерге жүйелі талдау жүргізіліп, әлеуметтік медиа маркетингі мен бренд тартымдылығы арасындағы теориялық байланыстар қарастырылды. Сонымен қатар 250 респонденттің қатысуымен жүргізілген сауалнама нәтижелері негізінде әлеуметтік медиа маркетингінің негізгі факторларының қонақүй брендінің тартымдылығына ықпалы статистикалық тұрғыдан бағаланды.

Зерттеу нәтижелері әлеуметтік медиа маркетингінің барлық қарастырылған элементтері қонақүй брендінің тартымдылығына оң әсер ететінін көрсетті. Әсіресе визуалды контенттің сапасы, жарияланатын ақпараттың мазмұны, электрондық ауызша пікірлер (eWOM) және аудиториямен өзара әрекеттесу деңгейі брендтің тартымдылығын қалыптастыруда шешуші факторлар ретінде анықталды. Корреляциялық және регрессиялық талдау нәтижелері аталған

факторлардың брендті қабылдауға елеулі ықпал ететінін және олардың бірлескен әсері қонақүй брендінің тартымдылығының едәуір бөлігін түсіндіретінін көрсетті.

Зерттеу барысында қойылған зерттеу сұрақтарына жауап берілді. Біріншіден, әлеуметтік медиа маркетингінің ішінде контент сапасы мен визуалды тартымдылықтың қонақүй брендінің тартымдылығына ең жоғары ықпал ететіні анықталды. Екіншіден, әлеуметтік желілердегі пайдаланушылардың пікірлері мен бағалаулары тұтынушылардың брендке деген сенімін қалыптастыруда маңызды рөл атқаратыны дәлелденді. Үшіншіден, аудиториямен тұрақты өзара әрекеттесу брендтің танымалдылығын ғана емес, оның тартымдылығы мен клиенттердің брондау ниетін де күшейтетіні анықталды.

Алынған нәтижелер халықаралық ғылыми зерттеулердің қорытындыларымен сәйкес келеді және әлеуметтік медиа маркетингінің қонақүй индустриясындағы стратегиялық маңызын тағы да растайды. Сонымен бірге зерттеу Қазақстан жағдайында жүргізілгендіктен, оның нәтижелері отандық қонақүй кәсіпорындарының цифрлық маркетингтік стратегияларын жетілдіру үшін практикалық негіз бола алады.

Зерттеудің ғылыми маңыздылығы әлеуметтік медиа маркетингінің негізгі факторларын кешенді түрде қарастырып, олардың қонақүй брендінің тартымдылығына ықпалын бір зерттеу аясында бағалауымен сипатталады. Бұған қоса, зерттеу нәтижелері бренд тартымдылығының қалыптасуында визуалды контент пен электрондық ауызша пікірлердің ерекше рөл атқаратынын көрсетті, бұл цифрлық маркетинг теориясын толықтыра түседі.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы қонақүй кәсіпорындарына әлеуметтік медиа платформаларын тиімді пайдалану бойынша нақты ұсынымдардың әзірленуімен байланысты. Зерттеу нәтижелері қонақүйлерге кәсіби визуалды контентті көбейтуге, пайдаланушылардың пікірлерімен белсенді жұмыс жүргізуге, әлеуметтік желілердегі интерактивтілікті арттыруға және клиенттермен ұзақ мерзімді цифрлық коммуникацияны дамытуға бағытталған маркетингтік стратегияларды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар зерттеудің белгілі бір шектеулері де бар. Біріншіден, зерттеу онлайн сауалнама арқылы жүргізілді, сондықтан нәтижелер респонденттердің субъективті пікірлеріне негізделеді. Екіншіден, зерттеуге 250 респондент қатысқанымен, олар Қазақстандағы барлық туристердің немесе қонақүй клиенттерінің көзқарасын толық сипаттай алмайды. Үшіншіден, зерттеу тек әлеуметтік медиа маркетингінің негізгі факторларымен шектелді және бренд тартымдылығына әсер етуі мүмкін басқа маркетингтік немесе экономикалық факторлар қарастырылған жоқ.

Болашақ зерттеулерде іріктеу көлемін кеңейтіп, Қазақстанның әртүрлі өңірлеріндегі қонақүй клиенттерін қамту, әлеуметтік медиа платформаларының (Instagram, TikTok, Facebook, YouTube және басқалары) әсерін жеке-жеке салыстырмалы түрде зерттеу, сондай-ақ жасанды интеллект негізіндегі цифрлық маркетинг құралдарының қонақүй брендінің тартымдылығына ықпалын бағалау ұсынылады. Сонымен қатар құрылымдық теңдеулерді модельдеу (SEM) немесе көпдеңгейлі статистикалық әдістерді қолдану арқылы әлеуметтік медиа маркетингінің факторлары арасындағы күрделі өзара байланыстарды тереңірек талдау ғылыми тұрғыдан маңызды бағыттардың бірі бола алады.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері әлеуметтік медиа маркетингінің қонақүй брендінің тартымдылығын қалыптастырудағы маңызды стратегиялық құрал екенін көрсетті. Әлеуметтік желілерде жүйелі әрі сапалы маркетингтік қызметті жүзеге асыру қонақүй кәсіпорындарының брендтік позициясын нығайтып, тұтынушылардың сенімін арттыруға, жаңа клиенттерді тартуға және ұзақ мерзімді бәсекелік артықшылыққа қол жеткізуге мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ/REFERENCES

1. Aaker D. A. Managing Brand Equity: Capitalizing on the Value of a Brand Name. – New York : Free Press, 1991. – 299 p.

2. Bilgin Y. The Effect of Social Media Marketing Activities on Brand Awareness, Brand Image and Brand Loyalty // Business & Management Studies. – 2018. – Vol. 6, № 1. – P. 128–148.

3. Dwivedi Y. K., Ismagilova E., Hughes D. L., Carlson J., Filieri R., Jacobson J., Jain V., Karjaluoto H., Kefi H., Krishen A. S., et al. Setting the Future of Digital and Social Media Marketing Research: Perspectives and Research Propositions // International Journal of Information Management. – 2021. – Vol. 59. – Art. 102168.

4. Godey B., Manthiou A., Pederzoli D., Rokka J., Aiello G., Donvito R., Singh R. Social Media Marketing Efforts of Luxury Brands: Influence on Brand Equity and Consumer Behavior // Journal of Business Research. – 2016. – Vol. 69, № 12. – P. 5833–5841.

5. Gouda R. M., Elshaer I. A., et al. The Role of Sustainable Social Media Content in Enhancing Customer Loyalty in the Hospitality Industry // Future Business Journal. – 2025. – Vol. 11. – Article 72.

6. Hafez M. The Impact of Social Media Marketing Activities on Brand Equity: The Mediating Role of Brand Love and Brand Trust // International Journal of Bank Marketing. – 2021. – Vol. 39, № 7. – P. 1353–1376.

7. Han L. The Influence of Social Media Marketing on the Quality of Hotel Services and Tourist Behavioral Intentions // Technological Forecasting and Social Change. – 2025. – Vol. 216. – Art. 124096.

8. Hanaysha J. R. Impact of Social Media Marketing Features on Consumer Purchase Decision in the Fast-Food Industry: Brand Trust as a Mediator // International Journal of Information Management Data Insights. – 2022. – Vol. 2, № 2. – Art. 100102.

9. Hudson S., Roth M. S., Madden T. J., Hudson R. The Effects of Social Media on Emotions, Brand Relationship Quality, and Word of Mouth: An Empirical Study of Music Festival Attendees // Tourism Management. – 2015. – Vol. 47. – P. 68–76.

10. Ibrahim B. Social Media Marketing Activities and Brand Loyalty: A Meta-Analysis Examination // Journal of Promotion Management. – 2022. – Vol. 28, № 1. – P. 60–90.

11. Ismagilova E., Dwivedi Y. K., Slade E., Williams M. Electronic Word of Mouth (eWOM) in the Marketing Context: A State of the Art Analysis and Future Directions. – Cham : Springer, 2017. – 426 p.

12. Kaplan A. M., Haenlein M. Users of the World, Unite! The Challenges and Opportunities of Social Media // Business Horizons. – 2010. – Vol. 53, № 1. – P. 59–68.

13. Keller K. L. Conceptualizing, Measuring, and Managing Customer-Based Brand Equity // Journal of Marketing. – 1993. – Vol. 57, № 1. – P. 1–22.

14. Khaki A. A., Khan T. A. Social Media Marketing and Its Influence on Hotel Performance: The Mediating Role of Customer Relationship Management Capabilities // Journal of Vacation Marketing. – 2025. – Vol. 31, № 1. – P. 70–90.

15. Kietzmann J. H., Hermkens K., McCarthy I. P., Silvestre B. S. Social Media? Get Serious! Understanding the Functional Building Blocks of Social Media // Business Horizons. – 2011. – Vol. 54, № 3. – P. 241–251.

16. Leung X. Y., Bai B., Stahura K. A. The Marketing Effectiveness of Social Media in the Hotel Industry: A Comparison of Facebook and Twitter // Journal of Hospitality & Tourism Research. – 2015. – Vol. 39, № 2. – P. 147–169.

17. Mangold W. G., Faulds D. J. Social Media: The New Hybrid Element of the Promotion Mix // Business Horizons. – 2009. – Vol. 52, № 4. – P. 357–365.

18. Mohammad A. A. A., Al-Msallam S., Alananzeh O., Al-Hawary S. I. S. The Influence of Social Commerce Dynamics on Hotel Booking Intentions: The Mediating Roles of Brand Image and Customer Engagement // Sustainability. – 2024. – Vol. 16, № 14. – Art. 6050.

19. Moro S., Rita P., Vala B. Brand Strategies in Social Media in Hospitality and Tourism // International Journal of Contemporary Hospitality Management. – 2018. – Vol. 30, № 1. – P. 343–364.

20. Xiang Z., Gretzel U. Role of Social Media in Online Travel Information Search // Tourism Management. – 2010. – Vol. 31, № 2. – P. 179–188.

21. Kim A. J., Ko E. Do Social Media Marketing Activities Enhance Customer Equity? An Empirical Study of Luxury Fashion Brand // Journal of Business Research. – 2012. – Vol. 65, № 10. – P. 1480–1486.

22. Schivinski B., Christodoulides G., Dabrowski D. Measuring Consumers' Engagement with Brand-Related Social Media Content // Journal of Advertising Research. – 2016. – Vol. 56, № 1. – P. 64–80

Ж. ИСАХОВА	**А. МАНАП**
«Халықаралық туризм және сервис» кафедрасының аға оқытушысы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті (Қазақстан, Шымкент)	Экономика ғылымдарының кандидаты, Менеджмент мектебінің ассистант профессоры, Алматы Менеджмент Университеті (Қазақстан, Алматы)
E-mail: isakhova77@inbox.ru	E-mail: a.manap@almau.edu.kz
https://orcid.org/0000-0002-8736-8443	https://orcid.org/0009-0009-4492-7477
Д. САБИРОВ	**Ж. СҰЛТАНХАН**
Экономика ғылымдарының магистрі, Алматы Менеджмент Университеті (Қазақстан, Алматы)	Әлеуметтік ғылымдар магистрі, Халықаралық туризм және меймандостық университеті (Қазақстан, Түркістан)
E-mail: d.sabirov@almau.edu.kz	E-mail: zhangeldi.sultankhan@iuth.edu.kz

11.01.2026 ж. баспаға түсті
08.06.2026ж. түзетулермен келді
30.06.2026ж. басып шығаруға қабылданды

J. ISAKHOVA[1], A. MANAP[2] ✉, D. SABIROV[2], Zh. SULTANKHAN[3]

[1]M. Auezov South Kazakhstan University, (Kazakhstan, Shymkent)

[2]Almaty Management University

(Kazakhstan, Almaty), E-mail: a.manap@almau.edu.kz

[3]International University of Tourism and Hospitality, (Kazakhstan, Turkistan)

THE IMPACT OF SOCIAL MEDIA MARKETING ON HOTEL BRAND ATTRACTIVENESS

Abstract. *This study explores how social media marketing contributes to enhancing hotel brand attractiveness. It examines the influence of key social media marketing dimensions, including content quality, visual appeal, information relevance, electronic word-of-mouth (eWOM), and customer engagement, on consumers' perceptions of hotel brands.*

A quantitative research approach was adopted. Data were collected through an online survey of 250 respondents who had previous experience using hotel services. The collected data were

analyzed using IBM SPSS Statistics. The reliability of the measurement scales was confirmed using Cronbach's Alpha, while Pearson correlation and multiple regression analyses were employed to evaluate the relationships between social media marketing factors and hotel brand attractiveness.

The findings indicate that social media marketing plays a significant role in shaping hotel brand attractiveness. Among the examined factors, high-quality content, engaging visual materials, and positive electronic word-of-mouth were found to have the strongest influence on consumers' perceptions of hotel brands. The results also highlight the importance of maintaining active communication with customers through social media to strengthen brand image and increase customer interest.

The findings provide practical insights for hotel managers seeking to improve digital marketing strategies, strengthen brand positioning, and enhance customer engagement through social media platforms.

Keywords: *social media marketing; hotel industry; hotel brand attractiveness; brand image; digital marketing; customer engagement; electronic word-of-mouth (eWOM); content quality.*

Ж. ИСАХОВА[1], А. МАНАП[2]✉, Д. САБИРОВ[2], Ж. СУЛТАНХАН[3]

[1]Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова, (Казахстан, Шымкент)

[2]Алматы Менеджмент Университет

(Казахстан, Алматы), E-mail: a.manap@almau.edu.kz

[3]Международный университет туризма и гостеприимства, (Казахстан, Туркестан)

ВЛИЯНИЕ МЕДИА МАРКЕТИНГА В СОЦИАЛЬНЫХ СЕТЯХ НА ПРИВЛЕКАТЕЛЬНОСТЬ ГОСТИНИЧНОГО БРЕНДА

Аннотация. *В статье рассматривается роль маркетинга в социальных сетях в повышении привлекательности бренда гостиницы. Исследуется влияние ключевых компонентов SMM, включая качество контента, визуальную привлекательность, актуальность публикуемой информации, электронное сарафанное радио (eWOM) и вовлечённость аудитории, на формирование привлекательности гостиничного бренда.*

Исследование выполнено с использованием количественного подхода. Эмпирической базой послужили результаты онлайн-опроса 250 респондентов, имеющих опыт пользования гостиничными услугами. Обработка данных проводилась в программе IBM SPSS Statistics с применением коэффициента надёжности Cronbach's Alpha, корреляционного и множественного регрессионного анализа.

Результаты исследования показали, что маркетинг в социальных сетях оказывает существенное положительное влияние на привлекательность бренда гостиницы. Наиболее значимыми факторами являются качественный контент, визуальное оформление публикаций и положительные отзывы пользователей в интернете. Кроме того, активное взаимодействие с аудиторией способствует укреплению имиджа бренда и повышению интереса потенциальных клиентов.

Полученные результаты могут быть использованы гостиничными предприятиями при разработке и совершенствовании стратегий цифрового маркетинга, направленных на укрепление конкурентных преимуществ и повышение эффективности коммуникации с потребителями.

Ключевые слова: *маркетинг в социальных сетях; гостиничная индустрия; привлекательность бренда; бренд-имидж; цифровой маркетинг; вовлечённость потребителей; электронное сарафанное радио (eWOM); качество контента.*

МҒТАР 06.71.57 https://www.doi.org/10.62867/3007-0848.2026-2.18
ӘОЖ 338.48:394.48:502.131.1

А. ЕСЕНОВА[1], А. РИЗАХОДЖАЕВ[2]✉, Б. АБДИГАЛИЕВА[3], Д. САБИРОВ[4]
[1]М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, (Қазақстан, Шымкент)
[2]Орталық Азия инновациялық университеті
(Қазақстан, Шымкент), E-mail: manamolot@mail.ru
[3]Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті (Қазақстан, Алматы)
[4]Алматы Менеджмент Университеті, (Қазақстан, Алматы)

ФЕСТИВАЛЬДЕРДІҢ АЙМАҚТЫҚ ТУРИЗМНІҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНА ЫҚПАЛЫН ЭМПИРИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ

Аңдатпа. *Мақалада Түркістан облысында өткізілетін фестивальдердің аймақтық туризмнің тұрақты дамуына ықпалы эмпирикалық тұрғыдан зерттеледі. Зерттеу сандық әдіснама негізінде жүргізіліп, фестивальдерге қатысқан 250 турист арасында сауалнама ұйымдастырылды. Жиналған деректер Jamovi 2.6 статистикалық бағдарламасы арқылы өңделіп, конструкциялардың сенімділігі Cronbach's Alpha коэффициенті бойынша бағаланды. Айнымалылар арасындағы байланыс Пирсонның корреляциялық талдауы және қарапайым сызықтық регрессия әдістерімен анықталды. Зерттеу нәтижелері фестиваль тәжірибесі мен аймақтық туризмнің тұрақты дамуы арасында жоғары деңгейдегі оң және статистикалық мәнді байланыс бар екенін көрсетті ($r=0,742$; $p<0,001$). Регрессиялық талдау фестиваль тәжірибесі аймақтық туризмнің тұрақты дамуына қатысты өзгерістің 55,1%-ын түсіндіретінін анықтады ($R^2=0,551$). Зерттеу нәтижелері фестивальдердің өңірдің туристік тартымдылығын арттыруға, туристік имиджін нығайтуға, ұлттық мәдени мұраны насихаттауға және туристердің қайта келу ниетін қалыптастыруға елеулі үлес қосатынын дәлелдейді. Алынған қорытындылар өңірлік туризмді дамыту саясатын жетілдіруде және фестивальдерді тиімді ұйымдастыру бойынша басқарушылық шешімдер қабылдауда практикалық маңызға ие.*

Кілт сөздер: *фестивальдік туризм, оқиғалық туризм, тұрақты туризм, аймақтық туризм, Түркістан облысы, фестиваль тәжірибесі, туристік тартымдылық, туристік имидж, эмпирикалық зерттеу.*

Кіріспе

Соңғы жылдары әлемде туризмнің дәстүрлі түрлерімен қатар оқиғалық туризмнің (event

*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз: Есенова А., Ризаходжаев А., Абдигалиева Б., Сабиров Д. Фестивальдердің аймақтық туризмнің тұрақты дамуына ықпалын эмпирикалық зерттеу // Bulletin of the International University of Tourism and Hospitality. – 2026. – No. 2(12). – Б. 300–313. https://www.doi.org/10.62867/3007-0848.2026-2.18

*Cite us correctly: Yessenova A., Rizakhodzhayev A., Abdigaliyeva B., Sabirov D. Festivalderdin aimaqtyq turizmnin turaqty damuyna yqpalyin empirikalyq zertteu [An Empirical Study of the Impact of Festivals on the Sustainable Development of Regional Tourism] // Bulletin of the International University of Tourism and Hospitality. – 2026. – No. 2(12). – P. 300–313. https://www.doi.org/10.62867/3007-0848.2026-2.18

